Turgumbaev Maulen Erlanovich – Al-Farabi Kazakh National University, PhD.

Данияров Санжар Дауренович – Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, докторант 2 курса.

Токтыбаев Асет Абирбекович – Казахский Национальный Аграрный университет, кандидат юридических наук, ассоциированный профессор.

Тургумбаев Маулен Ерланович – Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, доктор PhD.

Данияров Санжар Дәуренұлы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2 курс докторанты.

Тоқтыбаев Әсет Әбірбекұлы – Қазақ Ұлттық аграрлық университеті, заң ғылымдарының кандидаты, доцент.

Тұрғымбаев Мәулен Ерланұлы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, PhD докторы.

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ

ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО

CIVIL LAW

А. Амангельды^{1,2}

¹Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы,

²Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы,
Алматы, Қазақстан Республикасы

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ ЖЕКЕ МҮЛІКТІК ЕМЕС ҚҰҚЫҚТАР

Мақалада зияткерлік меншік құқығы саласындағы мүліктік емес жеке қатынастардың мәні Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша ашылған. Осыған байланысты, осындай институттардағы мүліктік емес жеке құқықтар, авторлық құқық сияқты зияткерлік меншік құқығы, сабақтас құқықтар, патенттік құқық, селекциялық жетістіктерді қорғау, интегралдық микросхема топологиясы және ноу-хау туралы ҚР заңнамасы талданды. Жеке мүліктік емес құқықтардың болуы немесе болмауы зияткерлік меншік құқығы объектісінің түріне байланысты. Мысалы, азаматтық айналымға қатысушыларды дараландыру құралдарына, тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге, сондай-ақ сабақтас құқықтардың кейбір объектілеріне (атап айтқанда: фонограммалар, эфирлік кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарлары) жеке мүліктік емес құқықтар жоқ.). Осыған байланысты зияткерлік меншік құқығының барлық объектілерінде шығармашылық сияқты ерекшелік болмайды деген қорытынды жасалады. Мақалада сондай-ақ бейнелеу өнері объектілеріне тән ұстану құқығы және қол жеткізу құқығы сияқты нақты құқықтар атап өтіледі, сондықтан бұл құқықтардың сипаты талданады, өйткені олар авторлық құқық объектілеріне айрықша (мүліктік) немесе жеке мүліктік емес құқықтар ретінде жіктелмейді.

Түйінді сөздер: авторлық құқық, атқа құқығы, шығарманың мызғымастық құқығы, жариялау құқығы, кері шақыру құқығы, қайта өндеуге құқық, автор (өнертапқыш, селекционер).

Личные неимущественные права в праве интеллектуальной собственности

В статье раскрыта сущность личного неимущественного права в сфере права интеллектуальной собственности по законодательству Республики Казахстан. В связи с этим проанализированы личные неимущественные права в таких институтах права интеллектуальной собственности, как авторское право, смежные права, патентное право, законодательство РК об охране селекционных достижений, топологий интегральных микросхем и ноу-хау. Наличие или отсутствие личных неимущественных прав зависит от вида объекта права интеллектуальной собственности. Например, на средства индивидуализации участников гражданского оборота, товаров работ и услуг, а также на некоторые объекты смежных прав (а именно: фонограммы, передачи организаций эфирного кабельного вещания) отсутствуют личные неимущественные права. В связи с этим делается вывод, что не все объекты права интеллектуальной собственности обладают таким признаком как творчество. В статье также освещаются такие специфические права как: право следования и право доступа, присущие для объектов изобразительного искусства, поэтому анализируется природа этих прав, так как они не отнесены ни к исключительным (имущественным), ни к личным неимущественным правам на объекты авторского права.

Ключевые слова: право авторства, право на имя, право на неприкосновенность произведения, право на обнародование, право на отзыв, право на переработку, автор (изобретатель, селекционер).

Individual non-property rights in intellectual property rights

The article reveals the essence of personal non-property rights in the field of intellectual property rights under the legislation of the Republic of Kazakhstan. In this regard, personal non-property rights in such institutions of intellectual property law as copyright, related rights, patent law, the legislation of the Re-

public of Kazakhstan on the protection of selection achievements, topologies of integrated circuits and know-how are analyzed. The presence or absence of personal non-property rights depends on the type of object of intellectual property rights. For example, there are no personal non-property rights for the means of individualization of participants in civil circulation, goods, works and services, as well as for some objects of related rights (namely: phonograms, broadcasts of on-air cable broadcasting organizations). In this regard, it is concluded that not all objects of intellectual property rights have such a feature as creativity. The article also highlights such specific rights as: the right to follow and the right of access inherent in objects of fine art, therefore, the nature of these rights is analyzed, since they are not attributed to either exclusive (property) or personal non-property rights to objects of copyright.

Keywords: the right of authorship, the right to name, the right to inviolability of the work, the right to publication, the right to recall, the right to processing, the author (inventor, breeder).

Аталған зерттеу интеллектуалдық шығармашылық қызмет саласындағы жеке мүліктік емес құқықтарға арналды. Интеллектуалдық меншік құқығын объективті және субъективті мағыналарда қарастыруға болады. Субъективті мағынада интеллектуалдық меншік құқығы субъектінің ерекше (мүліктік) және жеке мүліктік емес құқықтардан тұрады.

Жеке мүліктік емес құқықтар тұлғаның субъективті құқығы болып табылады, аталған құқықтар иесіздендірілмейді, тапсырылмайды, берілмейді, азаматтық-құқықтық келісімдердің заты бола алмайды, басқаша айтқанда айналым мүмкіндігі жоқ. Барлық материалды емес игіліктер өзінің нақты көрсетілген жеке сипатына сәйкес иеліктен айрылмайды. Жеке мүліктік емес құқықтар объектілерінің иеліктен айыппауы – ол қандай-бір әрекеттер көмегімен (құқықты и құқықты емес) оларды бөтен ету, өзінен қашықтату мүмкіндіктің болмауы [1, 230 б.].

Жеке мүліктік емес құқықтар тұлғамен оның өліміне дейін байланысты болып қалады, алайда оның өлімінен кейін оларды жоқ болып қалады деп айтуға болмайды, олар заңды фактіге өзгереді. Аталған мақаланың мәнмәтінінде жеке мүліктік емес құқықтары арасында атқа құқық, авторлыққа құқық, шығарманың мызғымастық құқығы, жариялау құқығы, кері шақыру құқығы қызығушылық танытады.

РФ азаматтық заңнамасы бойынша «материалдық емес игіліктер» түсініктемесіне игіліктердің өзі, сонымен қатар жеке мүліктік емес құқықтар да біріктірілген [2, 413 б.]. Қазақстан Республикасында (одан әрі - ҚР) жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтар азаматтық құқықтардың объектілер болып табылады.

ҚР Азаматтық кодексінің 963 бабына сәйкес интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижелерінің авторлары осы нәтижелерге қатысты жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтарға ие болады. Жеке мүліктік емес құқықтар, оның мүліктік құқығына қарамастан, авторға тиесілі болады және оның мүліктік құқығы басқа тұлғаның интеллектуалдық шығармашылық қызметінің нәтижелеріне ауысқан жағдайда өзінде сақталып қалады.

РФ азаматтық заңнамасында басқа көзқарас орын аған. Онда интеллектуалдық құқықтар болып құқықтардың үш түрі түсініктеме алады: 1) ерекше, 2) жеке мүліктік емес және 3) басқа құқықтар. Соңғылары болып өтінім беру құқығы, қорғау құжатын алу құқығы, қатынау құқығы, қадағалау құқығы болып түсіндіріледі, оларды мүліктік немесе жеке мүліктік еместерге жатқызуға қиын, сондықтан «басқа құқықтар» деген сөзтіркесі қолданылған. Ал ҚР-сында интеллектуалдық меншік құқығы жеке мүліктік емес және ерекше (мүліктік) құқықтардан тұрады.

Автор – ол кімнің шығармашылық еңбегімен интеллектуалдық меншік объектісі құрылған, интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижесін құрушы, және авторлар ғана жеке мүліктік емес құқықтарға ие. Егер нәтиже екі немесе одан да көп адамның бірлескен авторлығымен жасалса, олар тең авторлар болып танылады. Тұтастай алғанда туындының тең авторлары болып танылатын адамдар тобы интеллектуалдық меншіктің жекелеген объектілеріне қатысты заң актілерімен шектелуі мүмкін (ҚР АҚ 963 б. 3 т.).

Жеке мүліктік емес құқықтар тұлғамен өте кең байланысты, аталған құқықтарда, біздің пікірімізше жеке тұлғаның дербестігі жүзеге асырылады, ол субъективті азаматтық құқық. Және өз сипаттамасы бойынша жеке мүліктік емес құқықтар абсолютті құқықтар болып

табылады, ол тұлғаның өзінің жеке мүліктік емес құқықтарға толық монополиясы мен үстемділігін білдіреді. Жеке мүліктік емес құқықтардың абсолюттігі «уәкілетті тұлғаға жеке мүліктік емес құқықтарды бұзудан тартынудан міндетті белгілі емес тұлғалар шеңбері» [3, 887 б.].

Егер ерекше абсолютті мүліктік құқық және жеке мүліктік емес құқықты салыстыратын болсақ, онда ең абсолютті құқық – ол жеке мүліктік емес құқық, барлық мүліктік құқықтардан абсолютті: затты және ерекше құқықтардан. Мүліктік құқықтардан ерекше, жеке мүліктік емес құқықтардың заңды қорғауы мерзімсіз, және ол интеллектуалдық меншік объектілеріне мүліктік құқықтардың мерзімінің өтуі кезінде көрінеді, тұлғалар жеке мүліктік емес құқықтарды бұзуға құқылары жоқ, ол қылмыстық құқық нормаларымен жазаланады. ҚР Қылмыстық кодексінің 198 бабы 1 тармағына сәйкес авторлық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерін заңсыз пайдалану, сол сияқты авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің контрафактілік даналарын өткізу мақсатында иемдену, сақтау, алып өту немесе дайындау не авторлықты иемденіп алу немесе тең авторлыққа мәжбүрлеу - сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады [4].

Жеке мүліктік емес құқықтың мазмұнына не? Біздің пікірімізше, интеллектуалдық меншік құқығы саласында жеке мүліктік емес құқығының мазмұны интеллектуалдық меншік құқығының субъекті мен объектісіне байланысты. Әрине, жеке мүліктік емес құқықтың субъектісі болып, шығармашылық еңбегімен интеллектуалдық меншік объектісі жасалған жеке тұлға болады, алайда интеллектуалдық меншік объектілерінің барлығына емес жеке мүліктік емес құқықтар пайда болады. Олар болып монограмма, эфирдік кабельді теледидар хабар тарату, барлық басқа жекелеу құралдары.

Авторлық құқық саласында кейбір жеке мүліктік емес құқықтарды қарастырайық.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 977-бабының 1-тармағының 1-тармақшасына, сондай-ақ «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес автор туындының авторы деп тануға және оны пайдаланған кезде, сол туындыға (авторлық құқық) басқа тұлғалардың авторлығын тануды қоспағанда, осындай тануды талап етуге құқығы бар [5]. Авторлық құқығы автордың сәйкес интеллектуалдық қызмет нәтижесінің авторы екенін тануды талап ету мүмкіндігін білдіреді [3, 705 б.].

Авторлық құқығы классикалық мағынада келесі белгілермен сипатталады:

1. Ол автордың тұлғасынан бөлінбейді: шығарманың жазышысына ғана тиесілі, иеліктен шығарылмайды, бас тартуға болмайды;
2. Ол абсолютті құқық болып табылады, өйткені оған аталған уәкілетті бұзудан бас тартуға барлығына міндетін корреспонденцияланады;
3. Ол бүкіл өмір бойы әрекет етеді және автордың өлімінен кейін тоқтатылады. Кейін ол заңды факт ретінде болады, және онымен барлығы келісу керек. Автордың өлімінен кейін авторлық танылады және заңмен қорғалады, бірақ субъективті құқық ретінде емес (өйткені субъекті жоқ), ал тану мен қорғауды қажет ететін қоғамдық мүдде ретінде.
4. Авторлық құқықтың басқа құқық авторларына айқын мәні бар, өйткені басқа құқықтар одан туынды [6, 175 б.].

А.П. Сергеевпен берілген жоғары аталған сипаттамаға бірнәрсе қосу қиын.

Қазіргі кезде, ағылшын құқығы нормаларын қолдану тәжірибесі көп таралуын алды. В. Калятин, Англия құқығы бойынша авторлықты зерттеуді келтіре отырып, ағылшын авторлық құқығының концептуалды ерекшеліктері авторлыққа үміт ететін тұлғалар шеңберін ұлғайтуға және маңыздысы «шығармашылықтан» «процестің ұйымдастыруына» әкеледі [7, б. 21]. АҚШ авторлық құқығында автор ерекше фигура болып табылады. Шығарманың қолдануын бақылау нақты тұлғаны қорғауға сүйену керек. Сонымен қатар, аталған құқықтар ғылым мен өнерді дамытуды көтермелеу үшін ұсынылады, басқаша айтқанда қандай-бір бизнес саласында күш қолдану жеткіліксіз, оларды аталған мақсаттарға жолдау қажет, ол ағылшын құқығынан авторлыққа үміт ететіндердің шеңберін кішірейтеді [7, 24 б.]. Егер басында шығарма автормен оның құрамына басқа тұлғаларды қосу

мақсатымен жасалған болса, ал кейін аталған шығармаға басқа авторлармен қосымшалар енгізілсе, немесе ол қайта өндірілген болса, ондай жағдайда аталған тұлғалар тең авторлар болмайды, оларға өздерінің жасалған бөліктеріне құқығы сақталады. Сонымен, бұрын жасалған бағдармалық модульге жаңа өнім қосу аталған шығарманы жасаған тұлғаларда тең авторлыққа әкелмеді [7, 24 б.].

Шарт бойынша шығарма жасаған тұлға, барлық жағдайда жалданған тұлғалардың санатына кірмейді. Бірақ ескі жұмыстарға 1909 жылғы Авторлық құқық туралы заңын қолдануға болады, ол бойынша шығарманы тапсырушыға жасаған көптеген тұлға шығарманы жалдау арқылы жасаған тұлғаларға теңестіріледі. Сәйкесінше, егер қолданудың цифрлық тәсілі туралы сөз болса, шығарманың қай кезде жасалғаны тексеру қажет, одан автор мен тапсырушының статустарының айырмашылығы болады. Заңды мұрагер болып шарт бойынша толық немесе бөлшекті құқыққа ие болған тұлға бола алады, мысалы авторлық құқықтың құрамына кіретін бөлек ерекше құқық. Құқық иеленуші шығарманың толық авторлық құқығының иесі сияқты, аталған құқық шеңберінде сондай қорғау мен өтеу тәсілдеріне ие [7, 26 б.].

Осыдан, ағылшын құқығында тең авторлық Қазақстанға қарағанда басқаша анықталады, авторлық құқық та көптеген ақиқат әрекеттерге байланысты.

Келесі жеке мүліктік емес авторлық құқық туындыны өз атынан, бүркеншік атпен немесе жасырын атпен пайдалану құқығы (авторлық атқа құқық) болып табылады.

Азаматтық-құқықтық сала жалғыз ғана қайда азаматтық айналымда лақап атпен немесе жасырындық атты қолдануға мүмкіндік берілген. Шығарманың дербестігі өз туындысына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге және оның атауын қоса алғанда, туынды жарық көргенде, көпшілік алдында орындалғанда немесе өзге түрде пайдаланылғанда автордың келісімінсіз кімнің болса да өзгерістер мен толықтырулар енгізуінен туындыны қорғау құқығы (туындыға қол сұқпаушылық құқығы). Автордың келісімінсіз оның туындысын шығарғанда безендірулер, алғысөздер, соңғысөздер, түсініктемелер немесе қандай да болсын түсіндірмелер беруге тыйым салынады.

Автор қайтыс болғаннан кейін туындыға қол сұғылмаушылықты қорғауды өсиетте көрсетілген адам, ал ондай нұсқаулар болмаған жағдайда – автордың мұрагерлері, сондай-ақ мұрагерлері заңнамалық актілерге Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 977-бабының 1-тармағының 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Заңының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 15-бабының 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес авторлық құқықты қорғау жүктеледі.

А.Н. Жданова мен О.Г. Ершованың пікірінше, қазіргі уақытта заң шығарушы шығарманың оның тұтастығын бұзатын өзгерістерді арнайы таратты (қысқартулар мен қосымшалар, туындыны қолданғанда безендірулер, алғысөздер, соңғысөздер, түсініктемелер немесе қандай да болсын түсіндірмелер) енгізу, автордың азамат ретінде жеке мүліктік емес құқықтарды бұзатын туындыны өзгерту. Аталған баптың нормаларында екі құқықбұзушылық бар, олар жалпы және арнайы құрамы бар құқықбұзушылықтар ретінде сәйкеседі, соңғысы болған кезде автордың жеке мүліктік емес құқықтарды қорғаудың қосымша тәсілдерін көздейді (бұдан әрі қолдануға тыйым салу, залалды өтеу және басқалары) [8, 30-36 б.].

Процессуалдық көзқараста қиындықты мүлде басқа аспекті тудырады. Өзінің құқықтық табиғаты бойынша туылған қарым қатынастар міндеттемелер болып табылады. Іс мән жайларын дәлелдеу міндеті жақтар арасында бас деликтілік қағидаға сәйкес бөліну қажет, ол жағдайда талап қоюшы ауқымы мен залал мөлшері фактісін, ал жауап беруші – кінәлі емес екені туралы фактілерін дәлелдеу қажет деп болжауға логикалы болушы еді. Жоғарыда айтылғанның негізінде, шығарманың түпнұсқасына өзгерістер енгізу барысында автордың қандай құқығы бұзулғанын анықтау үшін, оның негізінде жаңа шығарма жасалды ма дегенді анықтау қажет [8, б б.]. Шығарманың мызғымастық құқығы мен қайта өңдеуге құқықтың ара қатынасын зерттеу аспектісінде шығарманың тұтастығы мен автордың абыройы мен ар намысын қорғау арасында айырмашылығы бар екенін есепке алу керек. Шығарманың мызғымастық құқығы мазмұны бойынша автордың абырой мен ар намысын қорғау құқығын енгізе алмайды. Сол уақытта шығарманың мызғымастық және қайта өңдеу құқығын ажырату

барысында талас пайда болған жағдайда қайта өңдеу нәтижесінде жаңа туынды жасалды ма екенін анықтау қажет [8, б б.].

С.А. Судариков, туынды шығарма қорғалады, егер ол қайта өндірушінің шығармашылық еңбегінің нәтижесі болса деп белгілейді. Туынды шығармаға авторлық құқық қайта өңделген шығарманы тек заңды қолдану жағдайында пайда болады. Туынды шығармаға авторлық құқық қайта өңделген шығарманың қорғалатыны немесе қорғалмайтынына тәуелсіз болады. Автор басқа тұлғаларға сол қайта өңделген шығармаларды қайта өңдеуге кедергі жасамау керек [9, 92 б.].

ҚР АҚтз 2 бабы 33) тармақшасына сәйкес, туындыны өңдеу – түпнұсқа туындыны бір жанрдан екінші жанрға өзгерту. Бұл ретте түпнұсқа туындыны сахналау, қою және аранжировка жасау туындыны өңдеу түрлері болып табылады [5].

Бұл жағдайда туынды шығарманың авторында белгілі ерекшелігі бар: жеке мүліктік емес құқық пайда болады, мысалы, шығарманың түпнұсқасының аударымын жасаған аудармашы, одан тәуелді, ал аударымның өзі – ол авторлық құқықтың бөлек объектісі.

Сонымен, абырой мен ар намысын қорғау сияқты жеке мүліктік емес құқығы, шығарманың мызғымастығы, бірақ сол кезде, автор или құқық иеленуші, шығарманы қолдануға ерекше құқыққа ие бола отырып, өз қарауы бойынша өз шығармасын басқа тұлғаға қайта өңдеуге немесе аударымға беру мүмкін, оның нәтижесіне аударым мен қайта өңдеудің авторы өзінің жеке мүліктік емес құқықтарына ие болады.

Келесі жеке мүліктік емес құқық белгісіз бір топ тұлғаларына шығармаға қол жеткізуіне жол ашу құқығы, халыққа жария ету құқығы. Ерекшелік болып жұмыс берушінің қызметтік тапсырысын немесе қызметтік міндеттерді орындау тәртібінде жасалған шығармалар. Бұған қоса, автор шығарманы халыққа жариялау туралы шешімінен ондай шешіммен келтірілетін залады өтеу шартында бас тарту құқығы бар. Егер шығарма халыққа жарияланған болса, автор оның қайта шақырту туралы жария етіп хабарлау міндетті. Сонымен қатар, автор өз есебі арқылы айналымнан алуға құқылы. Аталған ережелер ҚР АҚ 977 бабы 2 тармағы мен ҚР АҚтз 15 бабы 2 тармағына сәйкес қызметтік шығармаларға қолданылмайды.

ҚР АҚ 977 бабы 3 тармағына сәйкес автордың біреумен келісімі немесе автордың жеке мүліктік емес құқықтарын жүзеге асырудан бас тартуы туралы арызы маңызсыз болады. Біздің пікірімізше, бұл мүмкін емес, өйткені жеке мүліктік емес құқықтар – бұл жеке тұлғаның құқықтық қабілеттіктің бөлігі және құқықтық қабілеттіктен ешкім шектеле алмайды.

Сонымен, ғылым, әдебиет және өнер шығармаларының авторы жеке мүліктік емес құқықтардың бес нысанына ие: 1) авторлықтың құқығы, 2) атқа құқық, 3) ар намысын қорғауға құқық, 4) жариялау құқығы, 5) қайта шықыртуға құқығы. Қызметтік шығармаларды жасау жағдайлары кірмейді, өйткені соңғы жеке мүліктік емес құқықтың екеуі жұмысшы-авторға тиесілі емес, сондықтан жұмыс беруші қызметтік шығармаларды жариялау немесе жарияламау шешімін қыбалдайды, сәйкесінше оларды кері шақырту немесе шақыртпауды.

Авторлардың жеке мүліктік емес құқықтардың өзгешелігі ерекшеліктердің кейбіреуінде көрінеді.

Туынды шығарманың авторының жеке мүліктік емес құқықтарының өзгешелігін белгілеу қажет, олар қоторые представляют собой жинақтар, анықтамалар, энциклопедилар және басқалар.

ҚР АҚтз 2 бөлігі 22 тармақшасына сәйкес құрамдас туынды - материалдарды іріктеп алу және (немесе) орналастыру бойынша шығармашылық қызметтің нәтижесін білдіретін туындылар мен басқа да материалдардың жинағы (энциклопедия, антология, деректер базасы).

Ондай шығармаларда интеллектуалдық меншік құқығы материалдарды іріктеу мен орналастыруда көрініс табады [9, 89 б.]. Алайда ондай іріктеу шығармашылық құрамында болу керек.

Сонымен қатар, мысалы заңды, нормативтік құқықтық актілерді, мемлекеттің рәміздерін дайындаған жеке тұлғалардың жеке мүліктік емес құқықтардың ерекшелігі бар,

өйткені олар авторлық құқықтардың объектілері болып табылмайды, сәйкесінше оларға жеке мүліктік емес құқықтар пайда болмайды.

ҚР интеллектуалдық меншік туралы заңнамасындағы маңызды айырмашылық болып, ҚР АҚТЗ сәйкес деректер қоры құрамдас шығармаларға жататыны, басқаша айтқанда авторлық құқықтың объектісі болады, ал РФ АК деректер қоры сабақтас құқықтарға жатады, және деректер қорына жариялаушыда жеке мүліктік емес құқықтар бар.

Күрделі шығармаларға жеке мүліктік емес құқықтар туралы айтсақ, мысалы аудиовизуалдық шығармалар, тең авторлықтың мәселесі әрдайым өзекті. Ондай шығармалар бірнеше жеке тұлғалардың шығармашылық еңбегімен және күшпен жасалады. Мында бөлінетін немесе бөлінбейтін тең авторлық болу мүмкін.

Бөлінбейтін бірлескен шығарма – ол бөлінбейтін бүтін шығарма болып табылады. Бөлінетін бірлескен шығарма – ол бірнеше бөліктердің қалыптастығынан тұратын өздерінің мәні бар шығарма [9, б. 89].

Кейбір пікірлер құқық иесі продюсер болу керектігіне келеді [10, б. 169].

Өнер шығармаларына (сурет, мүсін) жеке мүліктік емес құқықтардың ерекшелігін атап өту қажет, олар нақты не жеке мүліктік емес, не ерекше мүліктік авторлық құқыққа жатқызылмаған – қол жеткізу құқығы мен қадағалау құқығы.

ҚР АҚТЗ көрсетілген құқықтарды бұндай шығармалардың авторларына қосымша қорғауды жасау арқылы ерекше бекітеді.

ҚР АҚТЗ 17 бабы 1 тармағына сәйкес бейнелеу өнері шығармасының авторы туындының меншік иесінен өз туындысының көшірмесін жасау құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік беруін талап етуге құқылы (қол жеткізу құқығы). Бұл орайда туындыны меншік иесінен туындыны авторға жеткізіп беруді талап етуге болмайды [5].

ҚР АҚТЗ 17 бабы 2 тармағына сәйкес бейнелеу өнері туындысының түпнұсқасын жария түрде (аукцион, бейнелеу өнерінің галереясы, көркемдік салоны, дүкен және сол сияқтылар арқылы) қайталап сатқан әрбір жағдайда мұндай бейнелеу өнері туындысын меншіктену құқығынан бірінші рет айырылғаннан кейін автордың немесе оның мұрагерлерінің сатушыдан қайталап сату бағасының бес проценті мөлшерінде сыйақы алуға құқығы бар (қадағалау құқығы). Авторды тірі кезінде аталған құқықтан айыруға болмайды және ол заң бойынша немесе қалдырған өсиеті бойынша авторлық құқық мерзімінде тек қана автордың мұрагерлеріне көшеді [5].

С.А. Судариковтың пікірінше, қадағалау құқығында жеке мүліктік емес құқықтың элементтері, сонымен қатар ерекше құқықтың элементтері бар. Бір жағынан, қадағалау құқығы иеліктен шығарылмайды, ол жеке мүліктік емес құқыққа сай, және иеліктен шығару заңнамаға автордың өз құқығынан міндетті бас тартуға жол бермеу үшін енгізілді. Басқа жақтан, жүру құқығының әрекет ету мерзімі, ерекше құқығының әрекет ету мерзіміне сәйкес [9, 130 б.]. Ал қол жеткізу құқығы С.А. Судариков жазғандай, ол өнертапқыш өнер шығармасының авторының оның иесінен өзінің шығармасын көрсету мүмкіндігінің құқығы, мысалы, фото- және видеожазу [9, 130 б.].

Біздің көзқарасымыз бойынша, рұқсат құқығы жеке мүліктік емеске тартылады, ал қадағалау құқығында меншік құқығының белгілері көп.

Сонымен, біз ғылым, әдебиет және өнер шығармаларының авторларының жеке мүліктік емес құқықтарының ерекшелігін қарастырдық.

Маңызды түрде жеке сабақтас мүліктік емес құқықтар келтірілген. Тек орындаушыда ғана (әнші, биші, музыкант, пианист, балеринада және басқаларында) жеке мүліктік емес құқықтар бар, ал атқа құқық және беделін қорғау құқығы орындаушыда.

Жеке мүліктік емес құқықтардың басқаларына сай орындаушының аталған құқықтары мерзімсіз қорғалады, иесінен алынбайды және басқаларға берілмейді.

Оған қоса, ҚР АК 986 бабы 5 тармағына сәйкес фонограмма шығарушы және (немесе) орындаушы өз құқықтары туралы жариялау үшін орындау жазбасының, фонограмманың әрбір данасында және (немесе) ол сақталатын әрбір қорапта орналасатын және үш элементтен:

- 1) қоршауға алынған латынша «Р» әрпінен;
- 2) айрықша сабақтас құқықтар иесінің есімінен (атауынан);

3) орындау жазбасының, фонограмманың бірінші жарияланған жылынан тұратын сабақтас құқықтарды қорғау белгісін пайдалануға құқылы [11].

РФ АК ұқсас норма бар. Ресей ғалымдарының түсініктемесі бойынша аталған құқықтардың режимі авторлар мен орындаушылардың жеке мүліктік емес құқықтардың режимінен айырмашылығы бар. Аталған құқықтар мерзімсіз қорғалынбайды, азаматтың өмірі бойынша немесе фонограмманы жасаған заңды тұлғаның аяқталуына дейін. Сонымен, мұрагерлер емес, не заңды тұлғаның құқықтық мұрагері (реорганизация жағдайында) мұра берушінің жеке мүліктік емес құқықтарды қорғауға мүмкіндік алмайды. Ол фонограмма шығармашылық бастаманан айырылды және оған құқықтарды ұсыну ақша салудың қорғауымен байланысты, ол фонограммаға жеке құқықтарға ізін қалдырады [3, 706 б.].

Сонымен, сабақтас құқықтар саласында жеке мүліктік емес құқықтар орындаушыда ұсынылған.

Патенттік құқық саласында өнертапқыштарда жеке мүліктік емес құқықтар пайда болады. ҚР АК 994 бабына сәйкес:

«1. Өнертабыстың, пайдалы модельдің, өнеркәсіптік үлгінің авторына авторлық құқық тиесілі болады.

2. Авторлық құқық және өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге басқа да жеке құқықтар қорғау құжатына негізделген құқықтардың туындаған кезінен бастап пайда болады.

3. Өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі авторына заң актілері арнайы құқықтарды, әлеуметтік сипаттағы жеңілдіктер мен артықшылықтарды бекітіп бере алады.

4. Өтінімде автор ретінде көрсетілген тұлға өзгеше дәлелденгенше автор болып есептеледі. Дәлелдемелер ретінде құқық пайда болғанға дейін орын алған фактілер мен мән-жайлар ғана тартылуы мүмкін» [11].

Патенттік құқықтың объектілері тең авторлық арқылы жасалына алады. Ондай өзара қатынасы олардың арасындағы келісіммен белгіленеді. ҚР АК 995 бабы 2 тармағына сәйкес өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні жасауға шығармашылық емес жәрдем (техникалық, ұйымдастырушылық немесе өзге де көмек, құқықтарды ресімдеуге жәрдемдесу және т.б.) тең авторлыққа әкеп соқпайды. Тең авторлық бөлінетін бола алады. Мысалы, шығарманың формуласы негізгі және тәуелді тармақтардан тұрады, басқаша айтқанда бір күрделі шығармада бірнеше туынды, сол уақытта негізгіден тәуелді шығармалар бар. Сонымен қатар, тең авторлық бөлінбейтін де бола алады. Оған қоса, өндірістік үлгіге тең авторлық бөлінбейтін. Біздің пікірімізше, патенттік құқық объектісінің авторында авторлыққа құқық, атқа құқық сияқты жеке мүліктік емес құқықтар бар, ал жария етуге құқығы жоқ. Біздің көзқарас авторлық құқықтан айырмашылық, егер автор патентті алуға өтінімді бергенге дейін өзінің шығармасын, пайдалы модельді немесе өндірістік үлгіні жарияласа, жаңа болу шартымен мәселе туындайды. ҚР Патенттік заңының 6 бабы 4 тармағына сәкес Париж конвенциясына қатысушы мемлекет аумағында ұйымдастырылған [12], ресми немесе ресми деп танылған халықаралық көрмеде өнертабыстың экспонат ретінде көрсетілуін қоса алғанда, өнертабысқа қатысты ақпаратты арыз берушінің (автордың) немесе одан бұл ақпаратты тікелей немесе жанама түрде алған кез келген адамның көпшілікке жария етуі, өнертабысқа өтінім ол ашылған немесе көрмеге қойылған күннен бастап алты айдан кешіктірмей берілген болса өнертабыстың патентке қабілеттілігіне әсер ететін мән-жай деп танылмайды. Бұл орайда осы фактіні дәлелдеу міндеті арыз берушіге жүктеледі [13]. Кейбір елдерде өнеркәсіптік үлгі авторлық құқық объектісі болып табылады [14].

Өнертапқышта, біздің пікірімізше, патенттік құқық объектісінің мызғымастық сияқты жеке мүліктік емес жоқ, бірақ бұрмалаудан, мазмұнына құқығы бар, егер беделін қорғау құқығы жоқ. Әрбір тұлған патенттелген өнер табысты оқып, оның базасында басқа өнер табыс жасау немесе жасаудың белгілі тәсілі, мысалы микроорганизмнің штаммы бойынша оны жаңа пайдалынысқа қолдануға мүмкін.

Еске түсірейік, ҚР Патент заңының 6 бабының 2 тармағына сәйкес өнімге (құрылғыға, затқа, микроорганизмнің штаммына, өсімдіктер немесе хайуанаттар клеткаларының көбеюіне), әдіске (материалдық объектімен іс-әрекетті материалдық құралдардың көмегімен жүзеге асыру процесіне), сондай-ақ белгілі өнімді немесе әдісті жаңа мақсатта немесе жаңа

өнімді белгілі бір мақсатта қолдануға жататын кез келген саладағы техникалық шешімдер өнертабыс ретінде қорғалады [13].

Авторда өндірістік үлгіге тек үш жеке мүліктік емес құқық айда болады, нақтылағанда: атқа құқық, авторлыққа құқық, мызғымастыққа құқық. Өндірістік үлгінің пайдалы модель мен өнер табыстан айырмашылығы ол заттың сыртқы келбеті (дизайны), бұйымның көркемдік-құрастырылымдық шешімі, сондықтан аталған патент құқығының объектісі авторлық құқық объектілеріне тартылады. Алайда, өндірістік үлгі ҚРда патенттік құқық объектілеріне жатқазалады, сәйкесінше, өндірістік үлгінің авторында патентті алуға өтінімді бергенше жариялауға құқығы жоқ. Оған себеп, жаңа болу мәселесі, өнер табысына және пайдалы модельге сәйкес, қорғаудың өзі де қорғау құжатын алудан бастап пайда болады.

Тағы бір ерекшелік, мысалы, өндірістік меншік құқығында, патентті, куәлікті алуға өтінімді беру, қорғау құжатын алуға құқығын (басқаша айтқанда өтінім берілді, бірақ тауарлық белгіге патент немесе куәлік алынған жоқ) басқа бәреуге беру болады, басқаша айтқанда олардың айналымы мүмкін.

Аталған мағынада селекционердің малдардың тұқымы мен өсімдіктің сортына қатысты жеке мүліктік емес құқықтар ұқсас, өйткені оның келесі жеке мүліктік емес құқықтары болады: авторлыққа құқық, атқа құқық, алайда селекционердің жетістікті жариялауға құқығы жоқ, өйткені оны жариялау өтінімді берген кезде өткізілетін сараптамада жаңа болудың белгісіне әсер етеді. Алайда, тең авторлық мүмкін және ол бөлінбейтін болады.

Сонымен қатар, селекционердің нәтиженің атын қою құқығын көрсету қажет, аталған құқық жеке мүліктік емес құқықтарға жатады [15, 316 б.].

Интегралдық микросхема топологиясының өңдеушісіне келетін болсақ, (одан әрі - ИМСТ), оның авторлыққа құқығы, атқа құқық, ИМСТ жариялауға құқығы бар, өйткені ҚР заңнамасы өңдеушіге аталған объектіні тіркеуге мүмкіндік береді, және ол міндетті емес, өйткені құқық құрудың күшіне сәйкес әрекет етеді, авторлық құқықтарға сай тіркеусіз бола алады. Алайда егер өңдеуші топологияны ашық түрде тіркеусіз қолданатын болса, онда кері шақыртуға құқығы болмайды және ерекше мүліктік емес құқықтардың мерзімі басталды деп есептеледі. Тең авторлық мүмкін және ол да бөлінбейтін болады.

Ноу-хаудың авторында атқа құқығы, авторлыққа құқығы, мызғымастыққа құқығы болады, алайда жариялауға және кері шақыртуға құқығы болмайды, өйткені жариялау аталған объектінің мәнін бұзады, ал ол жасырын, құпия режимде сақталады. Алайда қарсы пікірлер бар.

Ресей заң әдебиетінде ноу-хау авторына қатысты қандай бір басқа жеке мүліктік емес құқықтар көзделген жоқ, ол оның авторлыққа және өндірістің құпиялығына құқығы бар екенін білдіреді [3, 705 б.].

П.В. Степанов, ноу-хаудың интеллектуалдық қызмет нәтижесі ретінде ерекшеліктеріне автордың болмауы, сәйкесінше өндірістің құпиялығына авторлықтың құқығының болмауы деп жазады. Ноу-хауға қатысты авторлықты тануды мүмкін еместігі бірқатар жағдайлармен түсіндіріледі. Біріншіден, авторлық құқығын жүзеге асыру мәліметтердің жасырын режиміне сәйкес келмейді. Екіншіден, ноу-хау түсініктемесінің талдауы құпияның авторын барлық жағдайда анықталмайды. Ноу-хауға жатқызу мүмкін техникалық, экономикалық, ұйымдастыру мәліметтерінің жиынтығы, бір ғана кісімен емес, үлкен коллективпен жасалу мүмкін және барлық жағдайда емес оның қызметі шығармашылық сипаттамада болады [3, 832-833 б.].

Біз автордың пікірімен келісеміз. Өндірістің құпиялығы біреумен және кейде авторлық коллективпен жасалады, сондықтан шығармалық бастаманың және ноу-хауға авторлық құқықтың болмауы туралы бекіту болмайды.

А. Судариковтың пікірінше, құқық иеленуші жариялауға қажет емес деп санайтын интеллектуалдық қызмет нәтижесінің әртүрлісі жабық ақпарат болу мүмкін [9, б. 73]. және біз онымен келісеміз.

Мысалы, «Coca-Cola» компаниясы бәріне таныс өнімге жасырын режимді қолданды. Оған қоса, Калашникова, гильотина сияқты өнертабыстар ақылақ, адамгершілік қағидаларына сәйкес тіркелген жоқ, алайда өңдеушілердің атын барлығы біледі.

Көптеген құқық иеленушілер өздерінің интеллектуалдық шығармашылық қызмет объектілерін қоғамдық игілікке бермеу үшін жариялағысы келмейді.

Ол интеллектуалдық меншік құқығының дәстүрлі емес объектілерін реттеу саласында оларды жасаушыларында жеке мүліктік емес құқықтардың бөлігінде өзінің ерекшеліктері барын білдіреді.

Сонымен, өткізілген талдау жеке мүліктік емес құқықтар өзінің құрамымен жасалған интеллектуалдық меншік объектілерінің ерекшелігіне байланысты екенін туралы біздің пікірімізді растайды, өйткені шығармашылық нәтижесінің түрінен олардың құрушыларда қандай жеке мүліктік емес құқықтар пайда болатыны белгілі болады.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Слипченко С.А. Оборотоспособность объектов личных неимущественных прав, обеспечивающих социальное бытие физического лица: монография. – Х.: ФОП Мичурина Н.А., 2011.
2. Гражданское право: учеб.: в 3 т. Т.1. / Под ред. А.П. Сергеева. – ТК Велби, 2008.
3. Российское гражданское право: Учебник: в 2 т. Т.1: Общая часть. Вещное право. Наследственное право. Интеллектуальные права. Личные неимущественные права / Отв. ред. Е.А. Суханов. – М.: Статут, 2010.
4. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі// <https://online.zakon.kz/> (дата обращения: 14.10.2022)
5. Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы 1996 ж. 10 маусымдағы № 6-І Қазақстан Республикасының Заңы // <https://online.zakon.kz/> (дата обращения: 10.10.2022).
6. Гражданское право: учеб.: в 3 т. Т. 3. – 4-е изд., перераб. И доп. / Под ред. А.П. Сергеева, Ю.К. Толстого. – М.: ТК Велби, проспект, 2006.
7. Калятин В. Определение автора произведения в английском праве стран англосаксонской системы // Интеллектуальная собственность. Авторское право и смежные права. – № 10. – 2017.
8. Жданова А.Н., Ершов О.Г. Соотношение на неприосновенность и права переработку произведения // Патенты и лицензии, интеллектуальные права. – №9. – 2017. – С. 30-36.
9. Судариков С.А. Право интеллектуальной собственности: учеб. – М.: Проспект, 2009.
10. Мамиконян Л.С. Аудиовизуальные произведения как объекты авторского права по законодательству Республики Казахстан: дисс. ... к.ю.н. – Алматы, 2007.
11. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекшебөлім) // <https://online.zakon.kz/Document/>(дата обращения: 05.10.2022)
12. Paris Convention for the Protection of Industrial Property of March 20, 1883, as revised at Brussels on December 14, 1900, at Washington on June 2, 1911, at The Hague on November 6, 1925, at London on June 2, 1934, at Lisbon on October 31, 1958, and at Stockholm on July 14, 1967, and as amended on September 28, 1979// <https://wipolex.wipo.int/ru/text/287556> 16.05.2022
13. Қазақстан Республикасының Патент заңы Қазақстан Республикасының 1999 ж. 16 шілдедегі № 427-ІЗаңы // <https://online.zakon.kz/Document/>(дата обращения: 10.10.2022)
14. Berne Convention for the Protection of Literary and Artistic Works// http://www.wipo.int/treaties/ru/text.jsp?file_id=283698. 16.05.2022
15. Городов О.А. Право промышленной собственности: Учебник. – М.: Статут, 2011. – С. 316.

Автор туралы мәліметтер

Амангельды Айжан Амангельдықызы – Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының профессоры, Қазақстан Республикасы ИМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы Ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының докторы.

Амангельды Айжан Амангельдықызы – профессор кафедрасы гражданско-правовых дисциплин Евразийской юридической академии им. Д.А. Кунаева, научный сотрудник Научно-исследовательского центра Академии МВД Республики Казахстан им. Макана Есбулатова, доктор юридических наук.

Amangeldy Aizhan Amangeldykyzy – professor of the Department of Civil Law Disciplines of the Eurasian Law Academy named after D. Kunaev, researcher of the Research Center of the Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan doctor of Law.

LEGAL REGULATION OF CIVIL AVIATION ACTIVITIES IN KAZAKHSTAN DURING THE PANDEMIC AND EMERGENCY SITUATIONS

In this article, the author examines the legal regulation of civil aviation during the coronavirus pandemic and emergency situations. It is known that the coronavirus pandemic weakened domestic economic activity in Kazakhstan, affected a number of sectors of the economy, and among them the aviation sector was particularly badly affected. Tens of thousands of jobs were closed in civil aviation and billions of money were lost from the transportation of passengers and cargo. Passenger traffic has significantly decreased, many international flights have been suspended and this has led to the destruction of business in this industry. Most airlines have completely suspended operations, and airports have switched to a different mode of servicing citizens. Issues related to the labor activity of employees have become relevant, there are many questions about the terms of payment for downtime. Therefore, there was a need for legal regulation of the aviation space and strengthening measures to ensure aviation security in Kazakhstan.

Keywords: civil aviation, law, transportation, business, aviation security, airline, passengers.

Пандемия және төтенше жағдайлар кезінде Қазақстанның азаматтық авиациясының қызметін құқықтық реттеу

Бұл мақалада автор коронавирустық пандемия мен төтенше жағдайлар кезіндегі азаматтық авиацияны құқықтық реттеуді қарастырады. Коронавирустық пандемия Қазақстандағы ішкі экономикалық белсенділікті әлсіретіп, экономиканың бірқатар секторларына әсер еткені және олардың арасында авиация саласы ерекше зардап шеккені белгілі. Азаматтық авиацияда ондаған мың жұмыс орындары жабылып, жолаушылар мен жүктерді тасымалдаудан миллиардтаған ақша жоғалды. Жолаушылар ағыны айтарлықтай төмендеді, көптеген халықаралық тасымалдар тоқтатылды және бұл осы саладағы бизнестің бұзылуына әкелді. Көптеген авиакомпаниялар жұмысын толығымен тоқтатты, ал әуежайлар азаматтарға қызмет көрсетудің басқа режиміне көшті. Қызметкерлердің еңбек қызметіне байланысты мәселелер өзектілікке ие болды, бос уақытты төлеу шарттары бойынша көптеген сұрақтар туындады. Сондықтан авиациялық кеңістікті құқықтық реттеу және Қазақстанда авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды күшейту қажеттілігі туындады.

Түйінді сөздер: азаматтық авиация, құқық, көлік, бизнес, авиациялық қауіпсіздік, авиакомпания, жолаушылар.

Правовое регулирование деятельности гражданской авиации Казахстана в период пандемии и чрезвычайных ситуаций

В данной статье автор рассматривает правовое регулирование гражданской авиации в период пандемии коронавируса и чрезвычайных ситуаций. Известно, что коронавирусная пандемия ослабила внутреннюю экономическую активность в Казахстане, поразила ряд секторов экономики и среди них особенно сильно пострадала сфера авиации. В гражданской авиации были закрыты десятки тысяч рабочих мест и потеряны миллиарды денег от перевозок пассажиров и грузов. Значительно снизился пассажиропоток, многие международные перевозки были приостановлены и это привело к разрушению бизнеса в данной отрасли. Большинство авиакомпаний полностью приостановили работу, а аэропорты перешли на другой режим обслуживания граждан. Актуальность приобрели вопросы, связанные с трудовой деятельностью работников, появилось много вопросов по условиям оплаты времени простоя. Поэтому возникла необходимость правового регулирования авиационного пространства и усилению мер по обеспечению авиационной безопасности в Казахстане.

Ключевые слова: гражданская авиация, право, перевозки, бизнес, авиационная безопасность, авиакомпания, пассажиры.

Introduction

The economic situation of any country directly depends on the ability of the transport and industrial complex to meet the demands of the domestic and foreign markets. In addition to its economic role, the development of transport has great political significance, since it symbolizes and embodies the country's status on the international market. It is also important to note the social significance of transport development. During the pandemic, air transport and the civil aviation sector were particularly affected. Coronavirus has affected a number of sectors of the economy, and among them air transportation is especially strong. Tens of thousands of jobs were closed and billions of revenues from passenger and cargo transportation were lost. Most airlines completely suspended operations, airport-related facilities were affected, as many commercial areas were empty. Many civil aviation workers have lost their jobs.

The relevance of this research topic, as well as scientific and practical significance, consists in the fact that the problems of legal provision of the airspace of Kazakhstan during the coronavirus pandemic, regulation of civil aviation and the activities of airlines, airports, airfields, as well as other subjects of civil aviation have been studied. Flights and transportation performed by Kazakh airlines to other states are qualified as international and are subject to various multilateral and bilateral international agreements. Services for the transportation of medicines, the delivery of passengers from dangerous regions to the country and others have become particularly relevant. Therefore, there was a need for legal regulation of new types of services provided in the field of civil aviation, as well as ensuring aviation security.

The results of the study are of practical importance and can be used in the activities of airlines, airports and other facilities related to civil aviation.

It is known that the coronavirus pandemic has spread to almost all countries, in 2020 the world economy shrank by 4.3 percent, which is more than two and a half times more than during the global financial crisis of 2009. Decree of the President of the Republic of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev dated March 15, 2020 No. 285 (hereinafter – the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan) in order to protect the life and health of citizens throughout the territory of the Republic of Kazakhstan declared a state of emergency two years ago. For the period of the state of emergency, the State Commission for Ensuring the State of Emergency under the President of the Republic of Kazakhstan was established. This commission is vested with the powers provided for by the Law of the Republic of Kazakhstan «On the State of Emergency» [1].

There are many questions about the protection of the rights of citizens who lost their jobs during the spread of the coronavirus both in Kazakhstan and in the world. Therefore, this article pays special attention to improving the labor legislation of the Republic of Kazakhstan.

Materials and methods

In this study, both universal methods and special studies were used: analysis, reference to historical and archival data, comparative analysis, dialectical-materialistic method of scientific cognition, etc. The analysis of specialized literature, regulatory legal acts of the Republic of Kazakhstan and international legislation was also carried out, statistics, information in Internet resources and others were studied.

Results of scientific research

In the modern world, transport has economic, political, social, cultural and defense significance. Transport provides mass industrial production, division of labor, domestic and international trade, contributes to the development of science, economics and culture. In economic terms, the importance of transport lies in the interaction of industrial enterprises, service sectors and the trade and consumer market. Transport networks have entered the international market with their important advantages – speed, accessibility and sociability. Air transport has become the most common and convenient means of transporting people and cargo, occupying the main role of human life. This is the fastest mode of transport for the transportation of passengers and cargo over short and long distances. With the help of air transport, global transport links between all States have expanded.

There is a national civil aviation in all countries of the world and its main goal is to provide international and domestic air transportation. Depending on the geographical scale of the country, the national civil aviation carries out transportation within the country and abroad. Civil aviation of the Republic of Kazakhstan provides internal communications and transportation of passengers and cargo throughout the territory of Kazakhstan. Domestic air services and transportation are regulated by Kazakh legislation and international treaties.

The Republic of Kazakhstan has the Law "On the Use of Airspace and Aviation Activities of the Republic of Kazakhstan" (hereinafter – the Law on Aviation) [2], which discloses the basic concepts used in the field of aviation. This Aviation Law defines the following concepts:

- aviation activity - all types of activities aimed at creating conditions and using the airspace by a person with the help of aircraft;

- aviation services - civil aviation services related to the organization and provision of air transportation of passengers, baggage, cargo, mail and the performance of aviation work for a fee or for hire;

- aviation personnel - individuals who have special and (or) professional training, carrying out activities for the implementation and maintenance of aircraft flights, air transportation and aviation works, aircraft maintenance, organization and maintenance of air traffic, air traffic control;

- international organizations in the field of civil aviation – international organizations operating in the field of civil aviation and adopting aviation rules aimed at ensuring safety, regularity, efficiency and regulation of other issues of air transport;

- passenger - an individual who is not part of the crew and is transported on an aircraft in accordance with an air carriage agreement or on other legal grounds;

- emergency rescue operations are a set of measures aimed at providing timely assistance to victims;

- an airline is a legal entity that has a valid certificate of an operator of civil aircraft;

- aviation security is the normal and safe activity of aviation, provided by the prevention and prevention of acts of unlawful interference in its activities. The legal basis of illegal interference in aviation activities is described. This is an illegal act or omission that encroaches on the normal and safe operation of aviation, has caused accidents with people, material damage, hijacking or hijacking of an aircraft or has created a threat of such consequences;

- aircraft - an aircraft heavier than air, driven by a power plant, the lifting force of which in flight is created mainly due to aerodynamic reactions on surfaces that remain stationary in these flight conditions.

This Law on Aviation considers aviation as an industry. These are all types of organizations whose activities are aimed at creating conditions and using the airspace by a person with the help of aircraft. Aviation of the Republic of Kazakhstan is divided into experimental, state and civil.

Civil aviation is aviation that is not part of experimental and state aviation and is used for the purposes of:

- transportation of passengers, baggage, cargo and mail (air transportation);

- performance of aviation works;

- conducting educational, sports, cultural and educational events, the development of technical creativity;

- meeting the personal needs of the aircraft operator;

- conducting search and rescue and emergency rescue operations, providing assistance in case of natural disasters.

It should be noted that the Law on Aviation considers the concept of "commercial aviation". Thus, "commercial aviation" is civil aviation used for these purposes for a fee or for hire. In civil aviation, the terms "individuals" and "legal entities" are used. Civil aviation owned by individuals or legal entities and used for these purposes not for a fee and not for hire is recognized as general aviation.

The Republic of Kazakhstan has full and exclusive sovereignty over the airspace located over the land and water territory of the Republic and its territorial waters. The airspace of the Republic of

Kazakhstan is owned by the State and is part of its State territory. Aircraft, airfields, airports, technical facilities and other property necessary for the organization, execution and maintenance of aircraft flights may be privately or publicly owned and may be used in free entrepreneurial activity, the formation of the market of aviation and transport services. Aeronautical devices of the air traffic control system, telecommunications networks, engineering networks related to the safety of aircraft flights belong to state ownership.

The Law on Aviation has defined the procedure for the use of airspace and aviation activities. The main goal is to protect human life and health, the environment, the interests of the state, ensuring the safety of aircraft flights and meeting the needs of the economy of the Republic of Kazakhstan and citizens in air transportation and aviation services. This law applies to all civil aviation within the Republic of Kazakhstan, to all civil aircraft of the Republic of Kazakhstan during their stay outside Kazakhstan, unless the laws of the host country of the aircraft require otherwise.

Жарақаттар қарым-қатынастың әлеуметтік нормаларын, оның ішінде жыныстық рөлді толық түсіну және игеру қабілетінің жеткіліксіздігімен бірге, кейіннен балалардың осы тобының девиантты мінез-құлқына, соның ішінде жыныстық теріс пайдалану қаупіне әкелуі мүмкін. Көптеген зерттеулер мүгедек балалардың жыныстық құрбан болу деңгейі мүгедек емес балаларға қарағанда жоғары екенін көрсетті [9].

Сонымен қатар, жас айырмашылықтары туралы алынған мәліметтерге сүйене отырып, профилактикалық жұмыста кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы ықтимал қылмыстың жасалуы қылмыскердің жасына ғана емес, оның жыныстық конституциясын ескеру қажет [10].

Жыныстық белгі бойынша кәмелетке толмағанға (оның ішінде жас балаларға) қатысты ҚК-нің 120-бабы 3-1-бөлігінің 1-тармағында, 3-2-бөлігінің 1-тармағында және 3-2, 4-бөліктерінде көзделген қылмыстарды жасайтын тек ер адам болып табылады. Бұл жағдайда қатысушы ретінде әйелдер де болуы мүмкін.

Статистикаға сәйкес, әйелдер мұндай қылмыстарды сирек жасайды, көрсеткіштерде салыстырмалы тұрақтылық бар. Мәселен, әйелдердің қатысуымен кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы 2017 жылы 3 (0,47%), 2018 жылы – 6 (0,72%), 2019 жылы – 4 (0,56%), 2020 жылы – 4 (0,49%), 2021 жылы – 5 (0,55%) қылмыс тіркелді. Қарастырылып отырған қылмыс түрлері үшін әйелдерге қатысты үкімдер одан да аз шығарылады: 2017 жылы – 0, 2018 жылы – 1 (0,31%), 2019 жылы – 3 (0,8%), 2020 жылы – 3 (0,77%), 2021 жылы – 4 (0,96%).

Зерттеу нәтижелері бойынша көбінесе қол сұғушылық бала өзі сенетін адамдар – отбасы мүшелері мен таныстары (74,6%), олардың ішінді 28,2%-ы ата-аналарының бірге

тұратындары (өгей әкелері) және тек 26,8%-ы бұрын таныс емес адамдар тарапынан жасалды.

Бұл қылмыс санаты отбасылық жанжал жағдайына жатпайды, қылмыскер мен жәбірленуші арасындағы қарым-қатынастар жақсы немесе бейтарап болады.

Бұл құбылыстың таралуына жақын туыстарының баланың қауіпсіздігіне немқұрайлы қарауы да себеп болады (баланы мас қылмыскермен жалғыз қалдыру, баланың шағымдарына, оның мінез-құлқындағы өзгерістерге назар аудармау), нәтижесінде қылмыстық әрекеттің жалғасуына ықпал етеді.

Сондай-ақ, кінәліні қорғау мақсатында жақын туыстарының балаға әсер етуі байқалады. Сонымен қатар, мұндай әсердің негізгі себептері отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмендігі (кінәліге материалдық тәуелділік) болып табылады.

Отбасы мүшелері мен таныстары тарапынан кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қол сұғу баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың (білім беру, қорғаншылық және қамқоршылық, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, ішкі істер органдары, сондай-ақ олардың уәкілетті қызметтері) жұмысындағы олқылықтар туралы куәландыруы мүмкін [11]. Бұл негізінен жоғары білікті кадрлардың жетіспеушілігінен (психолог, педагог, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы) және қаржыландырудың жеткіліксіздігінен туындайды [12, 55-56 б.].

Осы қол сұғушылықтардың таралуына жанама криминогендік әсер ету бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған ақпаратта да ықпал етеді. «Елімізде жасанды түрде тұтанған «жыныстық революция» қоғамның адамгершілік денсаулығына үлкен зиян келтіреді. Бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен жыныстық азғындықты белсенді насихаттау жүргізілуде» [13, 95 б.].

Қылмыскердің жеке басын қалыптастыруға ықпал ететін маңызды факторларға оның отбасылық жағдайы жатады. Қылмыс жасалған кезде қылмыскерлердің 27%-ы заңды некеде, 18%-ы азаматтық некеде, 4,3%-ы ажырасқан, 50,7%-ы ешқашан некеде болмаған және кездейсоқ жыныстық серіктестері болған. Осылайша, ешқашан үйленбеген және тұрақты жыныстық серіктесі жоқ адамдарда кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстар жасау ықтималдығы айтарлықтай жоғары.

Білім беру деңгейі бойынша қылмыскерлердің көпшілігі 44,3%-ы орта, 37,9%-ы толық емес орта, 14,3%-ы арнайы орта (техникум, колледж), 4,3%-ы жоғары. Бұл заң әдебиеттерінде жарияланған мәліметтермен расталады [14, 125; 140 бб.].

Білім деңгейінің төмендігі адамдардың жұмыспен қамтылуын анықтайды. Біздің зерттеуіміз бойынша, адамдар контингентінің құрылымында жұмыспен қамту бойынша біліктілігі жоқ немесе біліктілігі төмен еңбекпен айналысатын жұмыссыздар (оқушылар емес) көш бастап тұр.

Қылмыскерлердің заңға қайшы тәжірибесі. 01.05.2022 жылғы жағдай бойынша 2 114 адам кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстары үшін жазасын өтеуде, оның ішінде алғаш рет 1 585 (75%) сотталды, бұған дейін бір рет 309 (14,6%), үшінші рет 87 (4,1%), төртінші рет 76 адам (3,6%), бесінші рет 27 (1,3%), алтыншы рет 21 (1%), жетінші рет 8 (0,4%) қылмыстық жауапкершілікке тартылды және сегізінші рет 1 сотталған тиісінше бас бостандығынан айыру орындарында. Бұрын сотталғандардың арасында 47-сі (2,2%) бұрын кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар жасағаны үшін жауапқа тартылған, 31 адамда (1,5%) қылмыстың осы түрі үшін қайталану орын алған [15, 15-16 б.].

Зерттелген қылмыстық және жеке істер материалдары бойынша қылмыскерлердің 45,5%-ы – криминалды тәжірибесі бар, оның 73,3%-ы бас бостандығынан айыру жазасын өтеген. Қылмыстың осы түрі үшін бұрынғы соттылығы 4,3%-да белгіленген. Ұзақ мерзімді бас бостандығынан айыру тағы да осындай қылмыстар жасауға бөгет бола алмайды.

Айта кету керек, ПМ қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің пікірлері бойынша, егер бұрын түрмеде отырған халық осы қылмыс түрлерін жасаған адамдарға теріс қараған

болса, қазір бейтараптық көзқарас байқалады. Сонымен қатар, оларға діни экстремизм мен терроризм үшін жазасын өтеп жатқан адамдар қолдау көрсетіп, өз топтарына тартатыны атап өтілді.

Қылмыстық істердің бірқатар материалдарында респонденттерді бірнеше рет әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы ақпарат бар (әдетте ұсақ ұрлық, қоғамдық тәртіпті бұзғаны, қоғамдық орындарда мас күйінде болғаны, отбасылық дебоштар, мас күйінде көлік жүргізгені үшін).

Бұл жағдайлар заңға қайшы іс-әрекеттер мен қоғамға қарсы көзқарастар барған сайын қауіпті және дөрекі бола бастағанын көрсетеді, бұл өте ауыр қылмыстар жасауға әкелді.

Сонымен қатар, әлеуметтік емес мінез-құлықтың бұл түрі отбасында ұзақ уақыт зорлық-зомбылық жасайтын қылмыскерлерге тән.

Сотталғандармен сұхбат нәтижелері бойынша олардың ер психологтардың сұрақтарына жауап беруге дайындығы арқылы әйелдерге деген агрессивті көзқарасы атап өтілді. Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігінде мінездің демонстрациялық түрі, шектен шығу, өзін-өзі басқара алмаудың және басқаларға деген құрметтің болмауы байқалады.

Көптеген ғылыми еңбектерде кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс жасаған қылмыскерлердің көпшілігінде жаман әдеттер байқалады, олар отбасылық қатынастардың деформациясымен, бос уақыт психологиясымен сипатталады, көбінесе алкоголизммен байланысты [16,140 б.]. Біздің зерттеуіміздің нәтижелері де қылмыстардың едәуір бөлігі алкогольдік мас күйінде (59,6%), есірткі күйінде 2% жасалғанын көрсетті.

Осы түрдегі қылмыстар үшін жазасын өтеп жатқан адамдардың 01.05.2022 жылғы жағдай бойынша 197-сі (9,3%) психиатр-дәрігердің Д-есебінде тұрды, оның ішінде 42-сі химиялық кастрация тағайындалды: 30-ы бұрын химиялық кастрация үшін препарат алды, 7-і препаратты күтті, 3-не дәрігерлік-консультациялық комиссияның шешімімен медициналық қарама-қарсылықтары болды, 1-ге қатысты арнайы психиатриялық комиссияның шешімімен кейінге қалдырылды [15, 20-21 б.].

Зерттелген істер бойынша сотталғандардың 83%-да, амбулаториялық сот психологиялық-психиатриялық сараптамаларға сәйкес, қылмыс жасалған кезде қандай да бір созылмалы психикалық аурулар болған жоқ және олар «психикалық сау» деп танылды.

Психикалық ауытқуы бар адамдарға көбінесе «алкогольді, опиоидтарды ұзақ уақыт қолданудан туындаған психикалық және мінез-құлық бұзылыстары, тәуелділік синдромы» диагнозы қойылған және олар мәжбүрлі емдеуді қажет етті (90%).

Жалпы, зерттеу нәтижелерін және ілеспе деректер массивін талдауды ескере отырып, келесі қорытындыларды жасауға болады.

1. Кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыс жасайтын ең типтік тұлға – ең үлкен жыныстық белсенділік жасындағы, көбінесе тұрақты серіктесімен тұрақты жыныстық қатынасқа түспейтін, негізгі орта білімі бар, белгілі бір қызмет түрі жоқ, алкогольді ішімдіктерді тұтынатын, адамгершілік құндылықтары төмен адам.

2. Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар жасауға ықпал ететін факторларға:

- түнде үйде шешесінің болмауы;
- ата-анасының баланы басқа адамдарға ұзақ уақытқа, оның ішінде қылмыскерге қалдыруы;
- ересектер тарапынан бақылаудың болмауы, соның салдарынан жәбірленушінің жеңіл-желпі мінез-құлқына, спирттік ішімдіктерді ішуге әкеп соғуы;
- қорқыту, бопсалау, дөрекі дене күшін қолдану және қолда бар құралдар мен қылмыс жасау құралдарын пайдалану;
- ұят пен кінә сезімін жәбірленушіге сендіру;
- ересектер мен балалардың бос уақытын жеткіліксіз ұйымдастыру;

- бұрмаланған рухани идеялар, оның ішінде отбасындағы, қоғамдағы әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерге байланысты;

- қылмыскерлерді жәбірленушінің заңды өкілдерімен жасыру;

- халықтың құқықтық және жыныстық сауаттылығының жеткіліксіздігі, балалардың қауіпсіздігін, оның ішінде жыныстық қол сұғушылықтан қамтамасыз ету бойынша білімінің әлсіздігі (дағдылардың болмауы) жатады.

3. Зерттеу нәтижелері бойынша қылмыс жасаған қылмыскердің жеке басының психологиялық (биологиялық) сипаттамаларын анықтау қиын. Сонымен бірге келесі тұжырымдарды қалыптастыруға болады:

- қылмыс жасауға бейім деп анықтауға болатын белгілі бір психологиялық тұлға түрі жоқ, сонымен қатар психотиптердің ешқайсысы мұндай қылмыстарға бара алмайды деп айтуға болмайды;

- қылмыс жасаған барлық адамдар физикалық, психологиялық немесе жыныстық зорлық-зомбылықтың құрбаны бола бермейді. Демек, жыныстық жаракаттың болуы міндетті түрде қылмыс жасаудың тетігі бола бермейді;

- қылмыскердің осы түрінің жеке басын қалыптастыру үшін тек әлеуметтік ортаның әсері жеткіліксіз. Психосексуалдық дамудың бұзылуына генетикалық, биологиялық, әлеуметтік және психологиялық факторлардың жиынтығы ықпал етуі мүмкін.

4. Жеке тұлғаны зерттеу нәтижелері бойынша профилактикалық жұмысты ұйымдастыру үшін келесі маңызды түрлерді ажыратуға болады:

- жас балаларға қатысты қылмыс жасайтын адамдар (мұндай қылмыстардың ұзақтығы 3 айдан 7 жылға дейін);

- туыстық қатынастағы адамдарға қатысты қылмыс жасайтын адамдар (инцестуоздық қылмыстар). Қоғамдық қауіп қылмыскердің ұзақ уақыт бойы жасырын түрде өз балаларына (туыстарына) жыныстық зорлық-зомбылық көрсетуі, бұл отбасы институты бала үшін қауіпсіз орын ретінде саналады және жәбірленушінің психикалық, физикалық және жыныстық денсаулығына зиян келтіреді;

- ақыл-ой кемістігі бар жәбірленушілерге қатысты қылмыс жасайтын адамдар;

- импульсивті қылмыс жасайтын адамдар. Әдетте, кенеттен қылмыс жасау ниеті – баланың қаңыраған иесіз жерде жүруі, бейтаныс адамнан көмек сұрауы, пәтерде жалғыз болуы. Ниеттің кенеттен бұзылуына итермелейтін себептің бірі – жыныстық қозуды тудыратын алкоголь, қылмыстық зорлық-зомбылықтың объектісі маңызды болмайды, бірінші орынға жыныстық қажеттілікті қанағаттандыру шығады.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы конвенцияны іске асыруы туралы бесінші және алтыншы жиынтық мерзімді баяндаманы бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 942 қаулысы // Интернет-ресурс: <https://adilet.zan.kz/> (жүгінген күні 05.06.2022).

2 Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі: Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы // Интернет-ресурс: <https://adilet.zan.kz/> (жүгінген күні 05.06.2022).

3 Қылмыстылықтың жай-күйін талдау кезінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің 2017-2021 жылдардағы деректері пайдаланылды.

4 Дьяченко А. П. Уголовно-правовая охрана граждан в сфере сексуальных отношений: дис. ... д-ра юрид. наук. – М., 1966.

5 Методические рекомендации по расследованию преступлений против половой свободы и половой неприкосновенности несовершеннолетних. – Караганда: НИИ Карагандинской академии МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова, 2021. – 51 с.

6 Ли А.Н. Проблемы предупреждения преступности учащихся общеобразовательных школ Республики Казахстан. – Алматы: Издательство «Норма-К», 2003. – 156 с.; Актуальные проблемы предупреждения и профилактики преступности несовершеннолетних: Научно-практическое пособие / Коллектив авторов. – Астана: Академия правоохранительных органов, 2018. – 131 с.

- 7 Мачильская А.П. Полоролевое развитие подростков с умственной отсталостью // Сборник СПбГУ. Серия 12, 2011. – Вып. 2. – С. 136-140.
- 8 Ткаченко Н.М., Жургунов Е.А. Школа приемных родителей: учебное пособие. – Алматы, 2016. – 132 с.
- 9 Christoffersen, M. N. (2022) Sexual Crime Against Schoolchildren With Disabilities: A Nationwide Prospective Birth Cohort Study // Journal Of Interpersonal Violence, 2022. – № 37(3-4). – PP. 2177–2205 // Интернет-ресурс: <https://journals.sagepub.com> (жүгінген күні: 04.06.2022).
- 10 Половая Активность // Интернет-ресурс: <https://dic.academic.ru> (жүгінген күні: 04.06.2022).
- 11 Alzhankulova S., Tauzhanova R., Darkhanbaev R., Rakhimbekov M. Analysis of the legislation of the Republic of Kazakhstan in the sphere of regulating the activities of precinct police inspectors for the prevention and suppression of domestic violence // The Scientific Heritage, 2020. – № 45-4 (45). – P. 3-6.
- 12 Актуальные проблемы предупреждения и профилактики преступности несовершеннолетних: Научно-практическое пособие / Кол. авт. – Астана: Академия правоохранительных органов, 2018. – 131 с.
- 13 Нубаева Г.Г. Актуальные вопросы предупреждения правонарушений в сфере общественной нравственности в послании Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана Стратегия «Казахстан-2050» и соотношения его с уголовным законодательством Республики Казахстан // Ученые труды Алматинской академии МВД Республики Казахстан, 2014. – № 4(41). – С. 94-97.
- 14 Скрипченко Н.Ю. Криминологическая характеристика личности преступника, совершающего преступление против половой неприкосновенности несовершеннолетних // Журнал российского права, 2017. – № 1. – С. 123-130; Антонян Ю.М., Эминов В.Е. Личность преступника. Криминологическое исследование: монография. – М.: Норма, 2022. – 368 с.
- 15 Аюбаев М.А. Практика применения и исполнения наказаний за преступления против половой неприкосновенности несовершеннолетних, а также проблемы и пути их решения // Учет особенностей личности преступника в предупреждении отдельных видов преступлений: проблемы теории и практики: сб. мат-лов Междунар. науч.-практ. круглого стола (27.05.2022 г.). – Косшы: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, 2022. – 227 с.
- 16 Антонян Ю.М., Эминов В.Е. Личность преступника: криминологическое исследование: монография. – М.: Норма: Инфра-М, 2022. – 368 с.

Авторлар туралы мәліметтер

Құлмұханбетова Б.А. – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары Академиясының Ведомствоаралық ғылыми-зерттеу институты қылмыстық саясат және криминология проблемаларын зерттеу орталығының бас ғылыми қызметкері, аға әділет кеңесшісі, заң ғылымдарының кандидаты, құқықтану доценті, гуманитарлық ғылымдар магистры (Уорик университеті)

Кабжанова Ш.М. – Қазақстан Республикасы ЖМ Медициналық-психологиялық көмек басқармасының бас маман-психологы, азаматтық қорғау майоры.

Аймұхамбетова К.М. – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Ведомствоаралық ғылыми-зерттеу институты қылмыстық саясат және криминология проблемаларын зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, кіші әділет кеңесшісі, заң ғылымдарының магистрі.

Кулмұханбетова Б.А. – главный научный сотрудник Центра исследования проблем уголовной политики и криминологии Межведомственного научно-исследовательского института академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, старший советник юстиции, кандидат юридических наук, доцент правоведения, магистр гуманитарных наук (Университет Уорика).

Кабжанова Ш.М. – главный специалист-психолог Управления медико-психологической помощи МЧС Республики Казахстан, майор гражданской защиты.

Аймұхамбетова К.М. – старший научный сотрудник Центра исследования проблем уголовной политики и криминологии Межведомственного научно-исследовательского института Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, младший советник юстиции, магистр юридических наук.

Kulmukhanbetova B.A. – Chief Researcher of the Center for the Study of Criminal Policy and Criminology issues of the Interdepartmental Research Institute of the Law Enforcement Academy under the Prosecutor General’s Office of the Republic of Kazakhstan, Senior Adviser of Justice, Candidate of Legal Sciences, Associate professor, Master of Arts in Career Development and Coaching Studies (University of Warwick).

Kabzhanova Sh.M. – Chief Specialist-Psychologist of the Department of Medical and Psychological Assistance of the Ministry of Emergency Situations of the Republic of Kazakhstan, Major of Civil Protection.

Aymukhambetova K.M. – Senior Researcher of the Center for the Study of Criminal Policy and Criminology issues of the Interdepartmental Research Institute of the Law Enforcement Academy under the Prosecutor General’s Office of the Republic of Kazakhstan, Junior Justice Adviser, Master of Legal Sciences.

Қ.Н. Аbugалиев¹, С.А. Тессман¹

¹Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы,
Қарағанды, Қазақстан Республикасы

ЖЫНЫСТЫҚ ҚЫЛМЫСТАР СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЕТ МЕМЛЕКЕТТЕР ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жеке адамның жыныстық бостандығы мен жыныстық қол сұғылмаушылығы Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы объектілерінің бірі болып табылады. Сондықтан жеке адамның жыныстық бостандығы мен жыныстық қолсұғылмаушылығы бұзылу жағдайында әрбір келеңсіз әрекеттер үшін кінәлі адам қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының «Адам және азамат» II бөлімі әрбір адамның өміріне, өз қадір-қасиетін қорғауға, бостандығына және жеке өміріне кепілдік береді. Ал, қылмыстық заңнаманың нормалары азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын мейлінше жағымсыз зардаптар келтіретін айтарлықтай қолсұғушылықтардан қорғайтын болғандықтан, оған ерекше көңіл бөлінеді. Жеке адам өміріне қолсұғу бағытындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірегейі – зорлау.

Мақалада авторлар зорлаудың тарихи пайда болуына, оның түрлі шет мемлекеттерде жазалануына тоқталған. Сонымен қатар ежелгі мемлекеттерде зорлауға қатысты үкімдер, гомосексуализм мәселелері тілге тиек етілген.

Түйінді сөздер: жыныстық қатынас, жыныстық қолсұғылмаушылық, жыныстық бостандық, кәмелетке толмағандар, қылмыс объектісі, қылмыс субъектісі.

Характеристика сексуальных преступлений и ее особенности в законодательстве иностраных государств

Сексуальная свобода и половая неприкосновенность личности являются одними из объектов уголовного права Республики Казахстан. Поэтому в случае нарушения половой свободы и половой неприкосновенности индивида за каждое негативное деяние виновное лицо привлекается к уголовной ответственности. Раздел II Конституции Республики Казахстан «человек и гражданин» гарантирует жизнь, защиту своего достоинства, свободу и личную жизнь каждого человека. А поскольку нормы уголовного законодательства защищают права и свободы граждан от существенных посягательств, которые имеют наиболее негативные последствия, ему уделяется особое внимание. Одним из уголовных правонарушений, направленных на посягательство на жизнь личности, является изнасилование.

В статье авторы остановились на историческом происхождении изнасилования, его наказании в различных зарубежных государствах. Также в древних государствах упоминались приговоры к изнасилованию, вопросы гомосексуализма.

Ключевые слова: половое сношение, половая неприкосновенность, половая свобода, несовершеннолетние, объект преступления, субъект преступления.

Characteristics of sexual crimes and its features in the legislation of foreign states

Sexual freedom and sexual inviolability of the individual are one of the objects of Criminal Law of the Republic of Kazakhstan. Therefore, in case of violation of the sexual freedom and sexual inviolability of the individual, the guilty person is brought to criminal responsibility for each negative act. Section II of the Constitution of the Republic of Kazakhstan «Man and citizen» guarantees the life, protection of their dignity, freedom and privacy of every person. Special attention is paid to the norms of criminal law, as they protect the rights and freedoms of citizens from significant encroachments that cause the most negative consequences. One of the unique criminal offenses in the direction of invading an individual's life is rape.

In the article, the authors focused on the historical origin of rape, its punishment in various foreign states. Also in the ancient states there were judgments about rape, issues of homosexuality.

Keywords: sexual intercourse, sexual inviolability, sexual freedom, minor, object of crime, subject of crime.

Адам – биологиялық қана емес, әлеуметтік те тіршілік иесі. Тарқатып айтатын болсақ, біздің әрбіріміз қоғамнан тыс дараланып кете алмаймыз. Әлеуметтік өзара байланыстың арқасында адамдар таңқаларлық дүниелерді жасауда. Ал қоғамның нығаюы күні бүгінге дейін бүкіл әлемде жалғасын тауып жатқан техникалық эволюцияға әкеп соқтыруда. Дегенмен адамның әлеуметтік сипаты құқықтық тәртіптің негізі болып табылатын белгілі бір заңдылықтардың болуымен шарттасады. Мұндай заңдық бостандықтар баршамызға тіршілік аясында қандай да бір әрекеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Алайда әлеуметтік өзара әрекеттің заңдық негізінің мақсаты сол – әр адамның бостандығы өзге адамның әсерімен бұзылмауы керек. Осындай бостандықтардың санатына жыныстық қолсұғылмаушылық құқығын да енгізуге болады. Бұл терминнің кеңінен заңдық мәнге ие болуы оның аса маңыздылығын аңғартады.

Әр адамның заңдық бостандығы белгілі құқықтар мен міндеттердің болуымен сипатталады. Осы тұрғыда жеке адамның құқықтық қолсұғылмаушылығы – жеке алғандағы әр адамның конституциялық мәртебесінің құрамдас элементі. Бұдан жыныстық қолсұғылмаушылық тек бекітіліп қана қоймай, жоғары деңгейде мемлекеттің қорғауында болатынын көреміз. Яғни бұл бостандықты бұзған кез келген кінәлі адам заңдық жауаптылыққа тартылады. Өйткені жыныстық қолсұғылмаушылық нақты адамның қалыпты тіршілік етуін қамтамасыз етеді. Бұл бостандықтың мәні адам өзінің жыныстық өмірін ұйымдастыру процесінде ерікті таңдау құқығын иеленуімен маңызды.

Жыныстық қылмыстар – жыныстық азғындықтан туындайтын қылмыстық әрекеттер. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығында жыныстық қатынастарға зорлау, нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану, жыныстық қатынас жасауға мәжбүр ету, кәмелетке толмағандармен жыныстық қатынаста болу, жас балаларды нәпсіқұмарлық сипаттағы әрекетке тарту сияқты жыныстық азғындық әрекеттер жатады [1].

Жеке адамның жыныстық бостандығы мен жыныстық қолсұғылмаушылығы Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы объектілерінің бірі болып табылады. Бұл дегеніміз – аталмыш санатта туындаған қоғамдық қатынастар осы саланың нормаларымен қорғалады деген сөз. Сондықтан жеке адамның жыныстық бостандығы мен жыныстық қолсұғылмаушылығын бұзудағы әрбір келеңсіз әрекеттер үшін кінәлі адам қылмыстық әсер ету шараларына тартылады. Бұл ықпал аса маңызды, себебі осы салада адамға қолсұғушылықта олардың бостандықтарына мейлінше теріс зардаптар тиеді. Олар, әдетте, психикалық және тән зардабы түрінде болады. Алғашқысында адам қолсұғу салдарынан психологиялық зақым алады. Тән зардабы күш қолдану әрекетінен туындайды. Осыдан кейін біз жыныстық бостандық пен қолсұғылмаушылықты заңдық қорғау туралы ғана емес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің толық жүйесі жайлы да сөз қозғайтын боламыз.

Жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстар – бұл жыныстық қатынас пен адамгершілік аясындағы қоғамдық ережелерге қарсы өрескел қауіпті құқық бұзушылық. Бұл қылмыстың объектісі кешенді сипатты иеленеді. Ол тек классикалық түрдегі жыныстық қолсұғылмаушылық қана емес, сондай-ақ адами қоғамдық нормалар, адам денсаулығы, психикалық және дене сипатындағы кәмелетке толмағанның дамуы. Ендеше мұндай қылмыстар көп жағдайда бірнеше аса маңызды әлеуметтік санатқа қолсұғатыны бесенеден белгілі.

Қылмыстық құқық саласындағы ғалымдар жеке адамның жыныстық қолсұғылмаушылығы мен жыныстық бостандығына қарсы қылмыстарды қарастыру проблемасына әлденеше рет тоқталуда. Аталған іс-әрекетті сипаттайтын бірқатар классикалық белгілер төмендегідей болмақ мысалы:

- жыныстық бостандыққа қарсы қылмыстар әрқашан сексуалдық бағытта болады;
- олар қоғамда белгіленген адамдар арасындағы жыныстық қатынастарды бұзады;
- бұл қылмыстар үнемі ниеттің болуы арқылы жасалады.

Ұсынылған белгілерді талқылайтын болсақ, жыныстық қатынастардың қалыпты тәртібі туралы сұрақ туындайды. Бұл санат нені мегзейді? Тағы да ғалымдар арасында бұған қатысты ортақ пікір жоқ. Жыныстық қатынастар көп жағдайда құқықтық емес, қоғамда белгілі бір уақыт арасында қалыптасқан адамгершілік нормаларымен реттелетіндіктен аталмыш проблема бой көтереді. Егер заңнамалық базаға талдау жасайтын болсақ, «жыныстық қатынастар» ұғымы кейбір актілерде ғана көрініс береді және мағынасы кеңінен ашылмаған. Енді осы жыныстық қатынастарды адамгершілік позициясы тұрғысынан талдасақ, бұл санаттың қалыпты тәртібі төмендегідей белгілермен сипатталады:

- адам жыныстық байланыстың қалыпты қатысушысы болатындай жаста;
- адам жыныстық қатынастың физиологиялық және әлеуметтік аспектілерін сезінеді;
- жыныстық сипаттағы қатынас тек ерікті түрде болады да, мәжбүрлі түрде болмайды;
- ұсынылған санаттың қалыпты тәртібі табиғи қатынас механизмімен сипатталады;
- жұптар арасындағы туысқандық байланыстың болмауы жыныстық қатынаста ерекше рөл ойнайды [2].

Міне, нақты осы белгілер негізінде жыныстық бостандыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстарды бекітетін Қылмыстық кодекстің көптеген нормалары құрылған. Жыныстық қатынасқа түсетіндей жетілген жасқа жетпеген адамға қарсы қасақана аса қауіпті іс-әрекет жасау қылмыстық заңмен қатал жазаланады. Мұндай әрекеттер әр мемлекетте әртүрлі сараланады. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша, кәмелетке толмағандарға жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстар – ол ҚР ҚК 122-бабына сәйкес қылмыстық жазалануға лайық деп танылады [3, 74 б.]. Ол өз кезегінде 16 жасқа толмаған адаммен сексуалдық сипаттағы кез келген әрекет заңмен жазаланатыны туралы норманы мазмұндайды. Бұл ретте адамның жасы құқықтық саралау үшін маңызды болмақ. Қылмыстық кодекстің 134-баптың өзінің ішкі құрылымы бар. Қылмыстың іс жүзінде жасалуын сол ғана анықтап бере алады. Кез келген қылмыстың құрамы субъект, объект, субъективтік және объективтік жақтар сияқты элементтерден тұратыны баршамызға аян. әр бөлікті талдау кезінде кәмелетке толмағандардың жыныстық бостандығы мен жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың өзіндік ерекшелігін аңғаруға болады. Қылмыс объектісі – 16 жасқа толмаған адамның жыныстық жетілуін қорғау аясындағы қатынастар. Одан басқа, қоғамға қауіпті іс-әрекеттің бұл элементі адамның қалыпты физиологиялық және психикалық дамуын да қамтиды. Ал, факультативтік объектісі, әдетте, кәмелетке толмағанның денсаулығы болмақ. Өйткені жетілмей тұрғандағы жыныстық байланыс кезінде айтулы физиологиялық зиян келуі мүмкін. Қылмыстың объективтік жағына келетін болсақ, оның элементі – жыныстық қатынасты сипаттайтын іс-әрекет. Бұл жерде әңгіме – әйел мен ер адам арасындағы сексуалдық байланыс жайында. Алайда Қазақстан Республикасы ҚК 123-бабында табиғи емес жыныстық қатынас түрлерін сипаттайтын да нормалар көрініс тапты. Мәселен, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауы, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауы. Мұнда осы сипаттағы іс-әрекеттер қылмысты саралаудың ерекшелігі болып табылады. Яғни кәмелетке толмағанның жыныстық бостандығының бұзылу фактісін ауырлата түседі. Қылмыстың объективтік жағы ретінде мұндай жыныстық қатынастың қорқытумен не онсыз жасалуы аса рөл атқармайды. Яғни кәмелетке толмаған адамның өзі бастамашылдық танытса да, толық құқықты адам бәрібір жауаптылықтан құтылмайды. 16 жасқа толмаған жеке адамның жыныстық қолсұғылмаушылығына, бостандығына қарсы қылмыстың субъектісі әрдайым кәмелетке толған адам болады. Бұл жерде ол кәмелетке толмағанмен некеде болмауы керек. Субъективтік жағы қандай да бір жайттарға қарамастан, тікелей ниеттің болуымен сипатталады. Дегенмен бұл жағдайда іс-әрекетті саралауда сот практикасының рөлі басым. Кейде жәбірленушінің физиологиялық ерте дамуының салдарынан қаскөй қылмыскер оның жасын аңғармауы да мүмкін. Сондықтан тергеу органдары сол адамның нақты кәмелетке толмағандығын қылмыскердің түсінгендігін анықтауға міндетті [4, 75-77 бб.].

Бүгінгі таңда жыныстық құқық бұзушылықтардың, әсіресе олардың кәмелет жасына толмағандарға қатысты жасалуы белең алуда. Бұл құқық бұзушылықтар әр мемлекеттің

қылмыстық кодексіне сай әртүрлі саралануда. Мұның тигізетін зардаптары мен оған қарсы жүргізілетін оңтайлы шаралар жайлы сөз етпес бұрын аталған қылмыстық әрекеттердің шығу тарихын зерделеп көрген жөн сияқты.

Осындағы «зорлау» ұғымына келетін болсақ, «алып қашу, ұрлау, қамту» деген мағынаны білдіретін латын терминінен (rapere) шыққан [5, 63 б.]. Ерте кездерде бұл әйелді табу тәсілдерінің бірі болды, яғни еркек қалаған әйелді зорлаған да, оны өз тайпасына алып келген. Осыдан кейін ол өз әйелін басқа зорлатпай, ар-ожданын қорғайтын болған. Демек, бұл зорлауға қатысты алғашқы заң көздері болғанға ұқсайды, бірақ онда әйелдерге қарсы қылмыс ретінде емес, жеке меншігіне және ар-ожданына қарсы қылмыс ретінде қаралған [6, 18 б.].

Осыдан 4000 жылдай бұрынғы Вавилон елінде болған Хаммурапи заңдар жинағы кодексіне сәйкес некелесіп қойған қызды зорлаған адам өлім жазасына кесілген. Алайда егер ер адам күйеудегі әйелді зорласа, екеуі де кінәлі саналып, жазаға тартылған – суға батырылған. Ал, зорланған күйеудегі әйел ерікті түрде берілген саналып, ол да, зорлаушы да өлтірілген. Айдалада зорланған қыз баланың көмекке шақырған дауысын ешкім естімегендіктен, оған жанашырлық танытқан. Ол атастырылған болса, зорлаушыны таспен атып, өлімші еткен. Атастырылмаған болса, зорлаушы оның әкесіне құн төлеп, қалау-қаламауына қарамастан, оған үйленуі керек болған [7, 47-48 бб.].

Он екінші жүзжылдықтарда кінәлілік немесе кнәсіздікті анықтау сот мәжілісіне ауыстырылды. Алайда заң алдында бәрі бірдей болмады, дворян немесе рыцар әке болып қалу қаупінен қашып, өз беделін сақтап қалу үшін өз адамдарының бірін зорлауға қатысты айыптай салған.

Заң жүйесіне қарамастан, зорлау әрдайым қаскөйлік ретінде қарастырыла бермеді. Мыңдаған жылдар бұрын, кейінгі уақыттағы да соғыс кезінде жеңген жақтың солдаттары жауының әйелдерін зорлайтыны ақиқат. Тіпті өткен ғасырдың 40-50 жылдары Америкада қара әйелді зорлаған ақ нәсілдіні сотқа сирек тартқан, ал қара нәсілді зорлаушы қатыгездікпен жазаланатын болған [8, 88 б.].

Қазігі мәліметтер бойынша өмірдегі алты әйелдің бірі зорланып, жиырма төрт әйелдің бірі зорлаудың құрбаны болуда.

АҚШ-тағы Психикалық денсаулық сақтау ұлттық институты бөлімінің зорлау профилактикасы мен статистикасының ұлттық орталығы жүргізген зерттеу көрсеткендей, егер дәстүрлі өмір салтын ұстанып жүрген әйел адам зорланса, оған барынша сенімділік көрсеткен. Егер алқабилер құрбанның адамгершілігіне күмәнданса, үкімді жеңілдететін болған.

Өзге елдердің де қылмыстық заңнамасында көзделген қылмыстардың осыған ұқсас құрамдары белгілі бір қызығушылықты тудырады. Қарастырылып отырған бұл қылмыс құрамында жәбірленушінің жасы нақтыланады. Германияның Қылмыстық кодексінде § 176 – бұл он төрт жасқа толмаған адам (бала), ал § 182 – он алты жастан жас (кәмелетке толмаған) [9, 112, 116-117 бб.]. Испанияның ҚК 181-бабында он екі жасқа толмаған жәбірленуші жайында айтылса, 183-бабында он екі жастан асқан, бірақ он алтыға толмаған жас қаралады [10, 62-63 бб.]. Швейцарияның ҚК 191-бабында он алты жасқа толмаған, ал 192-бабында он алты жастан асқан кәмелетке толмаған жас қаралады.

Бүгінгі таңда еуропа елдерінде қалыпты жайтқа айналып бара жатқан гомосексуализмнің төмендегідей түрлері ажыратылады: педерастия, еркек пен еркектің жыныстық қатынасы, эфебофилия (ересек ер адам мен жасөспірімнің арасындағы жыныстық қатынас, гомосексуалдық педофилия (балаларға гомосексуалдық әуестік), әйелдер гомосексуализмі, корофилия (ересек әйел адам мен қыз баланың арасындағы жыныстық қатынас).

Гомосексуализм жайындағы алғашқы естеліктер Ежелгі Египеттегі (б.э. дейінгі 2,5 мың жыл) папирустарда жазылған, яғни Фет және Горус құдайлары гомосексуалдық қатынаста болыпты-мыс. Тарихшылардың айтуынша, бұл жағдай тіпті Үндістанда, Вавилонда, Грецияда, Рим империясы мен басқа да ежелгі мемлекеттерде орын алған. Тарихшылар Иосиф Флавий (б.э. дейінгі 37-95 жж.) мен Филон Александрийскилер (б.э. дейінгі 20-54жж.)

ежелгі иудейлер арасында да гомосексуализм кеңінен етек жайған деп жазады. Бұл туралы Библияда да бар. Гомосексуализм қылмыстық тәртіппен қатаң қуғынға салынды. Христиандық ежелгі Римде мемлекеттік дін болған соң, гомосексуализмге өлім жазасы кесілетін болған.

Бұл қылмыстар тобындағы елең еткізері инцест (латынша incestus – аралас, лас, айуандық) болды, яғни жақын туыстарымен қан араластыру, сексуалдық байланыс. Бұл түрлі уақыт аралықтарында көптеген қауымдарда әртүрлі этникалық, нәсілдік және әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен таралған құбылыс еді [11, 116 б.]. Дегенмен, этномәдениет пен діни айырмашылықтарға қарамастан, барлық халықтарда инцестке тыйым салынды. Тек кейбір ежелгі мемлекеттердің жоғарғы династияларында ғана жол берілді. Оған фараондардың туған аға-қарындастарының арасындағы некені мысал етуге болады.

ТМД мемлекеттерінің көпшілігінің ҚК бойынша зорлау дегеніміз – бұл «жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жыныстық қатынас жасау» (ҚР ҚК 120-б., РФ ҚК 131-б.).

Франция ҚК бойынша зорлау – «күш қолданып, мәжбүрлеп, қатер төндіріп немесе алдап, өзге адамға қатысты жасалған қандай да бір текті кез келген жыныстық ену актісі» (222-223-бб.).

Англияның 2003 жылғы жыныстық қылмыстар туралы Заңына сәйкес (1-б.) «зорлау жәбірленуші келісім бермеген және кінәлі мұндай келісімнің болуына сенімсіздік танытып, жыныстық ену орын алған жағдайда орын алады».

Кей елдердің қылмыстық заңнамаларында (Алжир, Кот д'Ивуар, Мадагаскар ҚК) зорлаудың анықтамасы тіптен жоқ деуге болады.

ТМД және Балтық, Венгрия, ҚХР немесе Румыния елдерінің Қылмыстық кодекстеріндегідей барлық жерде зорлау біртұтас құрам ретінде құрылмаған. Шетел мемлекеттерінің кейбір кодекстерінде зорлау бірқатар дербес құрамдарға бөлінеді. Мәселен, Швейцария, Швеция ҚК-де зорлау құрамы екі бапта, Испания, Жапония ҚК-де үш, Перу ҚК-де – бес бапта мазмұндалған.

Көптеген елдерде зорлау құрбаны болып тек әйел адамдар ғана танылмайтыны дәстүрге айналуға айналуда. Осыған орай АҚШ-тың Тергеу федералдық бюросы соңғы 83 жылда алғаш рет зорлаудың анықтамасын жаңартты. Енді зорлау құрбаны болып әйелдер ғана емес, еркектер де заңды түрде танылады [12].

Сонымен жыныстық қылмыстық құқық бұзушылықтарды жеке адамның жыныстық бостандығы мен жыныстық тиіспеушілігіне қол сұғу арқылы қоғамдағы сексуалдық қатынастың қалыптасқан тәртібін өрескел бұзатын, қылмыстық заңмен көзделген қоғамға қауіпті іс-әрекет ретінде анықтауға болады [13, 48-49 бб.].

Қорыта келгенде, әр мемлекеттің адамның жыныстық бостандығын қорғауда өзіндік тәртібі бар. Мәселен, Қазақстан, Қытай, Вьетнам сынды мемлекеттерде жеке жыныстық қылмыстар институты жоқ. Ал, Түрік мемлекетінде, яғни қылмыстық заңнамасында «жыныстық бостандық» деген ұғым кездеспейді. Өйткені көпшіліктің ұғымында бұл түсінік «бетімен кетушілік» дегенді білдіреді. Оған діни сенімнің де әсерін жоққа шығаруға болмайды. Ерте кездерде қазақ жерінде бұл тектес қылмыстар өте сирек болған. Оған себеп – аталмыш қылмыстың түрі орын алған жағдайда кінәлі көпшілік алдында шарифат үкімімен жазаланатын (таспен ату, жардан құлату және т.б.) еді.

Сайып келгенде, мұндай қауіпті әрекеттер нақты адамдарға ғана зиян келтіріп қоймай, қоғамдағы моральдік тұрақтылыққа да кері әсерін тигізбек.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Жыныстық қылмыстар // <https://kk.wikipedia.org/> (жүгіну мерзімі: 19.11.2022.)
2. Половая свобода // <https://businessman.ru/new-polovaya-svoboda.html> (дата обращения: 19.11.2022).
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Алматы, 2016. – 240 б.
4. Яковлев Я.М. Половые преступления. – Душанбе: Изд-во «Ирфон», 1969. – 234 с.

5. Большой юридический словарь. – М., 1999.
6. Marcela Iacob. Le crime était presque sexuel: et autres essais de casuistique juridique. Paris, Flammarion, coll. “Champs”, 2002, 375 p.
7. Темнюк Д.Д. Преступления против половой неприкосновенности и половой свободы личности. – М., 2001.
8. Криминология. Курс лекций / В.Н. Бурлакованың ред. – СПб. 1995. – 421 б.
9. ГФР Қылмыстық кодексі. – М., 1996. – 320 б.
10. Испанияның қылмыстық кодексі / з.ғ.д., проф. Н.Ф. Кузнецова мен з.ғ.д., проф. Ф.М. Решетникованың ред. – М., 1998. – 188 бб.
11. Старович З. Судебная сексология. – М., 1991. – 266 б.
12. Анализ зарубежного законодательства // <https://megalektsii.ru/s32541t2.html>. (дата обращения: 17.11.2022).
13. Саменова Ж.О. Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың кейбір мәселелері // Қазақстан Республикасы ПМ Алматы академиясының ғылыми еңбектері. – 2018. – № 2 (55). – 79 б.

Авторлар туралы мәліметтер

Абугалиев Канат Нұртайұлы – Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының Ғылыми-зерттеу институты ПО тарихын зерттеу орталығының бастығы, ф.ғ.к., полиция полковнигі.

Тессман Светлана Александровна – Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының Ғылыми-зерттеу институтының бастығы, з.ғ.к., доцент, полиция полковнигі.

Абугалиев Канат Нуртаевич – начальник Центра по исследованию истории ОВД Научно-исследовательского института Карагандинской академии имени Баримбека Бейсенова МВД Республики Казахстан, к.ф.н., полковник полиции.

Тессман Светлана Александровна – начальник Научно-исследовательского института Карагандинской академии имени Баримбека Бейсенова МВД Республики Казахстан, к.ю.н., доцент, полковник полиции.

Abugaliev Kanat Nurtaevich – Head of the Center for the Study of the History of the Department of Internal Affairs Scientific Research Institute of the Karaganda Academy named after Barimbek Beisenov Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, candidate of Philological Sciences, Police Colonel.

Tessman Svetlana Aleksandrovna – Head of the Research Institute of the Karaganda Academy named after Barimbek Beisenov Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan Candidate of Law, Associate Professor, Police Colonel.

Г.Ж. Дүйсенбаева¹, З.С. Молдабекова², С.М. Абижанов³

¹Каспий қоғамдық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

²Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

³Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы,
Алматы, Қазақстан Республикасы

ПАРАҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада паракорлық қылмыстарының алдын алудың жекелеген мәселелері, қылмыстың тәуелсіз құрамы ретінде пара беру және алу белгілері, осы саладағы қылмыстық заңнаманың жаңашылықтары қарастырылады. Парақорлықтың негізгі мәселелері, қылмыстың мәні, байланысты қылмыстардан шектеу критерийлері анықталды. Пара беру мен алудың, паракорлыққа делдал болудың аяқталу сәттері, біліктілік белгілерінің мазмұны нақтыланды.

Түйінді сөздер: сыбайлас жемқорлық қылмыстар, паракорлық, сыбайлас жемқорлық, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, әскери қызметші, қылмыстық құқық бұзушылықтар, қылмыс, бас бостандығынан айыру, мүлікті тәркілеу, жазаны атқару, сотталған, қамақ тергеу изоляторы, айыппұл, мемлекеттік органдар.

Некоторые вопросы профилактики взяточничества

В статье рассматриваются отдельные проблемы профилактики взяточничества, признаки дачи и получения взятки как самостоятельных составов преступления, новеллы уголовного законодательства в этой сфере. Определены основные проблемы взяточничества, предмет преступления, критерии отграничения от смежных преступлений. Уточнены моменты окончания дачи и получения взятки, содержание квалифицирующих признаков.

Ключевые слова: коррупционные преступления, взяточничество, коррупция, предупреждение коррупции, военнослужащий, уголовные правонарушения, преступление, лишение свободы, конфискация имущества, исполнение наказания, осужденный, арест, следственный изолятор, штраф, государственные органы.

Some issues of prevention of bribery

The article deals with individual problems of prevention of bribery, signs of giving and receiving a bribe as independent elements of a crime, novelties of criminal legislation in this area. The main problems of bribery, the subject of the crime, the criteria for distinguishing from related crimes are determined. The moments of the end of giving and receiving a bribe, the content of qualifying signs are clarified.

Keywords: corruption crimes, corruption, prevention of corruption, military personnel, criminal offenses, crime, deprivation of liberty, confiscation of property, execution of punishment, convicted person, arrest, pre-trial detention center, fine, state bodies.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына, сәйкес сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті күшейту және жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз ету басты міндет болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін мемлекеттік қызметке және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналасуға өмір бойына тыйым салу қолданылады. Құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, судьяларға, пара берушілер

мен парақорлықтағы делдалдарға сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін санкциялар қатандатылды [1].

Ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін сотталғандарға мерзімінен бұрын шартты түрде босату мүмкіндігі алып тасталды. Парақорлық үшін жазаны бірден қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде өтеуге тыйым салынды.

Мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлығы үшін дербес жауапкершілігі институты енгізілді. Ол енгізілген сәттен бастап 8 саяси қызметшінің отставкасы қабылданып, 13 саяси қызметші, басшылық деңгейдегі 98 мемлекеттік әкімшілік қызметші, күштік блоктың 109 басшысы және квазимемлекеттік сектордың 21 топ-менеджері тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Жалпы, 2018-2020 жылдары сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін 3 мыңнан астам адам сотталды, олардың ішінде 1 министр, 3 вице-министр, 8 облыс әкімі және олардың орынбасарлары, 31 қала, аудан әкімі және олардың орынбасарлары, ұлттық компаниялардың 8 басшысы бар.

Транспаренци Қазақстан «қоғамдық қоры жүргізген» 2020 жылғы сыбайлас жемқорлық жай-күйінің мониторингі әлеуметтанушылық зерттеуінің нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тұрғысынан сезімтал органдар мен мекемелердің тізбесі жылдан-жылға іс жүзінде өзгермейді: мемлекеттік емханалар мен ауруханалар, полиция, жер қатынастары басқармалары, ХҚКО-лар, мемлекеттік балабақшалар мен жоғары оқу орындары.

Соңғы үш жылда сыбайлас жемқорлық қылмыскерлік құрылымының едәуір бөлігін – 50%-дан астамын парақорлық фактілері алып отыр.

Негізгі себептер қатарында: сақталып отырған әкімшілік кедергілер, екіұдай мағыналы және дискрециялық нормалар, мемлекеттік органдардың жеткіліксіз ашықтығы, баламалы (қағаз) негізде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер үлесінің жоғары болуы бар.

Нақты жағдайларға, өңірлік, салалық және өзге де ерекшеліктерге сүйене отырып, әртүрлі әлеуметтік топтарға олардың құқықтарын, міндеттері мен рәсімдерін қолжетімді және түсінікті етіп түсіндіру стандарттары болмай отыр.

Мұның өзі мемлекеттік басқарудың бизнес-процестерін автоматтандырудағы кемшіліктер мен олқылықтарға да байланысты.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметіне сәйкес 2022 жылы қаңтар – қазан айлары аралығында Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы саны 1880, оның ішінде пара алу қылмысы 568, пара беру қылмысы 636, парақорлыққа делдал болу – 59 қылмысы тіркелген [2].

ҚР ҚК 366 бабына сәйкес, пара алу дегеніміз - мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы [3].

ҚР ҚК 367 бабына сәйкес, пара беру дегеніміз - Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беру.

ҚР ҚК 368 бабына сәйкес, парақорлыққа делдал болу дегеніміз - парақорлыққа делдал болу, яғни пара алушыға және пара берушіге олардың арасындағы пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізуге немесе оны іске асыруға ықпал ету [3].

Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кеңес өткізді

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі болып табылатынын атап өтті. Оның пікірінше, заңның үстемдігін орнату және осы құқықтық мемлекетті құру үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлықты жою қажет.

Президент соңғы жылдары бұл бағытта маңызды қадамдар жасалды деп санайды. Соттардың сапалы жұмыс істеуі үшін нақты шаралар қабылданды, үш жыл ішінде 174 судья қызметінен босатылды немесе төмендетілді. Жаңадан құрылған әкімшілік соттарға жарты жыл ішінде 14 мың талап арыз келіп түсті, онда жағдайлардың жартысында өтініш берушілер жеңіске жетеді. Қылмыстық процестің үш буынды моделі енгізілді. Нәтижесінде, өткен жылы прокурорлар қылмыстық процеске үш жарым мыңға жуық адамды негізсіз тартуға жол бермеді. Сондай-ақ бірқатар басқа институционалдық шаралар жүзеге асырылды [4].

Сыбайлас жемқорлық әрекеті үшін сотталған азаматтарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салынды. Соттарға, құқық қорғау органдарына, пара алушылар мен делдалдарға қатаң жазалар қолданылады. Өткен жылдан бастап табыстарды жалпыға бірдей декларациялау енгізілді. Осы және басқа шаралар айтарлықтай нәтиже берді, сыбайлас жемқорлық деңгейі төмендеді. Алайда, бұл түбегейлі өзгерістер әкелмеді. Бұл туралы ашық айту керек. Азаматтар күнделікті өмірде сыбайлас жемқорлық көріністеріне тап болып отыр, - деді Мемлекет басшысы.

А.М. Сайтбековтің пікірінше, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жолын кесу – жалпы заңды мәселе. Барлық құқық салаларының нормалары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға тартылуы тиіс, алайда билік пен басқару органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жолын кесу ісінде пайдаланылуы тиіс негізгі құқықтық құралдар дәл әкімшілік-құқықтық құралдар болуы тиіс. Осылайша, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық тетігінде дәл осы күні барлық нормативтік, ұйымдастырушылық және ақпараттық әлеуетті іске асыру қажет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың барлық құралдарын кешенде пайдалану ғана белгілі бір оң нәтижелерге әкелуі мүмкін және сыбайлас жемқорлықты ең төменгі деңгейге дейін төмендетуге мүмкіндік береді [5, 49 б.].

С.П.Кушниренко пікірінше, парақорлыққа делдал болу қылмыстарын пара беруге немесе пара алуға қатысу арқылы қарастыруды ұсынады, бұл мүлдем дұрыс емес, өйткені аталған құрамдардың рөлдері, сипаты мен мазмұны, мақсаттары мен ниеті мүлдем басқа деп есептейді.

Осыған байланысты пара алуға және беруге қатысуды көптеген маңызды белгілер бойынша парақорлық делдалдығынан ажырату керек, атап айтқанда:

1) бастама делдалдан емес, пара алушыдан немесе пара берушіден туындайды, делдал қылмыстық мәмілені іске асыру үшін пара нысанасын берудің нақты орындаушысы ғана болып табылады;

2) делдал пара беруші мен пара алушының қандай нәтижеге жететіні қызықтырмайды;

3) пара беруші мен пара алушы арасындағы байланыстырушы және міндетті буын делдал болады деп есептейді [6, 47 б.].

Е.А.Ақунченко, И.А. Дамм, Н.В. Щедрин ойларынша, қоғам шенеуніктерді қандай да бір мәселелерді шешуге ынталандыру әдісін қолдана отырып, мемлекеттік қызметкерлердің көмегіне жүгінетін болса, сыбайлас жемқорлық мәселесі ешқашан жойылмайды. Ал азаматтар проблемаларды шешу үшін мемлекеттік қызметшілерге жүгіну мүмкіндігін пайдаланбауы және пара немесе уағдаластықтың басқа тәсілдерін пайдаланбауы үшін мемлекеттік қызмет жүйесі бүкіл халықтың өмірін жеңілдету және көмек көрсету жөніндегі өзінің тікелей міндеттерін орындауы тиіс деп есептейді [7, 53 б.].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі келесіден тұрады: сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингі; сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа

қарсы ғылыми сараптама жүргізуді; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңдық сараптама жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық сипаты бар нормаларды анықтауды; сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыруды және сақтауды; қаржылық бақылауды; сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді; мүдделер қақтығысын болғызбауды және шешуді; кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлауды; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын жоюды; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыруды және жариялауды қамтиды [8].

Құқық бұзушылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңына сәйкес құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу, жою арқылы құқықтық тәртіпті сақтауға және күшейтуге бағытталған, құқық бұзушылық профилактикасының субъектілері жүзеге асыратын құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық шаралар кешені болып табылады. Құқық бұзушылық профилактикасы жалпы, арнаулы және жеке шаралар арқылы жүзеге асырылады [9].

Е.С. Кемалидің пікірінше, сыбайлас жемқорлық ұлттық экономикаға өте теріс әсер етеді, сыбайлас жемқорлар мен адал кәсіпкерлерді алдын ала тең емес жағдайға қояды, сыртқы және ішкі нарықтардағы бәсекелестікке нұқсан келтіреді, халықаралық аренада елдің теріс имиджін қалыптастырады. Сыбайлас жемқорлық экономикалық заңдардың еркін қолданылуын едәуір дәрежеде шектеді және әлемдік қоғамдастық алдында мемлекеттің беделін төмендетеді, сондай-ақ біздің еліміз үшін тиімді шетелдік инвестициялар мен заманауи технологиялар жолындағы басты кедергілердің біріне айналды. Бұл әсіресе халықтың өмір сүру деңгейіне теріс әсер етеді, әлеуметтік теңсіздікті, жаһандық кедейлік ауқымын арттырады [10, 106 б.].

К.М. Сердалиновтің сөзінше, сыбайлас жемқорлық көріністерінің көп бөлігі жасырын болып қалатындығы да проблема емес, яғни латентті, екі тарап үшін де, әдетте, мұндай фактілер туралы Құқық қорғау органдарына жүгінудің мағынасы жоқ, өйткені бұл қатынастарға қатысушылардың бірі пара беруші, ал екіншісі пара алушы болып табылады. Сондықтан құқық қорғау органдары мұндай қылмыстарды дәлелдеу мәселесіне тап болады. Жоғарыда айтылғандай, мемлекеттік қызмет көрсету қағидаттарының бірі мемлекеттік қызмет көрсету процесін үнемі жетілдіру болып табылады [11, 97 б.].

Сонымен, қобиртындылай келе қоғамдық қатынастарды реформалау және елдегі сыбайлас жемқорлық қылмыстар арасындағы қылмыстық жағдайдың шиеленісуі жағдайында парақорлықтың дамуы ерекше қауіпке ие болды. Бұл құқық бұзушылықтардың нәтижесі мемлекеттік және қоғамдық институттардың қалыпты жұмыс істеуіне, сондай-ақ еркін нарық алмасуына тікелей қауіп болып табылады. Өз кезегінде мемлекеттің конституциялық және экономикалық негіздеріне нұқсан келтіру оның қауіпсіздігіне нақты қатердің туындауын арттырады.

Пара беру және алу сияқты қылмыстардың дамуына ықпал ететін себептер: әлеуметтік-экономикалық қатынастардың күрделі, тармақталған жүйесі, мемлекеттің осы құбылысқа тиімді қарсы тұруға әлсіз мүдделілігі, қоғамның құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасының төмен деңгейі, аталған құқық бұзушылықтардың жоғары кідірісі болып табылады.

Парақорлық туралы істерді қараған кезде, адамның параны алып сол үшін пара берушінің мүддесіне орындауға немесе орындамауға жататын әрекеттердің шеңберін анықтау қажет. Осы ретте парақорлық үшін жауаптылық адамның параны әрекеттер немесе әрекетсіздік жасалғанға дейін немесе жасалғаннан кейін алған уақытына қарамастан, сондай-ақ параның алдын ала белгіленген-белгіленбегеніне, пара берушінің мүддесі үшін қандай да бір әрекеттердің орындалған-орындалмағанына қарамастан туындайтынын назарда ұстаған дұрыс.

Құндылықтарды, көрсетілетін қызметтерді, мүлікке құқықтарды немесе жеңілдіктерді алу шарты арнайы келісілмеген, сонымен қатар қылмысқа қатысушылар пара берушінің

мүддесін қанағаттандыру үшін пара беріліп отырғанын түсінген жағдайларда кінәлі адамдардың әрекеттері параны беру немесе алу деп танылуға тиіс.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы.
2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметі. – Астана. – 2022 жыл. – gamgor.kz (жүгіну мерзімі 12.11.2022).
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.
4. Глава государства Қасым-Жомарт Тоқаев провел совещание по вопросам противодействия коррупции Астана . – 2022 год ://forbes.kz/(дата обращения: 09.10.2022).
5. Сайтбеков А.М. Актуальные вопросы противодействия коррупции в системе государственных органов Республики Казахстан // Ученые труды Алматинской академии МВД Республики Казахстан.– №3(68) 2021. – С.45-50.
6. Кушниренко С. П. Особенности расследования взяточничества : учеб. пособие. – СПб., 2002. 108 с
7. Акунченко Е.А., Дамм И.А., Щедрин Н.В. Антикоррупционная безопасность избирательного процесса: состояние и перспективы // Национальная безопасность. – 2018. – № 1(54). – С. 53-64.
8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ.
9. Құқық бұзушылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңы.
10. Кемали Е.С. Уголовная политика Республики Казахстан в сфере противодействия коррупции // Вестник Академии правоохранительных органов. – № 1. – 2016. – С.105-109.
11. Сердилинов К.М. некорректные вопросы противодействия коррупционным проявлениям в сфере оказания государственных услуг // Вестник Академии правоохранительных органов. – № 1 (7). – 2018 . – С. 91-100.

Авторлар туралы мәліметтер

Дүйсенбаева Гульзипа Жұмабайқызы – Каспий қоғамдық университетінің PhD докторанты.

Молдабекова Зубайда Санайқызы – Алматы гуманитарлы-экономикалық университетінің аға оқытушысы, з.ғ.м.

Абижанов Сырым Маратович - Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының қылмыстық құқық, қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының доценті, PhD докторы, полиция подполковнигі.

Дүйсенбаева Гульзипа Жұмабаевна – PhD докторант Каспийского общественного университета .

Молдабекова Зубайда Санаевна– старший преподаватель Алматинского гуманитарно-экономического университета, м.ю.н.

Абижанов Сырым Маратович – доцент кафедры уголовного права, уголовно-процесса и криминалистики Алматинской академии МВД Республики Казахстан имени М. Есбулатова. доктор PhD, подполковник полиции.

Duysenbayeva Gulzipa Zhumabayevna – PhD doctoral student of the Caspian Public University.

Moldabekova Zubayda – Senior Lecturer at Almaty University of Humanities and Economics.

Abizhanov Syrym Maratovich – Associate Professor of the Department of Criminal Law, Criminal Procedure Law and Criminalistics of the Almaty Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after M. Esbulatov. PhD, Associate Professor, PhD.

А.Б. Ахмадиев¹, М.Е. Балгожина²

¹Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы,
Қарағанды, Қазақстан Республикасы

²Қазтұтынуодағының Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚК-НІҢ 217-БАБЫНДА БЕКІТІЛГЕН ӘРЕКЕТ БЕЛГІЛЕРІНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ

Осы мақалада қаржылық пирамидалардың қызметі үшін қылмыстық жауаптылықтың алдын алу әлеуетін арттыруға қатысты мәселелері қарастырылады.

Авторлардың пікірінше, қаржылық пирамиданы құру және оған басшылық ету қызметін экономикалық қызмет саласындағы қоғамдық қатынастарға, ал ҚР ҚК-нің 7-тарауының құрылымына қарай кәсіпкерлік қызмет саласындағы қол сұғушылық ретінде қарастыруымыз да шартты мәнге ие. Сондай-ақ, қаржылық пирамида қызметінен зардап шегушілер тарапынан олардың субъективті бағалауында мұны кәсіпкерлік субъектісі ретінде түсіндірулерінің де қисындық мәні бар. Қаржылық пирамидалар қызметінің ықтимал мүліктік залал келтіру тәуекелділігімен, яғни іс жүзінде меншіктік қатынастарға залал келтіретіндігімен қатар халықтың инвестициялық белсенділігін төмендетіп, сенімсіздік тудыратындықтан экономикалық үдерістердің қалыпты дамуына қауіп туғызатындығын да атап өтеді. Сондықтан осы мақаланың авторлары ҚР ҚК 217-бабының редакциясы қаржы пирамидаларын құрушы мен олардың қызметіне басшылық етушілердің жалпы саны белгісіз адамдар (ұйымдар) тобына мүліктік залал келтірудің ықтимал қаупіне қатысты ниетін толық көлемде көрсетпейді деп санайды. Осыған орай, ҚР ҚК-нің 217-бабын заңнамалық мәтінінде кінәлі адамдардың қаржы пирамидасының жұмыс істеуіне (дамуына) қарай сөзсіз қалыптасатын ниетіндегі өзгерісті көрсетуі қажет. Сондықтан зерттеушілер ҚР ҚК-нің 217-бабын төлемдер төлеумен байланысты бастапқы қиындықтар пайда болған сәттен бастап қаржылық пирамида құрушы және оған басшылық етуші адамдарды жауаптылыққа тартуды көздейтін жеке бөлікпен толықтыру қажет деген пікірлерін негіздеуге тырысады.

Түйінді сөздер: қаржылық пирамида, қылмыстық-құқықтық тыйым, меншіктік қатынастар, мүліктік залал, қылмыстық жауаптылық, инвестициялық белсенділік.

Уголовно-правовой анализ признаков деяния, регламентированного ст. 217 УК Республики Казахстан

В данной статье рассматриваются проблемы превентивного потенциала уголовной ответственности за деятельность финансовых пирамид.

По мнению авторов, отнесение деятельности по созданию и руководству финансовой пирамидой к посягательствам на общественные отношения в сфере экономической деятельности (а, исходя из структуры главы 7 УК РК, – в сфере предпринимательской деятельности) является условным. Вместе с тем, оно не лишено логики, поскольку со стороны потерпевших от деятельности финансовых пирамид можно констатировать их субъективную оценку именно в качестве субъекта предпринимательства. Кроме того, несмотря на то обстоятельство, что деятельность финансовых пирамид содержит потенциальные риски причинения имущественного ущерба (то есть фактически может причинить вред отношениям собственности), следует признать, что она также несет угрозу и для нормального развития экономических процессов, поскольку снижает инвестиционную активность населения, порождает недоверие, настороженность.

Авторы приходят к выводу, что редакция ст. 217 УК РК не в полной мере отражает динамику умысла создателей и руководителей финансовых пирамид в отношении потенциальной опасности причинения имущественного ущерба неопределенному кругу лиц (организаций).

Авторы полагают, что ст. 217 УК РК должна быть дополнена отдельной частью, в которой предусматривалась бы ответственность создателей или руководителей финансовой пирамиды на стадии возникновения первоначальных затруднений с выплатами «вкладчикам».

Ключевые слова: финансовая пирамида, уголовно-правовой запрет, отношения собственности, имущественный ущерб, уголовная ответственность, инвестиционная активность.

Criminal law analysis of the signs of the act established by Article 217 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan

This article discusses the problems of the preventive potential of criminal liability for the activities of financial pyramids.

According to the authors, the attribution of activities for the creation and management of a financial pyramid to encroachments on public relations in the field of economic activity (and, based on the structure of Chapter 7 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan, in the field of entrepreneurship) is conditional. At the same time, it is not without logic, since on the part of victims of the activities of financial pyramids, it is possible to state their subjective assessment as a business entity. In addition, despite the fact that the activity of financial pyramids contains potential risks of causing property damage (that is, it can actually harm property relations), it should be recognized that it also poses a threat to the normal development of economic processes, since it reduces the investment activity of the population, generates distrust, wariness.

Therefore, the authors of this article believe that the wording of Article 217 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan does not fully reflect the dynamics of the intent of the creators and managers of financial pyramids in relation to the potential danger of causing property damage to an indefinite circle of persons (organizations).

The researchers substantiate the conclusion about the legislative formalization in Article 217 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan of the modification of the intent of the perpetrators, which will inevitably occur as the financial pyramid functions (develops). In this regard, it is believed that Article 217 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan should be supplemented with a separate part, which would provide for the responsibility of the creators or managers of a financial pyramid at the stage of initial difficulties with payments to "depositors".

Keywords: pyramid scheme, criminal prohibition, property relations, property damage, criminal liability, investment activity.

ҚР ҚК-нің қазіргі қолданыстағы редакциясында көрініс тапқан түбегейлі шешімдердің бірі – қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық етумен байланысты қолсұғушылық объектісінің (меншік қатынасынан экономикалық қызмет саласына) өзгертілуі болып отыр. Бұл жерде мәселе объектіні анықтаудың техникалық мәнінде ғана емес, сондай-ақ кінәлі адамдарға қатысты қылмыстық қудалауды ұйымдастыру шараларының сапалық сипаттамасына да тигізер тікелей әсерінің болуында. Біз қарастырып отырған құрам бойынша объектіні (объектілерді) әдіснамалық дұрыс анықтау тек теориялық тұрғыдан ғана емес, қаржылық пирамида қызметімен байланысты криминалды инцидент жағдайларын саралау спецификасына әсер ететіндіктен практикалық қызмет тұрғысынан да маңызды.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстық-құқықтық қорғаудың тікелей объектілері дәрежесіне шығарылатын экономикалық қызмет саласындағы қатынастар ұғымын анықтауға қатысты даулы пікірлер бар. Олар Қазақстан Республикасы ҚК-нің 7-тарауына енгізілген тікелей объектілердің кез келгені мен жалпы осы әрекеттерді біртекті объектілер аясында біріктіруге мүмкіндік беретін белгілерді іздеудің өзі жөн бе деген мәселелер төңірегінде. Жалпы «экономикалық қылмыстар» ұғымын түсіндірудің кең ауқымдылығы осы қылмыстық құқық бұзушылықтар тобының шекарасын нақтыламау оның практикалық мәнін төмендетеді деп пайымдаймыз. Осы мәселені қарастырушы отандық ғалымдардың жұмыстарында «субъект материалдық пайда табатын кез-келген қылмысты экономикалықтар санатына жатқызуға болады», -деген пікір бар [1]. Бұл жерде қылмыстық-құқықтық құралдардың экономикалық қызмет саласындағы криминалды инциденттерге тигізер әсері тиісті қоғамдық

қатынастарды реттеуде шешуші мәнге ие емес. Олар экономикалық қызмет секторындағы деструктивті әлеуметтік қауіпті нысандарға ден қоюға арналған [2, б.120].

Қазір зерттеушілер үнемі тектік объектілерді бөліп көрсетуге арналған біріктереші белгілерді іздестіруде. Теорияда қалыптасқан экономикалық қызмет мәнін қылмыстық-құқықтық қорғау объектісі ретінде қарастырудың бірнеше теориялық түсіндіруіне тоқталсақ: 1) мемлекеттегі заңды экономикалық қызметті жүзеге асыру қағидатының жиынтығы [3]; 2) экономикалық қызметті жүзеге асыру мен ұйымдастырудың белгілі тәртібі [4]; 3) «халық шаруашылығы» термині шеңберінде біріктіруге болатын қатынастар жиынтығы, яғни материалдық құндылықтарды өндіру, бөлу және тұтыну жөніндегі қатынастар кешенімен байланысты ерекше сала [5]; 4) экономикалық қызметке қатысушылар (субъектілер) арасындағы құқықтық қатынастар шеңберіндегі бұзушылықтар [6]; 5) тұтастай алғанда, экономикалық қызмет саласындағы құқық тәртібі қылмыстық-құқықтық тиым салу арқылы қорғауды талап ететін қатынастардың барлық жиынтығы ретінде [7] және тағы да басқалар. Сөйтіп, зерттеушілер әртүрлі салаларды бір объектіге біріктіруге мүмкіндік беретін қосшы факторларды іздеуге ұмтылады деген қорытынды жасауға болады.

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар жүйесіне қатысты (яғни қолсұғушылықтың қандай да бір тікелей объектісін фактілі түрде жіктеу бойынша) әралуан көзқарастың аз еместігін атап өткен жөн. Зерттеушілердің көпшілігі жүйені (жіктеуді) құру кезінде қолданыстағы қылмыстық заңнаманың құрылымы мен қолданыстағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тиісті құрамдарының дәйекті орналасуына мән береді. Мысалы, ҚР ҚК-нің 7-тарауына қисындық-құрылымдық талдау жасау кезінде заң шығарушының ҚР ҚК-нің 217-бабында көзделген қылмыс құрамын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың белгіленген тәртібіне қол сұғушылық ретінде қарастырады. Мұндай тұжырым жасауға баптың орналастырылу реті мен тікелей диспозицияда «қаражатты кәсіпкерлік қызметке пайдаланбай» деген сөз тіркесінің пайдаланылуы әсер етіп отыр. Сондай-ақ, кәсіпкерлік қызмет кінәлі адам осы қызмет түріне зиян келтіруі немесе зиян келтіру қаупін тудыруы мүмкін заңсыз әсері бар бірқатар белгілермен сипатталады. Себебі, «кәсіпкерлік» ұғымының легалды дефинициясына ақша қаражатының, мүліктің және өзге де материалдық активтердің жай ғана орынауыстыруының (қайта бөлінуінің) ғана емес, оларды пайдалануға байланысты минималды белсенділіктің болуын белгілейтін экономикалық динамика элементтерін жатқызамыз.

Арнайы зерттеулердің авторлары белгілегендей, кәсіпкерлік қызметтің әлеуметтік-құқықтық табиғаты осы қызметтің дербестігі, оның тәуекелділік сипаты мен жүйелі түрде пайда табу сияқты белгілерден тұрады [8]. Сондай-ақ, кәсіпкерлік ұғымының легалды анықтамасынан тікелей туындайтын кәсіпкерлік қызметті қызметтің қандай да бір түрін көрсету, мүлікті пайдалану, тауарды өндіру немесе сатып алу-сату және т.б. байланысты деген [9] пікірді әділ деп пайымдаймыз. Кәсіпкерліктің бүкіл экономикалық динамикасын біріктіруге бағытталған қандай да бір шаруашылық қызметті жүзеге асыру белгісі біз қарастырып отырған зерттеу шеңберіндегі ең маңызды фактор. Жалпы қаржылық пирамиданы құруға байланысты қызмет дербес, тәуекелділік элементтері бар және жүйелі түрде пайда табуға бағытталған деген пікірді жөн санаймыз. Алайда, қаржылық пирамида қызметі қандай да бір шаруашылық жұмыс түріне айналған экономикалық динамика элементтерін айқындамайтындықтан оны легалды кәсіпкерлікке де, тыйым салынған кәсіпкерлік қызметке де жатқыза алмаймыз.

Ғылымда кәсіпкерлік қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды топтастырудың бірқатар түрлері бар. Жалпы түрде оларды негізгі екі топқа бөлуге болады. Зерттеушілер бірінші топқа жатқызудың түрлі өлшемдерін ұсынғанымен оларды негізінен кәсіпкерлік қызметке қол сұғушы қылмыстар тізімін кеңінен түсіндіруге деген бейімділік біріктіреді. Бұл топқа заңсыз жолмен алынған табысты заңдастыруға байланысты әрекеттерді жатқызу [10]; кәсіпкерліктің түрлі салаларына қолсұғушылық жасау мен оны қылмыстық-құқықтық қорғауға (оған кредит пен банк саласындағы қызмет, экономикалық ортадағы бәсекелестікті қамтамасыз етуге байланысты мәселелер және т.б.) байланысты топтарға бөлу

[11]; адал кәсіпкерлікті қорғауға байланысты жеке нормаларды оқшаулау [12] және тағы да басқа көптеген топтастырулар туралы пікірлер жатады. Біздің пайымдауымыз бойынша И.А. Клепецкийдің кәсіпкерлік қызметке қарсы қылмыстарға экономикалық (шаруашылық) қатынастарға жататын әрекеттерді жатқызуы туралы пікірі дұрыс болып көрінеді [13]. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы қылмыстарды топтастыру жүйесінің кеңдігіне қарамастан зерттеулерді қарастыра отыра авторлардың қаржылық пирамиданы құру және басшылық етуге байланысты қол сұғушылықтарды қандай да бір релевантты топқа жатқызуға тиісті негіз таба алмайтындықтарына көз жеткіздік [14]. Сондай-ақ, сот практикасы, соның ішінде жоғары сот инстанциялары материалдарын жүйелеу барысында кәсіпкерлік қызмет саласындағы қолсұғушылық фактісін анықтау кезінде бірқатар жағдайларды ескеру қажеттігін белгілейді: Біріншіден, кәсіпкерлік қызметтің болу фактісін немесе оның басқа да заңсыз қызмет түрлерін бүркемелеу үшін жасалғандығын нақты анықтау. Екіншіден, кәсіпкерлік қызметтің белгілері анықталған жағдайда оның заңдылық параметрлерін ескеру. Үшіншіден, тиісті қол сұғушылықтың нақты кімге залал келтіргендігін анықтау (бұл жерде біз экономикалық қылмыстардың едәуір бөлігінің меншікке қол сұғушылықпен, атап айтқанда, әртүрлі алаяқтық әрекеттермен үйлесу фактісін айтамыз) [15]. Осы жағдайларды ескере отырып, қаржылық пирамиданы құру және басшылық етуге байланысты қызметке кәсіпкерлік қызмет белгілерінің де, кәсіпкерлік атын жамылған басқа қызмет түрлері белгілерінің де тән еместігін байқадық.

Тиісінше ҚР ҚК 217-бабында қарастырылған қолсұғушылықты кәсіпкерлік немесе жалған кәсіпкерлік ретінде бағалай отыра оны мемлекеттің экономикалық жүйесіне қол сұғуға жатқызу туралы пікір де даулы болмақ. Екінші жағынан, тиісті әрекеттің экономикалық қатынастар жүйесіне қол сұғушылықтың түріне жататындығы келтірілген зиянның ерекшелігі арқылы анықталуы мүмкін. Зерттеушілер қазіргі уақытта «екінші буындық» қаржы пирамидаларының жұмыс істеуі жағдайында (яғни, кәсіпкерлік субъектілерінің басшылығымен емес, неғұрлым күрделі, бүркемеленген нысандарда жұмыс істеу) олар кәсіпкерлік қызмет ретінде топтасырылмағанымен экономикалық қызмет саласындағы қатынастар қол сұғушылықтың тікелей объектісі болып қала беретіндігін айтады [16]. Қаржы пирамидаларын құру мен олардың қызметінің тікелей объектісі экономикалық (атап айтқанда кәсіпкерлік қызмет) саласындағы қатынастар болып табылады деген пікірді ұстанушы авторлар өздерінің ұстанымдарын қаржы пирамидалары жәбірленушілер тарапынан әрдайым кәсіпкерлік субъектілері ретінде бағаланатындығымен негіздейді [17].

Осы аспектіні қарастыруда отандық зерттеуші А.М. Алибекованың «қазіргі заманғы қаржы пирамидаларының қатысушылары дивидендтерінің жоғалу қаупі туралы біледі, көп жағдайда олар тез және жеткілікті жоғары кіріс алу үшін саналы түрде осындай қаржы кәсіпорындарының қатысушылары болады. Сондай-ақ, қатысушылардың әрқайсысы өзінің жинақтарымен ештеңе болмайды және дивиденд алуына уақыт болады деп сенеді», - деген көзқарасы біз үшін қызықты болып көрінеді [18]. Сөйтіп автор қаржылық пирамиданы құру және оған басшылық етумен байланысты әрекеттерді алаяқтық ретінде қарастырудан бас тартады. Сонымен қатар, ол жәбірленуші болуы ықтимал адамдар өздеріне мүліктік залал келтіру тәуекелділігі жайлы білетіндігіне басты назар аударады. Мұндай біржақты пікірдің негізділігі күмәнді болып көрінеді. Себебі, қаржылық пирамида қызметі түрлі заңды, соның ішінде кәсіпкерлік, инвестициялық қызмет нысаны (мысалы, қорлық биржаларға қатысу, құрылыс объектілеріне салым жасау және т.б. байланысты делдалдық қызмет) болып бүркемеленуі мүмкін.

Осы жағынан алғанда ҚР ҚК-не берілген түсіндірме авторларының «қаржылық пирамида қызметінің шынайы мәнін бұрмалау немесе жасырған жағдайда ұйымдастырушы алаяқтық үшін жауаптылыққа тартылуы мүмкін. Егер де алдау фактісі болмаса, мысалы қатысушыларға инвестициялық салымдарды жоғалту тәуекелділігі жайлы ескертілген болса, онда оны ұйымдастырушыларды егер мұндай жауаптылық заңмен қарастырылған болса қаржылық пирамиданы құрғаны үшін тартуға болады», - деген пікірлері әділ бағалауға ие деп

пайымдаймыз [19]. Басқа жағынан алып қарайтын болсақ, ықтимал тәуекелділік туралы салымшыларды алдын ала хабардар ету механизміне қатысты сұрақ туындайды, өйткені тиісті қылмыстық бизнестің тиімділігі тиісті ескертулер мен сол ескертулердің болуынан айтарлықтай зардап шегуі мүмкін. Керсінше, жаңадан пайда болған қаржылық пирамидалардың «тартымдылығы» нақты осы ұйымның жоғары және тұрақты кіріс көзі екендігіне сендіруден тұрады, сондай-ақ, азаматтардың сенімдерін арттыру және олардың қаржылық қырағылығын күрт төмендету үшін алдыңғы қаржы пирамидаларын жамандау және сынға алу жағдайлары да жоққа шығарылмайды. Зерттеушілер қаржылық пирамида қызметіне қатысты соттық-тәжірибе қызметіне сілтеме жасай отыра, қазіргі қаржылық – пирамидалық құрылымдарға заңды қаржылық-шаруашылық қызметті имитациялау, тіптен салымшылар төлемді жүзеге асыратын көздер туралы (яғни, алдыңғы салымшылардан түскен қаражаттан) хабарламалар көрсетілетін салық органдарына есеп беру құжаттарын ұсыну, тіптен қызмет тоқтатылатын жағдайда салымшыларға алдын ала ескертілетіні сияқты неғұрлым күрделі тетіктер тән екендігін белгілейді [20].

Өз зерттеулерінде О.Г. Карпович те: «қазіргі заманғы қаржы пирамидаларының қауіптілігі олардың экономикалық қызметтің жаңа нысандары мен әдістеріне икемді бейімделуінде, нарық конъюнктурасына жедел ден қоюы, техникалық жаңалықтарды пайдалануымен ерекшеленеді» [21] дегенді айтады. Яғни, қазір ғылыми және практикалық қауымдастық қаржы пирамидаларының қызметіндегі қасақана бұрмалаулардың, жалған құрылымдардың, қаржылық пирамида қызметіндегі бүркемелену элементтерін анықтау жолымен жүруде. Сондай-ақ, алаяқтық әрекеттер дәстүрлі алаяқтық құрамында криминологиялық аспектіде қылмыстық-құқықтық тұрғыдан қалай бағаланады деген сұрақ туындайды. Алаяқтық пен қаржы пирамидасын құру және оған басшылық ету жөніндегі қызметті неғұрлым нақты ажырату мәселесі неғұрлым тиімді шешімді талап ететіндіктен бұл мәселеге әлі оралатын боламыз.

Қаржылық пирамида қызметіндегі қол сұғушылық объектісі қылмыстық заңнаманың Ерекше бөлігі құрылымында белгіленген заң шығарушы шешіміне қарамастан ең бір даулы мәселелердің қатарында [22]. Кейбір авторлар қаржылық пирамидалар қылмыстық-құқықтық қорғаудың тікелей объектісі ретінде меншікке қол сұғатындықтан оны алаяқтық әрекеттің бір нысаны ретінде қарастыруды жөн санайды [23]. Арнайы зерттеулерде, құқық қорғау органдары қызметкерлері арасында сауалнама жүргізу барысында олардың жартысына жуығы (47,2%) тиісті заңсыз әрекеттің объектісі меншік қатынастары екендігін белгілеп, тек біраз бөлігі (39,4 %) қылмыстық заң құрылымында бұл қол сұғушылықтың тікелей объектісін өзгерткен дұрыс дегенді айтқан [17].

Бұл ретте қаржылық пирамидалар қызметі үшін қылмыстық жауаптылықты жүзеге асыру мәселесіне қатысты дау туындаған жағдайда қол сұғушылықты алаяқтық (яғни меншікке қарсы қол сұғушылық) ретінде саралау қылмыстық-құқықтық «резервтің» бір түрі ретінде қарастырылатынын көрсету қажет деп санаймыз [24]. И.Г. Сафаровтың пікірі бойынша «қаржылық пирамидалар күрделі көпобъектілі криминалды деликт» [25]. Бұл пікір бөлек көңіл бөлуді қажет етеді деп санаймыз. Бұл ретте қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтың белгілі бір түрін бағалаудың қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілерінің өзара байланысы сәйкес келетінін есте ұстаған жөн. Бір жағынан криминологиялық зерттеулер нақты қылмыстылық сегментімен (жеке қылмыстық қол сұғушылық) байланысты шынайы әлеуметтік процестерді нақтыласа, екінші жағынан көбіне криминологиялық бағалауда қылмыстық – құқықтық тыйымның тиімділігі мен қандай да бір қылмыстық құқық бұзушылық түрі мен жауаптылықты жүзеге асыру механизмінде көрініс табатын белгілер мен элементтер ескеріледі.

Теорияда белгіленгендей, «қылмыстық заңның криминологиялық негізділігінің және оны қолдану практикасының өлшемі жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қылмыстан қауіпсіздігінің жай-күйі болуға тиіс» [26]. Бұл жайында отандық зерттеуші А.Е. Мизанбаев: «...қылмыстық шындықты зерттеу қылмыстық-құқықтық қатынастар құрылымында туындайтын қайшылықтарды түсінуге мүмкіндік береді ...», -деп әділ бағасын береді [27].

Қаржылық пирамидалар қызметіне қатысты криминалдық шындық оның қызметінің әртүрлі кезеңдері, әр кезеңнің өз ұзақтығы бар екендігін, бірақ пирамиданы құру оны үнемі жарнамалау, қызметін жетілдіру, ортада жағымды имидж қалыптастыру сияқты сыртқы «жетістік» белгілерімен сипатталатындығын көрсетеді. Д. Энрикес айтқандай: «табыстылық шыңында пирамидалар таңқаларлықтай зиянсыз» [28]. Ал қаржылық пирамидаларды құру және оған басшылық ету қызметі қылмыстық-құқықтық бағалауда криминалогиялық аксиомадан тұрады, себебі кез келген қаржылық пирамида мүліктік залалға әкеледі. Тиісінше, қаржылық пирамидаларды құру және оған басшылық етуге байланысты қызметтің қылмыстық сипатының жалғаспалығын ескере отыра, бастапқы кезеңде (яғни, заң шығарушы ҚР ҚК-нің 217-бабы бойынша жауаптылыққа тарту мүмкіндігін байланыстыратын кезең) оның объективті қоғамдық қауіптілігі шынайы емес, болжамалы, криминалогиялық шынайылықпен дәлелденген сипатқа ие екендігін айта кеткен жөн.

Бұл жағдай қылмыстық-құқықтық тиымның криминалогиялық негізділігінің мәнін айқындай түседі. Заң шығарушы қаржы пирамидасының қызметі үшін қылмыстық жауапкершілікті жүзеге асырудың алдыңғы тәжірибесі салымшыларға нақты зиян келтіру фактілерімен (яғни пирамиданың жұмыс істеуінің соңғы сатысында) байланысты екендігін белгілеп отыр. Осыған байланысты А.Я. Аснис айтқандай, қаржылық пирамиданы құру қызметін криминализациялаудың себебі «құқық қолданушының қылмыстық заңның қолда бар мүмкіндіктерін қаржы пирамидаларына қарсы қылмыстық-құқықтық күрес мақсаттары үшін пайдалана алмауы ғана емес, сонымен қатар алаяқтық үшін жауапкершілік туралы норманың (нормалардың) құқықтық қасиеттері, алаяқтық құрамының кейбір белгілерінің пирамида схемасының белгілеріне сәйкес келмеуі» болып отыр [24].

Екінші жағынан, заң шығарушының шешімін қаржы пирамидаларының қызметіне превентивті қылмыстық-құқықтық әсер етуді едәуір жақсарту тұрғысынан да ең тиімдісі деуге болмайды. ҚР ҚК-нің 217-бабы құрамының құрылысының формальды (немесе келте) екендігіне қарамастан отандық құқық қорғау органдары өкілдерінің ресми түсініктемесі әрдайым қаржылық пирамидалар қызметінің мүліктік залал келтіретіндігін көрсетеді. Бұл жағдай қаржылық-пирамидалық құрылымдарды құрылу кезінде жауаптылыққа тартылу фактісінің салыстырмалы түрде сирек кездесетіндігін көрсетеді. Сондай-ақ, қылмыстық іс материалдары, әдетте, салымшылардың аз ғана бөлігінің арыздары негізінде, көп жағдайда алаяқтық құрамының белгілері бойынша қозғалатындығын көрсетеді [29]. Қаржылық пирамиданы құру кезеңінде қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселесі (ҚР ҚК-нің 217-бабының 1-бөлігінде көрсетілгендей) тіптен жеткілікті негіздер, яғни тиісті шешім шығару үшін қажетті формальды белгілер жиынтығы болған жағдайдың өзінде оны іске асырудың нақты, пысықталған тетігі жоқ. 2021 жылғы қазан айының басында ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі заңсыз қызметтің қандай да бір белгілері бар компаниялардың тізімін жариялады. Атап айтқанда, Tengrinews-тің қолжетімді ресми ақпараттық ресурсында «тізімге 121 компания, оның ішінде қаржылық пирамида белгілері бар 56 ұйым және қызметінде заңсыз қызмет белгілері анықталған 65 заңсыз инвестициялық делдалдар (жалған брокерлер)» енгізілгені көрсетілген [30]. Бұл жерде қаржы нарығы субъектілерін хабардар етуге байланысты тиісті алдын алу шаралары ҚР ҚК 217-бабында белгіленген қылмыстық-құқықтық тиым болған кезде қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселелерімен неге сәйкес келмейтініне қатысты заңды сұрақ туындайды. Яғни, ҚР ҚК-нің 217-бабында көзделген қоғамға қауіпті іс-әрекетті объективтендірудің бастапқы кезеңі туралы мәселе іс жүзінде түсініксіз болып қалуда, ал одан осы құрам негізінде кінәлі адамдарға айып тағу үшін жеткілікті негіздердің болуы туралы мәселе туындайды. Қылмыстық құқық теориясында қылмыстық қол сұғышылық құрамының объективтік жағын құрылымдауда күрделілік туғызатын жалғаспалы, созылмалы құрамалы құрам сияқты нысандар бары баршамызға мәлім. Қаржылық пирамидалардың қызметін жалғаспалы сипатқа ие деп айтуымызға болады. Себебі, ол оны құру сәтінде, бірінші салымдар жасалған сәтте басталып, тиісті қызмет түрінің аяқталуына әкелуші жағдай немесе оқиғаға дейін (яғни, объективті түрде қаржы пирамидасының өзі немесе сыртқы факторлар әсерінен күйреген сәтке дейін)

жалғасады. Ал, нақты доктриналды көзқарас тұрғысынан қаржылық пирамидалар қызметінде жалғаспалы қылмыстылық белгілері жоқ десек қателеспейміз. Отандық сот қоғамдастығының өкілі И.А. Есенбаев өз еңбегінде атап көрсеткендей, «жалғаспалы қылмыстың басталу сәті бір жалғаспалы қылмысты құрайтын бірнеше ұқсас қылмыстардың ішінен алғашқы әрекетті жасауы болып есептелуге тиіс» [31]. Сөйтіп, ҚР ҚК-нің 217-бабымен қарастырылатын қылмыстарды жалғаспалы қылмыстық құқық бұзушылықтардың бір түріне жатқызу үшін осы жалғаспалылықта көрсетілетін әрекеттердің әрқайсына жаза көзделген болуы қажет. Алайда, арнайы зерттеу жұмыстарында әділ белгіленіп өткендей, «кейбір қылмыстарға жалғаспалы әрекеттер тән болғанымен, ол әрекеттерді қылмыстық деп айта алмаймыз» [32]. Бұл жерде әңгіме қандай да бір ұйымдастырушылық сәттермен байланысты қылмыстар жайында (мысалы, жаппай тәртіпсіздіктерді ұйымдастыру, притондарды ұйымдастыру және ұстау, тыйым салынған бірлестіктер мен құралымдардың қызметін ұйымдастыру және т.б.) болып отыр.

Бұл тұрғыдан алғанда ҚР ҚК-нің 217-бабын іс жүзінде қылмыстық қол сұғушылықтардың осы тобына жатқызамыз, өйткені оны жалғаспалы қылмыс ретінде бағалау мүмкін емес, бірақ онда белгілі бір жалғаспалы қылмыстық әрекеттің айқын белгілері бар екендігін де жоққа шығара алмаймыз. Дәл осы жағдайлар қаржы пирамидасын құру қызметі үшін қылмыстық жауапкершілікке тартудың бастапқы сәтін нақты анықтау өте қиын болатындығын анықтайды. Мұнда іс жүзінде төмендегі мән-жайлар бар: 1) бұл қызмет белгілі бір жүйені, бірізділікті қалыптастырғанымен, міндетті түрде ұқсас іс-әрекеттерді құрамайды (атап айтқанда, қаржы пирамидасының филиалдарын құру және дамыту бойынша жұмыстармен бірге салымдарды алу және қайта бөлу сияқты жұмыстар қатар жүргізілуі мүмкін); 2) қаржы пирамидасының қызметіндегі іс-қимылдардың едәуір бөлігі аяқталған қылмыс сатысында жүзеге асырылуы мүмкін (ҚР ҚК 217-бабы құрамының формальды немесе келте құрылымына сүйене отырып); 3) жасалған әрекеттердің жиынтығы (салымдарды алу, «инвестициялық кірісті» төлеу) қылмыстық емес мінез-құлық актілерінің реттілігі есебінен қылмыстық сипатқа ие болады.

ҚР ҚК-нің 217-бабы шеңберінде қылмыс деп танылған әрекеттің көрсетілген ерекше объективті белгілерінен басқа, ол әрбір жеке алынған уақыт кезеңінде өзінің қарқындылығы бойынша анық біртекті емес екендігін атап өткен жөн. Біз жоғарыда атап өткендей, кез келген қаржы пирамидасының қызметі белгілі бір кезеңдерден тұрады. Онда белсенділіктің шарықтау сәттері («гүлдену кезеңі») біраз уақыттан соң бәсеңдеу кезеңімен (қаржы пирамидасын сақтау үшін қосымша салымдар тарту әрекеттері) ауыстырылады және соңы қаржы пирамидасының құлдырауы, яғни, аяқталу кезеңімен тоқтайды. Демек, бұл жерде зерделеніп отырған қылмыс объектісі туралы мәселеге қайта оралу негізді болмақ, өйткені оған берілетін түсіндіру қылмыстық құқық теориясы үшін дәстүрлі емес. Қаржылық пирамиданы ұйымдастырудағы қол сұғу объектісін экономикалық сипаттағы белгілі бір әлеуметтік қатынастар ретінде анықтауда белгілі бір қиындықтар бар. Шынында да, азаматтардың қаржы пирамидасының қызметіне қатысуы ерікті болып табылады (біз азаматтардың қаржы пирамидаларының қызметіне қатысты белгілі бір дәрежеде хабардар екендігі жайлы бұрын келтірілген ұстаныммен келісеміз). Сондай-ақ, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың өз активтеріне өз қалауы бойынша билік етуінен, оның ішінде қаржы пирамидасы қызметіне тәуекел ете отырып қатысқандарынан экономикалық жүйеге нақты зиян келетіндігін дәлелдеуші негіздер жоқ. Дегенмен, отандық заңшығарушының ҚР ҚК-нің 217-бабында қарастырылған қол сұғушылық объектісін экономикалық қызмет саласындағы қоғамдық қатынастар ретінде белгілеуін әдіснамалық тұрғыдан қисынды деп пайымдаймыз. Зерттеушілер әділ баға беріп өткендей, қаржылық пирамида қызметінің мемлекеттің экономикалық жүйесі үшін қаржылық пирамидалардан зардап шеккен азаматтардың бұдан әрі инвестициялық тетіктерді пайдалануға зауқыларының соқпауы, қаржы пирамидалары көбінесе өздерін заңды банктік қызметке қарағанда тиімді қаржы құралдары ретінде көрсететіндіктен заңды банк жүйесіне деген сенімдерінің төмендеуі

сияқты ұзақ мерзімді зиянды салдарға ие [25]. Яғни, кез келген қаржылық пирамида мемлекеттің экономикалық жүйесінің беделіне кем дегенде ықтимал қауіп тудырады.

Сонымен қатар, қаржылық пирамиданы құру фактісі салымшылардың едәуір бөлігі өздерінің қомақты ақша қаражатынан немесе өзге де активтерден айрылу себебінен жәбірленуші болып шығатындықтан меншіктік құқықтық қатынастарды қауіпті жағдайға қояры сөзсіз [13]. Сөйтіп, меншікке қатысты қоғамдық қатынастар мен экономикалық қызмет саласындағы қоғамдық қатынастар ҚР ҚК-нің 217-бабында көзделген қылмыс құрамы мазмұнында бір-бірімен бәсекелес емес екенін мойындау керек. Меншік қатынастарын экономикалық қызмет саласындағы қоғамдық қатынастарды қорғау арқылы жанама түрде қорғалатын фокус-объект ретінде анықтауға болады. Сондай-ақ, қаржылық пирамиданы құру аясында қолсұғушылық объектісі ретінде экономикалық қызметті қорғау қазіргі уақытта меншік қатынастары арқылы объектіленген, себебі қаржы пирамидасы ыдырау сатысына (күйреу) жеткен жағдайда меншіктік қатынастарға зиян келтіріледі.

Ал қазіргі қолданыстағы ҚР ҚК-нің 217-бабында көзделген меншіктік қатынастар фокус-объект ретінде қажетті дәрежеде қорғалмаған. Қаржылық пирамидаларды құрушылардың өз әрекеттерін бүркемелеу үшін түрлі тәсілдерді қолданып, заңды қаржылық-шаруашылық қызмет жүргізіп жатқандай болып көрінуге ұмтылуы (атап айтқанда келісім-шартта қызметтерінің тоқтау мүмкіндігі туралы хабарламаның болуы сияқты мазмұн), арқылы салымшыларға мүліктік залал келтірілген жағдайда алаяқтық құрамын әшкерелеу (ҚР ҚК 190-б.) өте қиын. Дегенмен, алдында айтып өткендей, қаржылық пирамиданы құру кезінде, яғни нақты мүліктік залал келтіргенге дейін кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту қиындығын ескере отырып, көп жағдайда ҚР ҚК-нің 217-бабы ережелерін қолдану келтірілген залал фактісіне байланысты болмақ. Бұл жерде қаржылық пирамиданы құрудың бастапқы кезеңінде осы қызметпен айналысушы адамның салымшыларға залал келтіру туралы ойы мүлдем болмауы да мүмкін. Кінәлі адам (пирамиданы құрушы) бастапқы капиталды толықтыру, уақытша қаржылық қиындықтан шығу үшін қаржылық-пирамидалық мақсаттарды пайдалану және т.б. «қаржылық авантюризм» уәждерін басшылыққа алуы мүмкін. Тиісінше, бұл жағдайда ҚР ҚК 217-бабы және ҚР ҚК 190-бабының жиынтығы бойынша саралау өте қиын. Бұл жағдайды шешу үшін ҚР ҚК-нің 217-бабын заңнамалық тұрғыдан ресімдеуде қаржылық пирамидасының жұмыс істеуінде сөзсіз көрініс табатын кінәлі адамдардың ниетін көрсету орынды деп санаймыз. Егер бастапқы кезеңде салымшыларға мүліктік залал келтіру туралы ниетті іс жүзінде әшкерелеу мүмкін болмағанымен (бір жағынан осы себептен де қылмыс құрамы құрылысы бойынша формальды немесе келте болып отыр), инерциялық күйдің туындау кезеңінде жағдай түбегейлі өзгереді. Қаржылық пирамиданы құрушыларда салымшы алдындағы міндеттерді орындауға байланысты қиындықтар шыққан сәттен бастап олардың әрі қарайғы қызметі қоғамдық қауіпті сипатқа ие болады. Себебі, олардың санасында кем дегенде салымшыларға мүліктік залал келтіру туралы жанама ниет сөзсіз қалыптасады. Сондықтан, ҚР ҚК-нің 217-бабын төлемдер төлеумен байланысты бастапқы қиындықтар пайда болған сәттен бастап қаржылық пирамида құрушы және оған басшылық етуші адамдарды жауаптылыққа тартуды көздейтін жеке бөлікпен толықтыру қажет деп санаймыз.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Онаева Г.Т., Ахметова А.К. О понятии преступлений в сфере экономической деятельности // Вестник КарГУ. – 2007. – URL: <https://articlekz.com/article/5233> (кіру күні 10.08.2022).
2. Базилова А.А., Рахметова Т.А., Э. Алимова Қаржы пирамидалары және олармен күресудің халықаралық аспектілері // Қазақстан Республикасы ПМ Алматы академиясының ғылыми еңбектері. – №1(70). – 2022. – 119-124 бб.
3. Лопашенко Н.А. Преступления в сфере экономики: авторский комментарий к уголовному закону (раздел VIII УК РФ). – М., 2006. – С. 213–214.
4. Волженкин Б.В. Преступления в сфере экономической деятельности (экономические преступления). – СПб., 2002. – С. 81-82.
5. Клепицкий И.А. Система хозяйственных преступлений. – М., 2005. – С. 120-121.

6. Шишко И.В. Экономические правонарушения: вопросы юридической оценки и ответственности. – СПб., 2004. – С. 26-27.
7. Трунцевский Ю. Экономический порядок как объект посягательства и материальный признак преступления // Уголовное право. – 2007. – № 2. – С. 72–76.
8. Климова А.Н. К вопросу о понятии и признаках предпринимательской деятельности // Вестник КГУ. – 2016. – № 6. – С. 182-183.
9. Попова И.Н. Предпринимательская деятельность как объект уголовно-правовой охраны // Законность и порядок в современном обществе. – 2016. – № 30. – С. 120-121.
10. Устинова Т.Д. Актуальные проблемы уголовной ответственности за преступления, посягающие на предпринимательскую деятельность: автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. – М., 2005. – С. 14.
11. Боголюбовский С.С. Уголовная политика в области предпринимательской деятельности: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. – М., 2013. – С. 12.
12. Мазур С.Ф. Уголовно-правовая охрана экономических отношений в сфере частного предпринимательства: автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. – М., 2004. С. 17.; Хакулов М.Х. Преступления, посягающие на свободу и добросовестность конкуренции в сфере предпринимательской деятельности: автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. – М., 2008. – С. 7.
13. Anzhu A, A., Pshenichnikov V.V. Phenomenon of financial pyramids: nature and design //Advances in Economics, Business and Management Research, volume 38.<https://www.atlantispress.com/article/25885405.pdf>
14. Жилкин М.Г. Средства дифференциации уголовной ответственности за преступления в сфере предпринимательской деятельности // Научный портал МВД России. – 2017. – № 4. – С. 61.
15. Жилкин М.Г. Понятие и классификация преступлений в сфере предпринимательской деятельности // Евразийская адвокатура. – 2018. – № 5 (36). – С. 100.
16. Белицкий В.Ю. Уголовная ответственность за организацию деятельности по привлечению денежных средств и (или) иного имущества (ст. 172.2 УК РФ) // 81Алтайский юридический вестник – 2017. – № 1 (17). – С. 80-81.
17. Харьков А.В. Непосредственный объект преступного посягательства по ст. 172.2 УК РФ // пробелы в российском законодательстве. – 2017. – № 4. – С. 176.
18. Алибекова А.М. Некоторые вопросы квалификации создания и руководства деятельностью финансовой (инвестиционной) пирамидой. – URL: <https://online.zakon.kz/> (кіру күні 02.08.2022).
19. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан /Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», – 2016. – 752 с. – С. 377.
20. Лаптева Е.В. Финансовая пирамида: феномен и исторические прецеденты // Актуальные проблемы российского права. – 2016. – № 12 (73). – С. 26-27.
21. Карпович О. Г. Актуальные правовые проблемы борьбы с финансовым мошенничеством. – М. : ЮнитиДана, 2011. – С. 3.
22. Назарова Н.Л., Семенченко О.Д. Уголовно-правовая квалификация деятельности финансовых пирамид // Вестник КГУ им. А.Н. Некрасова. – 2016. – № 4. – С. 232-235.
23. Курбанова Д.Н. Финансовые пирамиды как вид мошенничества // Вестник дагестанского государственного университета. - Серия 2: Общественные науки. – 2013. – № 2. – С. 137-140.
24. Аснис А.Я. Некоторые проблемы уголовной ответственности за организацию финансовых пирамид // Адвокат. – 2016. – № 11. – С. 21-29.
25. Сафаров И.Г. Организация деятельности по привлечению денежных средств и (или) иного имущества: юридико-технический анализ // Вестник Казанского юридического института МВД России. – 2016. – № 4(26). –С. 112-114.
26. Шебанов Д.В. Криминологическая обоснованность уголовного закона и практики его применения в сфере охраны собственности // Гуманитарные, социально-экономические и общественные науки. – 2016. – № 10. – С. 183.
27. Мизанбаев А.Е. О поиске новой парадигмы модернизации механизма уголовно-правового регулирования. – URL: <https://www.zakon.kz/> (кіру күні 19.08.2022).
28. Энрикес Д. Чародей лжи. Как Бернард Мэдофф построил крупнейшую в истории финансовую пирамиду. – М.: Азбука Бизнес, 2014. – С. 514.
29. Финансовые пирамиды в Казахстане. 180 уголовных дел за последние три года. – URL: <https://informburo.kz/> (кіру күні 03.08.2022).
30. Опубликован список компаний с признаками финансовой пирамиды. – URL: <https://tengrinews.kz/> (кіру күні 10.10.2022).
31. Есенбаев И.А. Вопросы квалификации преступлений. – URL: <https://www.zakon.kz/> (кіру күні 10.08.2022).
32. Нагаева Н.И. Продолжающиеся преступления // Северо-Кавказский юридический вестник. – 2011. – № 2. – С. 75.

Авторлар туралы мәліметтер

Ахмадиев А.Б. – Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы жоғары оқудан кейінгі білім беру факультетінің 3 курс докторанты, полиция майоры.

Балгожина М.Е. – Қазтұтынуодағының Қарағанды университеті жалпы құқықтық және арнайы пәндер кафедрасының доценті, философия докторы (PhD).

Ахмадиев А.Б. – докторант 3 курса факультета послевузовского образования Карагандинской академии МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова, майор полиции.

Балгожина М.Е. – доцент кафедры общеправовых и специальных дисциплин Карагандинского университета Казпотребсоюза, доктор философии (PhD).

Akhmadiev A.B. – 3rd year doctoral student of the Faculty of Postgraduate Education of the Karaganda Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after B. Beisenov, police major.

Balgozhina M.E. – Associate Professor of the Department of General Legal and Special Disciplines of the Karaganda University of Kazpotrebsoyuz, Doctor of Philosophy (PhD).

Д.Б. Мәліков¹, Р.Е. Джансараева², Ш.Б. Мәлікова²

¹Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы,
Алматы, Қазақстан Республикасы

²әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

ҚЫЛМЫС ҚҰРБАНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫ НОРМАТИВТІК РЕТТЕУДІҢ КЕЙБІР СҰРАҚТАРЫ

Дүние жүзі, оның ішінде Қазақстан да қазіргі кезде әлеуметтік-экономикалық дағдарысты бастан кешіруде. Дүниежүзілік пандемия, бертіндегі мемлекеттердің арасындағы шиеленістердің нәтижесінде туындаған экономикалық дағдарыс көптеген отбасылардың, халықтың елеулі бөлігінің өмір сүру деңгейінің төмендеуіне, денсаулық сақтау, білім және мәдениет инфрақұрылымдарының әлсіреуіне әкеліп соқтырды. Бұл өз кезегінде қылмыстылықтың өсуіне қолайлы жағдай болып табылады. Мемлекеттің негізгі функцияларының бірі – қылмыстылыққа қарсы күрес, қылмыстылықты туындататын себептерге әсер ету болып табылады. Сонымен қатар, алдын алу шаралары, әдетте, бір жақты және негізінен қоғамға қарсы мінез-құлқы бар адамдарға бағытталған. Мақалада мемлекеттің виктимологиялық саясатын жүзеге асыруды нормативтік-құқықтық реттеу қарастырылған. Қылмыс құрбандарының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын бірқатар нормативтік-құқықтық актілерге талдау жасалған.

Түйінді сөздер: жәбірленуші, құрбан, виктимділік, виктимизация, қылмыстылық, алдын алу, сақтандыру, виктимологиялық алдын алу.

Некоторые вопросы нормативного регулирования защиты прав жертв преступлений

Мир, в том числе и Казахстан, в настоящее время переживает социально-экономический кризис. Глобальная пандемия, экономический кризис, возникший в результате напряженности между государствами, привели к снижению уровня жизни многих семей, значительной части населения, ослаблению инфраструктуры здравоохранения, образования и культуры. Это, в свою очередь, является благоприятной ситуацией для роста преступности. Одной из основных функций государства является борьба с преступностью, воздействие причин, порождающих преступность. Кроме того, профилактические меры, как правило, односторонние и в основном направлены на людей с антисоциальным поведением. В статье рассматривается нормативно-правовое регулирование реализации виктимологической политики государства. Проведен анализ ряда нормативных правовых актов, осуществляющих защиту прав и законных интересов жертв преступлений.

Ключевые слова: жертва, жертва, виктимность, виктимизация, преступность, профилактика, страхование, виктимологическая профилактика.

Some issues of regulatory regulation of the protection of the rights of victims of crimes

The world, including Kazakhstan, is currently experiencing a socio-economic crisis. The global pandemic, the economic crisis caused by tensions between the states in Berta, has led to a decrease in the standard of living of many families, a significant part of the population, a weakening of the infrastructure of health, education and culture. This, in turn, is a favorable environment for the growth of crime. One of the main functions of the state is to combat crime, to influence the causes that cause crime. In addition, preventive measures are usually unilateral and mainly aimed at people with antisocial behavior. The article provides for normative legal regulation of the implementation of the victimological policy of the state. The analysis of a number of normative legal acts that protect the rights and legitimate interests of victims of crimes is carried out.

Keywords: victim, victim, victimization, victimization, criminality, prevention, insurance, victimological prevention.

Қолданыстағы ұлттық заңнаманы зерттеу қылмыстық қауіп-қатердің ықтимал құрбаны ретінде жеке адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған виктимологиялық аспектілерді қамтитын заңдарды, нормативтік құқықтық актілерді және жекелеген нормаларды бөліп қарастыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттің конституциялық міндеті – қылмыстан зардап шеккен адамдардың құқықтарын қорғау болып табылады. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, мемлекеттің жоғары құндылығы ретінде жарияланады және кепілдік беріледі [1]. Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары қылмыстық сот ісін жүргізу саласына қатысты бірқатар қағидатты ережелерді алдын ала айқындайды.

Қылмыстық заңнаманың виктимологиялық әлеуеті жеке адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуден, жалпы бөлімнің ережелерінен, ерекше бөлімнің нормаларынан көрінеді. Қылмыстық заңнама іс-әрекеттің қылмыстылығын жою мән-жайлар: қажетті қорғаныс (ҚР ҚК 32-б.), аса қажеттілік (ҚР ҚК 34-б.) және т.б. сияқты алдын ала қорғау шараларын көздейді [2].

ҚР Қылмыстық іс жүргізу заңнамасы [3] виктимологиялық бағыттағы бірқатар нормаларды қамтиды. Конституциялық ережелерді іске асыра отырып, ҚР ҚПК әрбір адамға сот төрелігіне қол жеткізуді және келтірілген залалдың өтелуін қамтамасыз ете отырып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауды, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде оның құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы нәтижесінде келтірілген зиянның өтелуіне құқықты (ҚР ҚПК 15-бабы) бекітеді. ҚР ҚПК-нің 4-тарауы баптарының нормалары сотты және қылмыстық қудалау органын қылмыстық процесті жүргізуші органның заңсыз іс-әрекеттері нәтижесінде адамға келтірілген зиянды өтеу жөніндегі барлық шараларды қолдануға міндеттейді және азаматтардың осындай зиянды өтеу құқығын бекітеді және осындай құқығы бар адамдарды аударарды. ҚПК заңды тұлғаны жәбірленуші деп тану мүмкіндігін көздей отырып, қылмыстық процесте жәбірленушінің құқықтық жағдайын бекітеді (ҚР ҚПК-нің 71-бабы); жәбірленушіге берілетін құқықтардың жеткілікті кең тізбесі көзделген; ҚР ҚПК-нің 71-бабының 16-тармағы жәбірленушіге айыптауды қолдау құқығын береді.

ҚР ҚПК-де жәбірленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты бірқатар ережелер бар (ҚР ҚПК-нің 97-бабы, 98-бабы). ҚР ҚПК 15-бабының 3 бөлігінде «Жәбірленушіні, куәні немесе қылмыстық процеске қатысатын өзге де адамдарды, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерін немесе өзге де жақын туыстарын өлтірумен, күш қолданумен, мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не өзге де құқыққа қарсы қауіпті әрекеттермен қорқытты деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде қылмыстық процесті жүргізетін орган өз құзыреті шегінде бұл адамдардың өмірін, денсаулығын, абыройын, қадір-қасиетін және мүлкін қорғауға заңда көзделген шараларды қолдануға міндетті», - деп көрсетілген. ҚР ҚПК-нің бесінші бөлімі қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында туындайтын, оның ішінде қылмыстық іспен бірге азаматтық талап арыз беру арқылы жүзеге асырылатын материалдық-құқықтық аспектілерге байланысты құқықтық қатынастарды қозғайды. Бұл бөлімге қылмыстық іспен бірге азаматтық талапты қараудың негіздері мен тәртібін реттейтін ережелер кіреді (ҚР ҚПК 20-тарауы).

ҚР ҚПК 168-бабында залалды өтеудің негіздері, шарттары, көлемі және тәсілі туралы қағидаларды қолдану, яғни «қылмыстық істе қойылған азаматтық талапты қарау кезінде залалды өтеу негіздері, шарттары, көлемі мен тәсілі азаматтық, еңбек және басқа да заңнама нормаларына сәйкес айқындалады. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Кодексте қамтылғаннан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады», - деп көрсетілген. Атап айтқанда, мүлкілік

зиян келтірілген адам тергеп-тексерілетін қылмыстық іс шеңберінде оны өтеу туралы талапты мәлімдеуге құқылы (ҚР ҚПК 77-бабының 1-бөлігі).

Бұл ережелер мемлекеттің жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі өзінің конституциялық міндетін жүзеге асыруына, сондай-ақ қылмыстық сот ісін жүргізуді тиімді жүзеге асыруға ықпал етеді. Бұл шаралардың мазмұны қылмыстық іс жүргізу заңнамасы нормаларының виктимологиялық бағытының мәнін ашады. Яғни, жәбірленуші ҚР ҚПК аясында өз құқықтарын қорғау бойынша ауқымды процессуалдық мүмкіндіктерге ие.

«Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» № 72-II Қазақстан Республикасының Заңы [4] қылмыстық процеске қатысушы адамдардың, олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстарының өмірін, денсаулығын, мүлкін, заңды құқықтарын, мүдделерін мемлекеттік қорғау, қылмыстық процеске қатысушы адамдардың заңсыз араласуына жол бермеу мақсатында олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларының жүйесін белгіледі қылмыстық процесс. Жәбірленушілер заңда көзделген басқа адамдармен қатар мемлекеттің қорғауында болады. Өздеріне қатысты мемлекеттік қорғау шараларын қолдану туралы шешім қабылданған адамдар «қорғалатын адамдар» деп аталады. Мемлекет заңда көзделген тәртіппен қылмыстық істерді немесе материалдарды сотта қарауға, анықтау немесе алдын ала тергеу жүргізуге байланысты олардың өміріне қол сұғудан немесе өзге де зорлық-зомбылықтан қауіпсіздік шараларын қабылдауды қамтамасыз етеді.

Егер қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге байланысты күш қолданудың немесе қылмыстық заңмен тыйым салынған өзге де әрекеттің нақты қауіпі болса, онда қылмыстық процесті жүргізуші орган жәбірленушінің, куәнің, айыпталушының және қылмыстық процеске қатысатын басқа да адамдардың, олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шараларды қолдануға міндетті.

Заңда мемлекеттік қорғаудың мынадай түрлері көзделген:

- адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін уәкілетті мемлекеттік органдар арқылы қауіпсіздік шараларын қолдану, сондай-ақ олардың мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету;

- адамдардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне қол сұғушылық үшін қылмыстық жауапкершілікті көздейтін құқықтық қорғау шараларын қолдану;

- қаза тапқан (қайтыс болған), дене жарақатын алған немесе денсаулығына өзге де зиян келтірген, мүлкін жойған немесе бүлдірген жағдайда материалдық өтемақыға заңда белгіленген құқықты жүзеге асыруды көздейтін әлеуметтік қорғау шараларын жүзеге асыру.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен, адамды ұрлау және сату, оларды пайдаланумен байланысты қатыгез қарым-қатынастың құрбандарына (жәбірленушілеріне) «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» 2008 жылғы 29 желтоқсандағы №114-IV ҚР Заңының ережелеріне сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынылуы мүмкін [5].

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жедел жолын кесу және әлеуетті құрбандар үшін қауіпсіз жағдайлар жасау, оларға қажетті медициналық, психологиялық, құқықтық және әлеуметтік көмектің өзге де түрлерін көрсету мақсатында «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV ҚР Заңы қабылданды [6]. Аталған Заңның 1-бабында жәбірленушіні «өзіне қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық моральдық, физикалық және (немесе) мүліктік зиян келтірді деп пайымдауға негіз бар жеке тұлға», - деп анықтайды. Заңда тұрмыстық зорлық-зомбылық, физикалық зорлық-зомбылық, психологиялық зорлық-зомбылық, жыныстық зорлық-зомбылық, экономикалық зорлық-зомбылық сияқты зорлық-зомбылық түрлері қарастырылған (4-бап). Заңда жәбірленушінің көзделген арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін алу құқығы бекітілген (5-бап), сондай-ақ жәбірленушінің қауіпсіздігінің процессуалдық шаралары көзделген (23-бап).

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 18 ақпандағы №175-V Қазақстан Республикасының Заңы [7]

тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға және жолын кесуге және оның құрбандары болған адамдарға жәрдем көрсетуге бағытталған.

Занда тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі құқықтық шаралар кешені белгіленген, атап айтқанда, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік жәрдемдесудің және көмек көрсетудің құқықтық тетіктері көзделіп, сондай-ақ отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар үшін жаза қатандатылған.

Зандағы неғұрлым мәнді ережелер ретінде құқық бұзушының жазасын күшейтуді қайта қарау, әкімшілік іс жүргізуге қатысушының өтініші бойынша құқық бұзушыға қатысты белгіленетін ерекше талаптардың тізбесін кеңейтуді айтсақ болады.

Заңның мәтінінен көретініміз құқық бұзушыда басқа тұруына болатын тұрғын-жай болған реттерде, жәбірленушімен бірге бір тұрғын үй-жайда тұруына тыйым салынады.

Түзетулер арқылы тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге тұрғылықты жеріне қарамастан тиісті көмек алуға, сондай-ақ қатыгездікпен қарау салдарынан өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларға көмек көрсетуді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін нормалар көзделген.

Отбасылық-тұрмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылдағы негізгі қиындықты жәбірленушінің өз жағдайының нашарлауынан қорқып, зорлаушыны беруден бас тартуы туындаттады. Осындай жағдайларда адамдарды қорғауды қамтамасыз ету үшін мемлекет тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жедел жолын кесуге, жәбірленушілерге қауіпсіз жағдайлар жасауға, оларға белгілі бір қызметтер кешенін (ақпараттық, құқықтық, психологиялық және т.б.) көрсетуге, құқық бұзушыға жеке алдын алу шараларын қолдануға тиіс.

«Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» 2018 жылғы 10 қаңтардағы 131-VI ҚР Заңы [8] жәбірленушілердің, олардың заңды өкілдерінің құқықтарын қорғаудың құқықтық тетігін қалыптастыруға қолайлы жағдайлар жасауға, Жәбірленушілерге өтемақы қорының құқықтық, ұйымдастырушылық, қаржылық, әкімшілік-өкімдік ресурстарын шоғырландыру арқылы қаржыландыру және қаражат төлеу тәртібін жүйелеуге бағытталған. Заң жәбірленушілерге өтемақының негізгі қағидаттарын бекітеді (3-бап) және қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын органдардың (4-бап) және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның (5-бап) өтемақы мәселелері жөніндегі өкілеттіктерін көздейді.

Занда өтемақы алуға құқығы бар адамдардың үш санаты айқындалған: ҚК-нің сегіз бабы бойынша сексуалдық зорлық - зомбылық құрбандары болып табылатын кәмелетке толмағандар, адам саудасы және азаптау құрбандары. Екінші санат - 19 бап бойынша денсаулығына ауыр зиян келтірілген не иммун тапшылығы вирусын - АИТВ/ЖИТС жұқтырған жәбірленушілер. Үшінші санат - жәбірленуші қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде қайтыс болған жағдайда 35 бап бойынша құқық мирасқорлары.

Сонымен, мемлекет құқыққа қайшы қол сұғушылықтардан тұлғаның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізге субъект болап табылады, тұлғаның мүдделерін реттеу және қорғау тетіктерін жасайды, олардың жұмысының тиімділігін қамтамасыз етеді. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі өз функцияларын орындай отырып, мемлекеттік билік органдары азаматтардың қорғалу деңгейін арттыруға және олардың қылмыстық қол сұғушылықтар алдындағы осалдығын (виктимизациясын) азайтуға бағытталған қызметті жүзеге асырады.

Жәбірленушілерді (қылмыс құрбандарын) мемлекеттік қорғау тетігінің құқықтық реттелуін талдау қылмысқа виктимологиялық әсер ету және қылмыс құрбандарын қорғау туралы мемлекеттің виктимологиялық саясатының негіздері айқындалған бірыңғай заңнаманы әзірлеу қажеттігінің пісіп-жетілгенін көрсетеді. Қазақстан Республикасында қылмыстылық құрбандарын қорғауды көздейтін виктимологиялық саясаттың бірыңғай Тұжырымдамасын әзірлеу және қабылдау қылмысқа виктимологиялық ықпал етудің бірыңғай жүйесін қалыптастырудың қажетті құқықтық алғышарты ғана емес, сондай-ақ қылмыс құрбандары қауіпсіздігінің тиісті деңгейін қамтамасыз етудің құқықтық негізі болып табылатын виктимологиялық саясаттың маңызды бағыттарын айқындау мен бекітудің қажетті құқықтық алғышарты болар еді.

Елде виктимологиялық саясаттың негізгі бағыттарын реттейтін бірыңғай заңнаманың болмауы қылмыстылыққа тиімді қарсы тұруға елеулі түрде кедергі болып табылады. Осыған байланысты батыс елдерінің қылмыстылыққа виктимологиялық әсер ету шараларын әзірлеу мен қолданудың құқықтық және тәжірибелік саласында, қоғамның виктимизациялануының алдын алу және қылмыстардан зардап шеккендерге көмек көрсету саласында алға жылжуы байқалады. Көптеген батыс елдерінде виктимологиялық саясаттың бағыттарын реттейтін заңнама жүйесі құрылған. Шет мемлекеттерде виктимологиялық проблемаларды шешу заңнамалық деңгейде ғана емес, құқық қорғау органдарына тиісті өкілеттіктер беру арқылы да жүзеге асырылады.

Шетелде виктимологиялық алдын-алу жүйесі мемлекеттік қолдау мәртебесіне ие және оң тәжірибе ретінде қолданыла алады. Сонымен, батыс елдерінде төменде көрсетілген топтарға біріктіруге болатын виктимологиялық алдын алудың элементтері бөлінеді:

- жеке адамды немесе әлеуметтік топты құрбан етудің объективті жағдайларын бейтараптандыру;

- халықтың жекелеген санаттары арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, виктимологиялық насихат;

- мемлекеттік өтемақы және зиянды өтеу жүйесі түрінде зардап шеккендерге көмек көрсету [9, 130 б.].

Қазіргі криминологиялық тұжырымдамалардағы жәбірленушінің мінез-құлқы қылмыстың детерминанттары жүйесіндегі маңызды элемент ретінде түсіндірілгендіктен, батыстағы виктимологиялық алдын алу мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының қылмыстылықтан сақтандырудағы қызметінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Батыс виктимологиясы қоғамдық өзін-өзі басқарудың жекелеген факторлардың қоғамға зиянды әсерін бейтараптандыруға қабілетті әлеуметтік өзін-өзі реттеудің қуатты әлеуетіне ие екендігіне сенімді. Батыс елдерінде қылмыстылықтың виктимологиялық алдын-алу жүйесінің маңызды және негізгі элементі қылмыс құрбандарының мүдделерін қорғау, оларға көмек көрсету және қайталанатын виктимизацияға қарсы тұру үшін құрылған қоғамдық ұйымдар болып табылады. Осылайша, қылмыс құрбандарына көмек көрсететін түрлі қоғамдық ұйымдар, комитеттер мен одақтар құрылады.

Батыстың бірқатар елдерінде виктимологиялық ұйымдардың қызметін үйлестіру үшін жалпыұлттық органдар, комитеттер, кеңестер және т.б. құрылады, олар қорлар мен ұйымдардың жұмысының қайырымдылық қызметтің ұлттық стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді, виктимологиялық насихатты жетілдіру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлейді, ең қызықты тәжірибені жинайды және жалпылайды, қоғамдық ұйымдардың үкіметтік құрылымдармен байланысын қамтамасыз етеді және осындай ұйымдармен байланыс орнатуға ықпал етеді.

Қылмыстылыққа виктимологиялық әсер етуді зерттеу тұрғысынан Канада, Италия, Израильдің тәжірибесі назар аудартады. Осы елдерде полиция көпшілікке арналған білім беру компаниясын жүргізеді, әлемнің әртүрлі тілдерінде пайдакүнемдік бағыттағы заңсыз әрекеттерді жасау мәселесі туралы парақшалар мен басқа да баспа ақпаратын шығарады және таратады. Виктимологиялық мазмұндағы баспа өнімдерін таратумен негізінен қарапайым азаматтар айналысады. Кейбір жағдайларда, әсіресе қоғамдық орындарда анықталған қылмыстық белсенділік аймақтарының айналасында бақылау бекеттері құрылады. Осы жұмыстың нәтижелері бойынша полиция бірқатар мүдделі министрліктер мен ведомстволар басшысының атына жағдайды реттеу бойынша шаралар қабылдау туралы ұсыныстар жібереді. Ұлттық халықаралық ұйымдардың барлық орасан зор жұмысы кең ұйымдастырылған ғылыми зерттеулерге және халықтың барлық жіктерін ақпараттандырудың жақсы жолға қойылған жүйесіне сүйенеді: арнайы журналдар, буклеттер, брошюралар, нұсқаулар, жадынамалар шығарылады, тұрақты радио және телебағдарламалар жүргізіледі.

Шет елдердің жылдар бойы жинақталған тәжірибесі мемлекеттің виктимологиялық саясатының негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995ж. - URL: <http://www.akorda.kz/ru/> (жүктеу мерзімі: 19.11.2022).
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 3 шілде 2014ж. - URL: <https://online.zakon.kz/> (жүктеу мерзімі: 15.11.2022).
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 3 шілде 2014ж. - URL: <https://online.zakon.kz/> (жүктеу мерзімі: 10.11.2022).
4. Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі N 72 Заңы. - URL: <http://adilet.zan.kz/rus/> (жүктеу мерзімі: 10.11.2022).
5. Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 114-IV Заңы. - URL: <https://online.zakon.kz/> (жүктеу мерзімі: 11.11.2022).
6. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-IV Заңы. - URL: <http://adilet.zan.kz/> (жүктеу мерзімі: 12.11.2022).
7. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 18 ақпандағы №175-V ҚРЗ. - URL: <https://online.zakon.kz/>(жүктеу мерзімі: 10.11.2022).
8. Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 10 қаңтардағы № 131-VI ҚРЗ.- URL: <http://online.zakon.kz/>(жүктеу мерзімі: 10.11.2022).
9. Варчук Т.В., Вишневецкий К.В. Виктимология. – М., 2010. – 191 с.

Авторлар туралы мәліметтер

Мәліков Дәурен Балтабекович –Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының докторанты, з.ғ.м.

Джансараева Рима Еренатовна – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.д., профессор.

Мәлікова Шолпан Балтабековна – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының доценті, з.ғ.к.

Маликов Дәурен Балтабекович – докторант Алматинской академии МВД РК им. М. Есбулатова, м.ю.н.

Джансараева Рима Еренатовна – заведующая кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминалистики Казахского национального университета имени аль-Фараби, д.ю.н., профессор.

Маликова Шолпан Балтабековна – доцент кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики Казахского национального университета имени аль-Фараби. к.ю.н.

Malikov Dauren .Baltabekovich – Master of Law, doctoral student of the Almaty Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after M. Esbulatov.

Dzhansarayeva Rima Erenatovna – doctor of Juridical Sciences, professor of al-Farabi KazNU.

Malikova Sholpan Baltabekovna – Candidate of Juridical Sciences, docent of al-Farabi KazNU.

А.А. Айдарова¹, С.М. Сабитов¹, С.К. Күмісбеков²

¹Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан Республикасы

²Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы,
Қарағанды, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІНДЕГІ АДАМ САУДАСЫ ТҮСІНІГІН АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Адам саудасымен күрес мәселесі жаһандық сипатқа ие. Адам еңбегін пайдалану, адамды құлға айналдыру, заманауи құлдық нысандарының түрленуі Адам саудасымен күрес жүргізетін халықаралық қауымдастықтардың алаңдатушылығын тудыруда. Бүгінгі күнде экономикалық сипатқа ие болған адам саудасы мол кіріс әкелетін бизнес түріне айналып отыр. Бұл қылмыс түрінің тыйылмау себебі тауарды көп реттік пайдалану мүмкіндігінде жатыр. Аталған мақаламызда адам саудасымен күрестің тиімділігін арттыруда адам саудасының түсінігін нақтылаудың және халықаралық нормаға сәйкестендірудің маңызына тоқтала кеттік. Сонымен қатар, адам саудасын алдын алуда көп бағытты шаралар қабылдау қажеттігін анықтадық. Адам саудасы түсінігін анықтауда заңгер ғалымдардың пікірлері талданды. Шетелдердің адам саудасына қарсы тұру регламенттелген нормативтік актілеріне салыстырмалы талдау жүргізілді.

Түйінді сөздер: адам саудасы, заманауи құлдық, адам саудасының құрбаны, адам саудасын алдын алу, қылмыстық саясат, мәжбүрлі еңбек.

Проблемы определения понятия торговли людьми в уголовном кодексе Республики Казахстан

Проблема борьбы с торговлей людьми носит глобальный характер. Использование человеческого труда, превращение человека в раба, трансформация современных форм рабства вызывают беспокойство международных сообществ, ведущих борьбу с торговлей людьми. На сегодняшний день торговля людьми, носящая экономический характер, становится видом бизнеса, приносящим огромные доходы. Причина распространения данного вида преступления кроется в возможности многократного использования товара. В данной статье мы остановимся на важности уточнения понятия торговли людьми и приведения в соответствие с международной нормой в повышении эффективности борьбы с торговлей людьми. Вместе с тем, мы определили необходимость принятия мер по предотвращению торговли людьми в разных направлениях. Проанализированы мнения ученых-юристов при определении понятия торговли людьми. Проведен сравнительный анализ нормативных актов зарубежных стран, регламентирующих противодействие торговле людьми.

Ключевые слова: торговля людьми, современное рабство, жертва торговли людьми, профилактика торговли людьми, уголовная политика, принудительный труд.

Problems of defining the concept of human trafficking in the criminal code of the Republic of Kazakhstan

The problem of combating human trafficking is global in nature. The use of human labor, the transformation of people into slaves, and the transformation of modern forms of slavery are of concern to organizations engaged in the fight against human trafficking. Today, human trafficking, which has become economic in nature, is becoming a profitable business. The reason for the Prohibition of this type of crime lies in the possibility of repeated use of the product. In this article, we focused on the importance of clarifying the concept of human trafficking and bringing it into line with international norms in increasing the fight against human trafficking. In addition, we have identified the need to take multidirectional measures

to prevent human trafficking. In defining the concept of human trafficking, the opinions of legal scholars were analyzed. A comparative analysis of the regulated normative acts of countering human trafficking abroad was carried out.

Keywords: human trafficking, modern slavery, victim of human trafficking, prevention of human trafficking, criminal policy, forced labor.

Кіріспе. Әр мемлекет адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға кепілдік береді. Бұл Ата Заңымыздың 12-бабында «Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі» деп атап көрсетілген [1]. Сондықтан адам саудасымен күресу әр мемлекеттің басты міндеттерінің бірі.

Соңғы жылдары адам саудасы, теңсіздік және кедейлік мәселесі жаһандық саяси кеңістікте алдыңғы қатарға шықты. Адам құқықтарын сақтау бойынша халықаралық қауымдастықтық адам саудасымен күресу мәселелесін қатаң назарға алуда. Бұған себеп, адам саудасы халықаралық қылмыстар қатарынан болуы, көбі трансұлттық ұйымдасқан қылмыстық топтармен жасалуы, миграциялық ережелерді бұза отырып жасалуы, сыбайлас жемқорлық нәтижесінде құзыретті органдардың қатысуы арқылы жасалуы, адам саудасының айналымынан түсетін қаржының ауқымдылығы, тауарға деген сұраныстың көптігі, потенциалды құрбандарды табу жолының көптігі және жеңілдігі. Экономикалық жаһандану және даму үрдістері негізінде адам саудасы мәселесін зерттеу жаңа серпіліске ие болуы қажет.

Өз мақаламызда адам саудасы түсінігіне салыстырмалы талдау жасай отырып, ұлттық заңнамадағы адам саудасы түсінігін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру әрекеті жасалған. Сонымен қатар, адам саудасымен күрес бойынша шетел заңнамаларына және халықаралық құжаттарға салыстырмалы талдау жасалды.

Зерттеудің мақсаты халықаралық құжаттардың нормалары мен бірқатар ғалымдардың пікірі негізге алына отырып, адам саудасының түсінігін нақтылау болып табылады.

Талқылаулар мен нәтижелер.

Адам саудасын жоюға бағытталған әрекеттердің түп тамыры тереңде жатыр. Егер бұрын адам саудасы және адамды қанау-бұл экономикалық, саяси және әлеуметтік жағынан артта қалған әлеуметтік-экономикалық формациялардың белгілері деп айтылған болса, бүгінде біз бұл құбылыстардың барлығы біздің қоғамда да орын алатынын көреміз [2, б.110]. Соңғы уақытта адам саудасы, құлдық және еріксіз жағдайынан босату адам құқықтарын қорғаудағы халықаралық жүйенің бір бөлігіне айналды. Атап айтар болсақ, 1948 жылы қабылданған «Адам құқықтары жөніндегі жалпыға бірдей декларацияның» 4-бабында, 1966 жылғы «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт» 8-бабында, 1969 жылғы «Адам құқықтары жөніндегі Америкалық конвенцияның» 6-бабында, 1981 жылғы «Адам және халық құқықтарының Африкалық хартиясының» 5-бабындағы нормалар құлдықты жоюға бағытталған.

Еуропа Кеңесі адам саудасымен белсенді күресуді 1980 жылдарда бастаған. Адам саудасымен күресуге бағытталған Еуропа Кеңесімен қабылданған екі негізгі құжат: Сексуалды қанау мақсатында адам саудасына қарсы тұру туралы қатысушы-мемлекеттерге Министрлер Комитетінің 11 Ұсынысы (2000 ж.) және Балаларды сексуалды қанаудан қорғау туралы қатысушы-мемлекеттерге Министрлер Комитетінің 16 Ұсынысы (2001 ж.). Дегенмен адам саудасымен күресуде маңызды қадамдардың бірі 2005 жылы қабылданған Адам саудасымен күрес туралы Еуропа Кеңесінің Конвенциясы болып табылады.

Адам саудасымен күресудегі маңызды құжат 2008 жылғы 4 маусымдағы № 37-IV Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған 2000 жылы қабылданған Трансұлттық ұйымдасқан қылмыстылыққа қарсы БҰҰ Конвенциясын толықтыратын адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы Хаттама саналады [3].

Кейбір ғалымдардың пікірі бойынша, Хаттамада көрсетілген анықтама көлемі бойынша ауқымды болып табылғанымен, толығымен адам саудасының түсінігін ашпайды деп санайды. Мысалы, М.Ю. Буряк адам саудасының анықтамасы көлемді және нақтылаулардың көптігін алға тартады [4, б. 13-14]. Біздің ойымызша, Хаттама адам саудасының түсінігін неғұрлым толық ашып, егжей-тегжейлі нақтылауға тырысқан. Халықаралық құжат саналғандықтан адам саудасы түсінігін егжей-тегжейлі нақтыламау қатысушы-мемлекеттер арасында өз бетімен интерпретациялауға және адам саудасымен күрес бойынша ынтымақтастық кезінде әрекетті саралауда қайшылықтарға әкеліп соғуы мүмкін.

Д. Вайсбротт «Бүгін адам саудасын XIX ғасырда орын алған құлдыққа сатудың заманауи эквиваленті ретінде қарастыруға болады» деп атап өтеді [5, 17 б.]. Е.Б. Мизулина да осындай пікірді ұстанады. Е.Б. Мизулина монографиясында адам саудасы құл сатудың заманауи түрі деген тұжырым жасайды [6, 94 б.].

Осы тұрғыда халықаралық тәжірибеде екі түсінік қалыптасқан: «адам саудасы» және «құл саудасы». Тарихи тұрғыда құлиеленушілік институты болған мемлекеттерде құл саудасы ұғымы жиі қолданылады.

Адам саудасынан екі тараптың да пайдаға кенелетіні сөзсіз. Сатушы адамды сату арқылы пайдаға кенелсе, сатып алушы әрі қарай адамды қанау арқылы мол пайдаға кенеледі. В.И. Коволенко өзінің монографиясында «Адамды қылмыстық қанау – мәжбүрлі, күш қолдану немесе өзге де тәсілдермен қанаудан құтыла алмайтын еріксіз жағдайда, құлдық жағдайында, осал жағдайда, өзге еркін емес күйде болатын адамды пайдакүнемдік мақсатта заңсыз пайдалану» деп атап өтеді [7, 404 б.]. Яғни, адамды қанаудың мақсаты пайда көру.

Палермо Хаттамасында адамды қанаудың бес нысаны сипатталған. Заман талабына қарай, адамды қанаудың да нысаны мен түпкі мақсаты өзгеріп отыратыны анық. Қоғам дамыған сайын, қоғамдағы құлдық институты да өзгеруде. Мысал келтірер болсақ, қоғам дамуының әр кезеңінде құлдың атқарар рөлі өзгеріп отырды. Басқыншылық кезінде, басып алған мемлекеттің ер азаматтарын әскер қатарына қосымша күш ретінде пайдаланған. Ал, көне Римде құл байлықтың көрсеткіші ретінде де қолданылды. Римдіктер үшін құл санының көп болуы және олардың сымбаттылығы байлығының бір көрсеткіші ретінде көрініс берді. Сонымен қатар, құлдар жынысына қарай да түрлі қызметтер атқарып отырды. Мысалы, Римде құлдарды гладиаторлық шайқастарға қатыстырған. Әйел адамдарды тұрмыстық шаруада және жыныстық сипаттағы қызмет көрсету үшін пайдаланған. Сонымен қатар, білімді және қабілетті құлдар түрлі қызметтер де атқарған, бұл нағыз еңбек қанауы болған. Әрине, құлдарды пайдаланудың ортақ мақсаты – ол тегін еңбек күші және пайда көзі. Қазіргі заманауи құлдық экономикалық сипатқа ие десек қателеспейміз. Заман өзгерген сайын, құл еңбегін пайдалану нысаны да өзгеруде. Профессор Р.В. Нигматуллин бүкіл әлемде адам саудасына тыйым салу оның бүркемелі нысанда сақталуына жол берді [8, 60 б.]. Сондықтан, адам саудасы, адамды қанау түсінігінің қазіргі заман талабына сай болуы аталған қылмыс түрлерін анықтауда және күресуде белгілі бір нәтиже берері сөзсіз.

Маурисио Джон «Заманауи құлдыққа еңбек, сексуалды қанау және мәжбүрлі еңбек жатады. Адам саудасы – айтарлықтай дәрежеде жасырын жүргізілетін қызмет; оның таралу деңгейін анықтау бір мезгілде қиын және шиеленіскен мәселе» деп атап өтеді [9]. Заманауи құлдықтың түрлері әлдеқайда көп, бұл ретте қандай да бір құжатпен құлдықтың түрлерін шектеу дұрыс емес. Дегенмен, адам саудасының жоғары латентті қылмыстар қатарынан екені, және оның таралу деңгейі мен ауқымын, географиясын нақты анықтау бүгінгі күні мүмкін емес десек қателеспейміз. Бұған дәлел ретінде адам саудасының құрбандарына көмек көрсететін Үкіметтік емес ұйымдардың (әрі қарай ҮЕҰ) статистикасын келтіруге болады. Мемлекеттік статистика агенттігінің қылмыстық істерінің көрсеткіштері мен ҮЕҰ көмегіне жүгінген құрбандар санының арасында айырмашылықты ҮЕҰ басшылары былай түсіндіреді. ҮЕҰ көмекке жүгінген адам саудасының құрбандары арыз жазудан бас тартады. Оған себеп, құрбандардың мемлекетте заңсыз жүруі, яғни мигранттар қатарынан болуы, қылмыстық тергеп-тексеру амалдарының ұзақ мерзімге созылуы және келтірілген материалдық және моральдық зиянды өтеу мүмкіндігіне себеуі.

Біздің ойымызша, адам саудасын келесідей жіктеуге болады:

1. Сексуалды қанау мақсатында адам саудасы. Яғни секс индустрияда пайдалану, порнографиялық материалдар өндіру және т.б.

2. Еңбек қанауы. Ауыр және зиянды объектілерде жұмысқа салу, заңсыз және көлеңкелі экономикада пайдалану (мысалы, құрылыс объектілері), жұмыс жағдайы адам төзгісіз шарттарда жұмысқа салу, ақыл қабілетін пайдалану, тұрмыстық шаруада пайдалану (әйел адамдарды үй шаруашылығында пайдалану және мәжбүрлі бала тапқызу, мүгедек адамдарды күтуге пайдалану, ер адамдарды мал шаруашылығында пайдалану), бала еңбегін пайдалану.

3. Органдар мен тіндерді мәжбүрлі трансплантациялау мақсатында адам саудасы.

4. Қайыршылықпен айналысу мақсатындағы адам саудасы.

5. Қарулы құрылымдарда пайдалану мақсатында адам саудасы.

Жоғарыда аталып өткен адам саудасының құрбандарын пайдалану нысанының көптігін және үнемі өзгеріп отыратынын байқаймыз. Адам саудасының құрбанына айналдырудың қазіргі кездегі басты құралы ғаламтор, әлеуметтік желілер екенін ескеру қажет. Әлеуметтік желілердегі жалақысы жоғары, көп үміт күттіретін жарнамалардың сан алуандығы адамдардың алдануына және құрбанға айналу қаупін жоғарлатады.

Global Slavery Index мәліметі бойынша 2018 жылы Қазақстанда 75 мыңға жуық адам заманауи құлдық жағдайында болған. Қазақстанда адам саудасымен күрес бойынша халықаралық мамандардың қорытындысы бойынша адам саудасы қылмысының құрамы толығымен 2000 жылғы Палермо Хаттамасының халықаралық анықтамасына сәйкес келмейді. Хаттамадағы анықтамада адам саудасы 3 негізгі элементтен тұрады, олар: әрекет, қылмысты жасау тәсілі және мақсат. ҚР ҚК 128 және 135 баптарының диспозициясында қылмысты жасау тәсілінің болмауы іс-әрекетті саралау кезінде өзге қылмыс құрамдарына ауып кету қаупін жоғарлатады деген тұжырымға тоқталады [10].

Қазақстан Республикасы Әйел және бала құқығын қорғауға бағытталған Конвенцияны ратификациялағандықтан әйелдер мен балалардың саудасының барлық нысандарын алдын алу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді. Өз кезегінде ең бірінші, адам саудасы қылмыс құрамын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру. ҚР ҚК 128-бабының диспозициясы адам саудасын «Адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны қанау не азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу, сондай-ақ қанау мақсатында өзге де іс-әрекеттер жасау» деп таниды [11]. Әрине, диспозицияда осы қылмыс түрін жасау тәсілі туралы жазылмаған. Бұл жалғыз мәселе емес. Бұл ретте диспозицияны қылмыс құрбанының өзіне қатысты қылмыстық әрекеттерге келісім беру немесе бермеу мәселесі де назарға алыну қажет деп санаймыз. Мысал ретінде көршілес мемлекет Қырғыз Республикасының Қылмыстық кодексінде адам саудасы диспозициясы келесідей сипатталған: «Адам саудасы, қанау мақсатында қорқыту, күш немесе басқа да мәжбүрлеу нысандарын қолданамын деп қорқыту, бопсалау, ұрлау, алаяқтық, алдау жолымен жасалған, яғни олардың келісімі немесе келісімінсіз жүзеге асырылған азғырып көндіру, тасымалдау, жасыру, қабылдау немесе беру» [12]. Қырғыз Республикасының ҚК адам саудасы диспозициясында Палермо хаттамасындағы халықаралық анықтамада көзделген үш элемент толығымен көзделген.

Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексі адам саудасы мен құл еңбегі пайдалану қылмыстарын жеке баптарға бөліп қарастырады. РФ ҚК 127.1-бабына сәйкес адам саудасы «Адамды сатып алу-сату, адамға қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты адамды қанау мақсатында азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру немесе алу» деп танылады. Ал 127.2-бап Құл еңбегін пайдалануға келесі әрекеттерді жатқызады: «Егер адам өзіне байланысты емес себептер бойынша жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындаудан бас тарта алмаса, өзіне қатысты меншік құқығына тән өкілеттіктер жүзеге асырылатын адамның еңбегін пайдалану» [13]. Ресей Федерациясы Палермо Хаттамасындағы адам саудасы түсінігін екі бөлек қылмыстық әрекет ретінде қарастырған. Бұл өз кезегінде қазіргі таңда

кеңінен тарап жатқан адам саудасы мен адамды қанау нысандарын, яғни құлдықты алдын алуға бойынша шаралардың тиімділігін арттыруға септігін тигізеді.

Бүгінгі таңда адам саудасына қатысты мәселе тек қылмыстық кодексте реттелген. Бұл өз кезегінде адам саудасын алдын алудың қылмыстық-құқықтық бағытта болатынын және адам саудасын алдын алу шараларының жеткіліксіз екенін дәлелдейді.

Қазақстандық «анитрафикалық» саясатты модельдеудің проблемалық аспектілерінің бірі адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы базалық заңның болмауы болып табылады [14, 44 б.]. Адам саудасымен күресуде көп деңгейлі жүйені құру бойынша ұсыныстар А.Б. Бекмагамбетовтың еңбектерінде аталып өткен. А.Б. Бекмагамбетов өз монографиясында «адам саудасымен байланысты қылмыстылық» (криминологиялық жіктеу және сипаттама) және «адам саудасымен байланысты қылмыстар» категориялық-түсінік аппаратын қалыптастыру қажеттігін ұсынады. Осы түсініктердің құқықтық табиғатын зерттей отырып, алдын алудың көп деңгейлі жүйесін құру қажеттігін негізге алады [15, 7 б.]. Біз толығымен пікірмен келісеміз. Себебі, адам саудасы түсінігінің заңнамалық тұрғыда толықтыру және нақтылау тиімді және кешенді алдын алу шараларын қолдану мүмкіндігін арттырады.

Англия заманауи құлдықпен күресуде ең тиімді заңнамалық жүйені құрған. Бұл процесс екі кезеңнен тұрды. Әр кезеңде мәселеге көбірек құрылым берілді, ол шешімді қажет ететін жаңа мәселелерді айқындады. Заманауи құлдықтың өзі, 2015 жылғы Заманауи Құлдық туралы Заң арқылы, осы процестің нәтижесінде пайда болды, өйткені заң құлдықты мәселе ретінде құруда шешуші рөл атқарды және оны шешуге бағытталды [16, 130 б.]. 2015 жылы «Заманауи құлдық туралы» Заң қабылданып, осы заңда құлдық пен адам саудасы қылмыстарының түсінігін толығымен нақтылап, олар үшін жазаны қатаңдатты [17].

Соңғы уақытта адам саудасы, сондай-ақ кедейлік пен теңсіздік мәселелері жаһандық саяси ортада бірінші орынға шықты. Сонымен қатар, соңғы онжылдықта инклюзивті даму Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) және басқа да көпжақты және екіжақты ұйымдар арқылы, әсіресе экономикалық жаһандану мен даму жағдайында тікелей байланысты көптеген мәселелерді шешудің пәнаралық стратегиясы ретінде қарастырыла бастады және бұл адам саудасы мәселесін зерттеуге жаңа өлшем береді [18, 311 б.].

Жоғарыда аталып өткен мәселелер адам саудасымен күресу саясатын жан-жақты бағытта жүргізу қажеттігін көрсетеді. Бұл тек Қазақстан Республикасының мәселесі емес, адам саудасы жаһандық сипатқа ие қылмыс түрі болып табылады. Халықаралық Конвенцияның нормаларын ұлттық заңнамаға имплементациялауда қателікке жол бермеу керек. Трансұлттық сипаттағы қылмыс қатарына жатқандықтан бұл кешенді шаралар қабылдауды қажет етеді. Адам саудасымен күрес шараларын ұйымдастыруда халықаралық стандарттарды қолдану қажет, себебі бұл құбылыс тек бір мемлекеттің аумағында ғана орын алмайды, таралу географиясы кең және кез келген мемлекеттің азаматы адам саудасының құрбанына айналу қаупі бар.

Қорытынды.

Қорытындылай келе, адам саудасын алдын алу шараларының тиімділігін арттыру үшін оның категориялық-түсінік аппаратын заңнамалық тұрғыда нақтылау қажеттігі туындап отыр.

1. Адамды қанаумен байланысты қылмыстық заңнамадағы өзге де қылмыстар адам саудасы құрбандарын анықтауда, оларға зиянды өтеуде, қорғауда, артықшылықтар беруде, құқықтарын тануда қиындықтарға алып келеді. Сондықтан, елімізде адам саудасын алдын алу туралы арнайы заң «Адам саудасына қарсы тұру туралы» Заң қабылдау қажет. Бұл заң аясында адам саудасының құрбандарын қорғау саясаты күшейіп, олардың құқықтарын қалпына келтіру процедурасы жеңілдеп, оларды құрбан ретінде идентификациялау мәселесі шешіледі.

2. «Адам саудасына қарсы тұру туралы» Заңда адам саудасымен байланысты қылмыстар қатарын нақтылау қажет. Яғни, ғалымдар мен мамандардың адам саудасына жатқызатын 8 қылмыс құрамын (ҚР ҚК 125-бап, 3-б., 2-т., 126-бап, 3-б., 2-т., 116-бап, 128-бап, 134-бап, 135-бап, 308-бап, 309-бап) арнайы адам саудасымен байланысты қылмыстар

деп заңда анықтау қажет. Бұл өз кезегінде қылмыстылықты алдын алу саясатына және қылмыс құрбандарын анықтауда және олардың құқықтарын жүзеге асыруда өз нәтижесін береді деп санаймыз.

3. Адам саудасы түсінігін халықаралық нормаға сәйкестендіру мақсатында адам саудасы түсінігінде негізгі 3 элементті атап өту қажет деп санаймыз. ҚР ҚК 128-бабынды және 135-бабында Адам саудасы түсінігін келесідей баяндауды ұсынамыз: «Адам саудасы – адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасау, сол сияқты оны қанау не күш қолданамын деп қорқыту немесе оны қолдану немесе мәжбүрлеу, ұрлау, алаяқтық, алдау арқылы азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу, сондай-ақ қанау мақсатында өзге де іс-әрекеттер жасау».

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2022.08.06. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). – [Электрондық ресурс] – Қатынас режимі: <https://online.zakon.kz/> (жүгіну күні:07.09.2022)

2. Кучуков К.М., Агибаева С.Д. Социально-экономические, политические и иные причины незаконной миграции // Ученые труды Алматинской академии МВД Республики Казахстан. – 2021. - №4(69). – с.107-112.

3. Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттаманы ратификациялау туралы Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 4 маусымдағы N 37-IV Заңы. – [Электрондық ресурс] – Қатынас режимі: <https://adilet.zan.kz/> (жүгіну күні:07.09.2022).

4. Буряк М.Ю. Торговля людьми и борьба с ней: монография. - Владивосток: Изд-во Дальневост. Ун-та, 2006. -213 с.

5. Вайсбротт Д. Указ сочинений. Абзац 62. С.17

6. Мизулина Е.Б. Торговля людьми и рабство в России: между - народно-правовой аспект. - М.: Юристь, 2006. С.591

7. Нигматуллин Р.В. Сотрудничество государств в борьбе с преступлениями международного характера в XX веке и начале XXI столетия (историко-правовой аспект): монография. - М.: Издательская группа «Юрист», 2006. – С.335.

8. Коволенко В.И. Криминальная эксплуатация человека в России: монография/под ред. докт. юрид. наук, проф. М.М. Бабаева. – М.: Юрлитинформ, 2021. – 432 с.

9. Mauricio John A critical approach to understanding human trafficking in the Caribbean: The International Journal of Human Rights: Vol 24, No 10 2020 Pages 1666-1680 – [Электрондық ресурс] – Қатынас режимі: <https://doi.org/10.1080/13642987.2020.1762577> (жүгіну күні:07.09.2022)

10.Эксперт: Торговля людьми может коснуться каждого – [Электрондық ресурс] – Қатынас режимі: <https://inbusiness.kz/ru/news/ekspert-torgovlya-lyudmi-mozhet-kosnutsya-kazhdogo> (жүгіну күні:07.09.2022)

11.Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. – [Электрондық ресурс] – Қатынас режимі: <https://adilet.zan.kz/> (жүгіну күні:07.09.2022).

12.Уголовный Кодекс Кыргызской Республики от 28 октября 2021 года № 127 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 09.08.2022 г.) – [Электрондық ресурс] – Қатынас режимі: <https://online.zakon.kz/> (жүгіну күні:07.09.2022)

13.«Уголовный кодекс Российской Федерации» от 13.06.1996 N 63-ФЗ (ред. от 14.07.2022, с изм. от 18.07.2022) (с изм. и доп., вступ. в силу с 25.07.2022) [Электрондық ресурс] – Қатынас режимі: <http://www.consultant.ru/> (жүгіну күні:19.09.2022)

14.Бекмагамбетов А.Б., Сейтаева Ж.С., Исмагулова А.Т. К вопросу о моделировании «анти-траффикерской» уголовной политики в контексте международных стандартов и зарубежного опыта // «Вестник академии правоохранительных органов». – 2021. - № 4 (22). – с. 41-47.

15.Бекмагамбетов А.Б. Структурные элементы политики противодействия преступности, связанной с торговлей людьми. – СПб.: Издательство «Юридический центр», 2018. – 168 с.

16.Rose Broad & Nick Turnbull From Human Trafficking to Modern Slavery: The Development of Anti-Trafficking Policy in the UK. *European Journal on Criminal Policy and Research* volume 25, pages119–133 (2019)

17. Modern Slavery Act 2015 UK Public General Acts – [Электрондық ресурс] – Қатынас режимі: <https://www.legislation.gov.uk/ukpga/2015/30/schedule/1/enacted>(жүгіну күні:07.09.2022)

18. Michael Chibba a (2014) Understanding human trafficking: perspectives from social science, security matters, business and human rights, Contemporary Social Science: Journal of the Academy of Social Sciences, 9:3, 311-321

Авторлар туралы мәліметтер

Айдарова Айнур Айтугановна – старший преподаватель кафедры уголовно-правовых дисциплин юридического факультета Alikhan Bokeikhan University, докторант, магистр юриспруденции.

Серик Мухаметказинович – УО «Alikhan Bokeikhan University», доктор *Сабитов* философии (PhD).

Кумисбеков Серикказы Кумисбекұлы – доцент кафедры общеправовых дисциплин Карагандинской академии МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова, доктор философии (PhD), подполковник полиции.

Айдарова Айнур Айтуғанқызы – Alikhan Bokeikhan University заң факультеті қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, құқықтану магистрі, докторант.

Сабитов Серік Мухаметказыұлы – «Alikhan Bokeikhan University» БМ, философия докторы (PhD).

Күмісбеков Серікқазы Күмісбекұлы – Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы жалпы заң пәндері кафедрасының доценті, философия докторы (PhD), полиция подполковнигі.

Aidarova Aynur Aituganovna – Master of Jurisprudence, Senior Lecturer of the Department of Criminal Law Disciplines of the Faculty of Law of Alikhan Bokeikhan University, doctoral student.

Sabitov Serik Mukhametkazinovich – PhD, Head of the Department of Criminal Law Disciplines, Alikhan Bokeikhan University.

Kumisbekov Serikkazy Kumisbekuly – Associate Professor of the Department Doctor of Philosophy (PhD) Police Lieutenant Colonel, Karaganda Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after B.Beisenov.

С.С. Жуматаев¹, Н.Д. Тлешалиев¹, Ә.К. Батырбаев²

¹Каспий қоғамдық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

²Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы,
Алматы, Қазақстан Республикасы

АЛАЯҚТЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Мақалада ҚР ҚК 190-бабында көзделген алаяқтықтың барлық түрлерінің криминологиялық пен қылмыстық-құқықтық аспектілері және оның Қазақстан Республикасындағы меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы жүйесіндегі орны қаралды.

Авторлар ҚР ҚК 190-бабы 1-4-бөліктерінің (алаяқтық-алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен бөтеннің мүлкін ұрлаудың немесе бөтеннің мүлкіне құқықтарды сатып алудың неғұрлым қауіпті нысандарының бірі ретінде, сондай-ақ ҚР ҚК 190-бабы 3-бөлігінің 29-тармағына сәйкес), 3-бабының сыбайлас жемқорлық қылмысының түрі ретінде талдау жасаған. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында жасалған қылмыстардың осы тобына қылмыстық-құқықтық және криминологиялық сипаттама берілді.

Бұдан басқа, авторлар меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарға және әсіресе алаяқтыққа қарсы күрес бойынша соңғы алты жылдағы құқық қолдану тәжірибесіне, сондай-ақ 2015 жылдан бастап 2020 жылды қоса алғандағы кезеңде алаяқтық жасаған адамдарға қатысты шығарылған шешімдер бойынша Қазақстан Республикасы соттарының есептеріне талдау жасады.

Авторлар құқық қолдану қызметін, Қазақстан Республикасының Алаяқтықпен күрес жөніндегі қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасын одан әрі жетілдіру жөнінде бірқатар ұсыныстар мен ұсынымдар енгізді.

Түйінді сөздер: қылмыстық құқық бұзушылық, қылмыс, қылмыстық теріс қылық, алаяқтық, бөтеннің мүлкі, ұрлық, алдау, сенімді теріс пайдалану, құқық қорғау қызметкері, сыбайлас жемқорлық қылмыстар, меншікке қарсы қылмыстар, алаяқтыққа қарсы іс-қимыл.

Уголовно-правовые аспекты противодействия мошенничеству

В статье рассмотрены криминологические и уголовно-правовые аспекты мошенничества, предусмотренного ст. 190 УК РК, и его места в общей системе уголовных правонарушений против собственности в Республике Казахстан.

Авторами дан анализ содержания частей 1-4 ст. 190 УК РК (Мошенничество как одно из наиболее опасных форм хищения чужого имущества или приобретение прав на чужое имущество путем обмана или злоупотребления доверием, а также как вид (п.2 ч.3 ст. 190 УК РК), согласно п 29), ст. 3 УК РК коррупционного преступления. Также дана уголовно-правовая и криминологическая характеристика данной группы преступлений, совершенных в Республике Казахстан.

Кроме этого, авторами проанализирована правоприменительная практика по борьбе с уголовными правонарушениями против собственности и особенно с мошенничеством, а также отчеты судов Республики Казахстан по вынесенным решениям в отношении лиц, совершивших мошенничество за период с 2015 по 2020 годы включительно.

Авторами внесены ряд предложений и рекомендаций по дальнейшему совершенствованию правоприменительной деятельности, уголовного и уголовно-исполнительного законодательства Республики Казахстан по борьбе с мошенничеством.

Ключевые слова: уголовное правонарушение, преступление, уголовный проступок, мошенничество, чужое имущество, хищение, обман, злоупотребление доверием, сотрудник правоохранительного, коррупционные преступления, преступления против собственности, противодействие мошенничеству.

Criminal aspects of countering fraud

The article considers criminological and criminal-legal aspects of all forms of fraud provided for by Article 190 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan and its place in the general system of criminal offenses against property in the Republic of Kazakhstan.

The authors analyze the content of parts 1-4 of Article 190 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan (Fraud as one of the most dangerous forms of theft of someone else's property or acquisition of rights to someone else's property by deception or abuse of trust, as well as as a type (paragraph 2, part 3 of Article 190 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan) , according to p 29), Article 3 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan of a corruption crime. The criminal-legal and criminological characteristics of this group of crimes committed in the Republic of Kazakhstan are also given.

In addition, the authors analyzed the law enforcement practice over the past six years to combat criminal offenses against property and especially fraud, as well as reports of the courts of the Republic of Kazakhstan on decisions made against persons who committed fraud for the period from 2015 to 2020 inclusive.

The authors have made a number of proposals and recommendations for further improvement of law enforcement activities, criminal and penal enforcement legislation of the Republic of Kazakhstan on combating fraud.

Keywords: criminal offense, crime, criminal offense, fraud, other people's property, theft, deception, abuse of trust, law enforcement officer, corruption crimes, crimes against property, countering fraud.

Алаяқтық бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденудің неғұрлым қауіпті және кең таралған нысандарының бірі ретінде, сондай-ақ, ҚР ҚК 3-бабының 29-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыс түрі ретінде азаматтар, қоғам, мемлекет [1].

Құқық қолдану тәжірибесі көрсетіп отырғандай, алаяқтық саласына ҚР ҚК 15-бабының 2-бөлігіне сәйкес он алты жасқа толған қарапайым азаматтардан бастап, қылмыстық құқық теориясы мен қылмыстық заңнамада арнайы субъект ретінде аталатын құқық қорғау, мемлекеттік және өзге де органдар мен ұйымдардың өкілдеріне дейінгі азаматтардың әртүрлі санаттарының өкілдері тартылған.

Қоғам мен мемлекеттің цифрландыруға көшуіне байланысты банк саласында, компьютерлік ақпарат саласында, интернет желісінде және ақпарат пен ақша қаражатын жымқырудың басқа да техникалық құралдарының көмегімен алаяқтық фактілері жиі кездеседі.

Алаяқтық жасау барысында азаматтардың Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабына сәйкес басқа құқықтармен қатар мемлекеттің қорғауында болатын меншікке құқықтары бұзылады [2].

Әдетте, алаяқтық, оның ішінде ҚР ҚК 190-бабының 2-бөлігі 3-тармағында көзделген фактілер жоғары ұйымдасқан, жақсы ойластырылған, жеткілікті дәреже негізінде ұйымдасқан қылмыстық топтардың, қоғамдастықтардың құрамында жасалады, бұл ретте мемлекетке орасан зор және моральдық материалдық залал келтіріп, Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері мен ұлттық қауіпсіздігіне қол сұғады.

Алаяқтықтың бұл түрі заң шығарушымен оның аса қоғамдық қауіптілігіне байланысты ҚР ҚК 3-бабының 29-тармағына сәйкес қатаң санкциялар көзделген, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру енгізілген, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін сотталған адамдарды жазадан мерзімінен бұрын шартты түрде босатудың күші жойылған.

Сондықтан, «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес, заңнамалық деңгейде сыбайлас жемқорлық, заңдылық пен құқық тәртібі деңгейінің төмендеуімен, оның ішінде қылмыстың, оның ұйымдасқан нысандарын қоса алғанда, өсуімен, мемлекеттік органдардың криминалдық құрылымдармен, террористік немесе экстремистік ұйымдармен кірігуімен, лауазымды адамдардың капиталдың заңсыз айналымына, қару мен есірткі

заттарының заңсыз айналымына, ұлттық мүдделердің қорғалу дәрежесін төмендетуге ықпал ететін ұлттық қауіпсіздіктің негізгі қатерлеріне жатқызылған [3].

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ. Тоқаев қылмысқа қарсы іс-қимыл саласында, оның ішінде алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде мемлекеттік деңгейде мақсатты саясат жүргізуде.

The article analyzes the criminal-legal characteristics of corruption crimes under the Criminal code, introduced on January 1, 2015. The article deals with the composition of corruption crimes and the problems of legal formulation of material norms, the most relevant problems of modern criminal law. The possibility of comparative legal analysis of domestic criminal legislation to determine the criminal law regulation of the institution of criminal responsibility for corruption is investigated. The article notes the unity of criminal law characteristics of corruption, clearly formulated opinions of scientists from the terminological point of view in the legislation.

Keywords: corruption crimes, corruption, prevention of corruption, military personnel, criminal offenses, crime, deprivation of liberty, confiscation of property, execution of punishment, convicted person, arrest, pre-trial detention center, fine, state bodies.

Мемлекет басшысы елімізде жемқорлықтың дендеп кеткеніне алаңдаушылық білдіріп, бұның қоғамға қауіпті дерт екенін айтты.

Жыл сайын Қазақстанда орташа есеппен 2 мыңнан астам сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстық іс тіркеледі. Мыңнан аса адам жауапқа тартылады. Бұл – батпандап кіріп, мысқалдап шығатын кесел. Осы ауруды қазір шұғыл түрде емдемесек, ертең кеш болуы мүмкін, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев жемқорлықтың ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттің болашағына нұқсан келтіретінін айтты. Сондықтан, оның тамырына балта шауып, түбегейлі жою қажет. Бұл дертпен бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, бірлесіп күресуге шақырды. Мемлекетте оған қажеттінің бәрі бар екенін атап өтті. Егер біз жемқорлықты түбегейлі жоюды міндет етіп алсақ, меніңше, мемлекеттік орган басшылары мұндай жағдайда отставкаға кетуі керек. Олардың отставкаға кетуін қабылдауды немесе қабылдамауды Мемлекет басшысы шешеді. Бірақ жұмыстан босату туралы арыз жазуы міндетті шара болуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев [1].

2014 жылы 03-шілдеде қабылданып, 2015 жылдың 01-қаңтарынан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасының 3 бабының 29 тармақшасына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстар – қылмыстық кодекстің 189 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 190 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 218 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 234 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 249 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 361, 362 (төртінші бөлігінің 3) тармағында), 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451 (екінші бөлігінің 2) тармағында) және 452-баптарында көзделген іс-әрекеттер болып табылады, жалпы он жеті қылмыстық құқық бұзушылық құрамнан тұрады [2].

Яғни, сыбайлас жемқорлық қылмыстары келесіден тұрады: қылмыстық кодекстің 189 бабының (үшінші бөлігінің 2) тармағында), кінәліге сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, яғни жымқыру барысында мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаса, егер олар өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса. Қылмыстық кодекстің 190 бабының (үшінші бөлігінің 2) тармағында), алаяқтық кезінде адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаса сыбайлас жемқорлық деп саналады. Қылмыстық кодекстің 218 бабының (үшінші бөлігінің 1) тармағында) қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату) барысында, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған іс-әрекеттер, егер олар өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса сыбайлас жемқорлық деп саналады. Қылмыстық кодекстің 234 бабының (үшінші бөлігінің 1) тармағында) Экономикалық контрабанда барысында, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған іс-әрекеттер, егер олар өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса сыбайлас жемқорлық деп саналады. Қылмыстық кодекстің 249 бабының (үшінші бөлігінің 2) тармағында) Рейдерлік барысында мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған іс-әрекеттер, егер олар өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса сыбайлас жемқорлық қылмысы деп саналады. Қылмыстық кодекстің 361-бабының (төртінші бөлігінің 3) тармағында) көрсетілген әрекетті жасау барысында, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның өздерінің қызметтік өкілеттіктерін өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында қызмет мүдделеріне қайшы пайдалануы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне

не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соқса сыбайлас жемқорлық қылмысы деп танылады. Қылмыстық кодекстің 362 (төртінші бөлігінің 3) тармағында), билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану, яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның өзінің құқықтары мен өкілеттіктерінің шегінен анық шығатын және азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соққан әрекеттер жасауы сыбайлас жемқорлық қылмысы деп саналады. Қылмыстық кодекстің 364-бабы, кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу, яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ұйым құруы не мұндай ұйымды басқаруға заңда белгіленген тыйым салуға қарамастан, жеке өзі немесе сенім білдірген адам арқылы қатысуы, егер бұл іс-әрекеттер мұндай ұйымға жеңілдіктер мен артықшылықтар беруге немесе өзге де нысандағы жақтаушылыққа байланысты болса сыбайлас жемқорлық деп саналады. Қылмыстық кодекстің 365-бабы, заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау барысында дара кәсіпкердің немесе ұйымдық-құқықтық нысанына немесе меншік нысанына қарамастан коммерциялық ұйымның құқықтары мен заңды мүдделерін шектеу, сол сияқты дара кәсіпкердің немесе коммерциялық ұйымның дербестігін шектеу не қызметіне өзгедей түрде заңсыз араласу, егер бұл іс-әрекеттерді мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам өздерінің қызметтік өкілеттіктерін өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында қызмет мүдделеріне қайшы пайдаланып жасаса, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соқса сыбайлас жемқорлық қылмысы танылады.

Қылмыстық кодекстің 366-бабы пара алу барысында мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы сыбайлас жемқорлық қылмысы деп танылады. Қылмыстық кодекстің 367-бабы, пара беру барысында мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беру сыбайлас жемқорлық қылмысы болып табылады. Қылмыстық кодекстің 368-бабы, парақорлыққа делдал болу барысында парақорлыққа делдал болу, яғни пара алушыға және пара берушіге олардың арасындағы пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізуге немесе оны іске асыруға ықпал ету сыбайлас жемқорлық болып табылады. Қылмыстық кодекстің 369-бабы бойынша қызметтік жалғандық жасау барысында, қызметтік жалғандық жасау, яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның ресми құжаттарға көрінеу жалған мәліметтерді енгізуі не аталған құжаттарға олардың шынайы мазмұнын бұрмалайтын түзетулер енгізуі не көрінеу жалған немесе қолдан жасалған құжаттар беруі, егер бұл іс-әрекеттер өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында жасалған болса сыбайлас жемқорлық болып табылады. Қылмыстық кодекстің 370-бабы бойынша, қызметтегі әрекетсіздік барысында, қызметтегі әрекетсіздік, яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа

адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында өзінің қызметтік міндеттерін орындамауы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса сыбайлас жемқорлық болып табылады.

Қылмыстық кодекстің 450-бабы, билікті теріс пайдалану барысында бастықтың немесе лауазымды адамның билікті немесе қызмет бабын өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында қызмет мүдделеріне қайшы теріс пайдалануы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса сыбайлас жемқорлық болып табылады. Қылмыстық кодекстің 451-бабы билікті асыра пайдалану барысында билікті немесе қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану, яғни бастықтың немесе лауазымды адамның өзінің құқықтары мен өкілеттіктерінің шегінен анық шығатын, азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соққан әрекеттер жасауы сыбайлас жемқорлық болып табылады. Қылмыстық кодекстің 452-бабы бойынша, биліктің әрекетсіздігі барысында, биліктің әрекетсіздігі, яғни бастықтың немесе лауазымды адамның өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында өзінің қызметтік міндеттерін орындамауы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса сыбайлас жемқорлық қылмысы болып табылады [2].

С.М. Рахметовтің пікірінше, сыбайлас жемқорлық қылмыстармен күресті күшейту туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі «Сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасы заңнамаларына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы» атты заң күші бар актілерімен енгізілген толықтырулар бұрын танылған сыбайлас жемқорлық қылмыстарындағы кейбір қоғамға қауіпті әрекеттер үшін жауаптылықты жоққа шығарады және Қылмыстық кодекстің 307-бабының 5-ескертуінен келесі мәтінді «оларды жасаған адамдар мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алған жағдайларда» алып тастау қажет [3, 25 б.].

А.М. Сайтбековтің пікірінше, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жолын кесу – жалпы заңды мәселе. Барлық құқық салаларының нормалары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға тартылуы тиіс, алайда билік пен басқару органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жолын кесу ісінде пайдаланылуы тиіс негізгі құқықтық құралдар дәл әкімшілік-құқықтық құралдар болуы тиіс. Осылайша, құқықтық механизмде қарсы-Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл- барлық нормативтік, ұйымдастырушылық және ақпараттық бағдарламаларды іске асыру қажет. Кешенде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың барлық құралдарын пайдалану ғана белгілі бір оң нәтижелерге әкелуі мүмкін және сыбайлас жемқорлықты төмендетуге мүмкіндік береді [4, 49 б.].

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп-қатер қатарына қояды және мемлекет пен қоғамды осы келеңсіз құбылыспен күресте күш-жігерді біріктіруге бағыттайды.

Қазақстанның осы маңызды мәселе бойынша қағидаттық ұстанымын білдіретін еліміздің басты стратегиялық құжаты мемлекеттің алдағы жылдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқарудың тиімділігін, елдің инвестициялық тартымдылығын төмендететіні, әлеуметтік-экономикалық қарыштап дамуды тежейтіні баршаға мәлім.

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді, әлемдік стандарттарға сай институттары мен тетіктерін құру бағытымен мақсатты және кезең-кезеңмен жүріп келеді.

Елімізде қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қолданылуда, оның негізі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңдар болып табылады, бірқатар бағдарламалық құжаттар іске асырылуда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы функцияларды іске асыратын уәкілетті орган құрылды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастық белсенді жүзеге асырылуда.

Әлеуметтік шығу тегі мен мүліктік жағдайына қарамастан, оның кезінде басшылық орындарға қабілетті және кәсіби дайындалған адамдар орналасатын меритократия қағидаттарының негізінде мемлекеттік қызмет жүйесі қалыптасты, оның ішінде мемлекеттің әрбір органы мен лауазымды адамының функциялары мен өкілеттіктерінің аражігі нақты ажыратылып және айқындалып қалыптасты деп көрсетілген [5].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру мен іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) [6].

А.К. Даулбаевтың пікірінше де, түсіндірудің субъектісіне қарай: аутентикалық, легальды (ресми), соттық және доктринальдық сияқты түрлерге бөлінуі, түрлердің арасында нақты шегінің болуымен сипатталуы мүмкін болмаса да, құқық нормаларын кез-келген субъектілер түсіндіре алатындығын, бірақ мұндай түсіндірулердің нәтижесі олардың құқықтық маңыздылығындағы көзқараста бірдей болмайтындығын айтады [7, 20 б.].

И.Ш. Борчашвилидің пікірінше, шектеуші түсіндірме деп, нәтижесінде барлық жағдайларға бірдей қылмыстық заң қолданыла бермейтін дәлме-дәл мәтіндегі заңға ғана қолданылатын түсіндіру танылады [8, 149 б.].

«Бір нәрсе анық – криминологиялық зерттеулердің нәтижелеріне сүйенбей, нақты криминологиялық жағдайдың (Сыбайлас жемқорлық қылмыстылықпен күрестің – авт.) заңдылықтары мен үрдістерін терең зерделемей қылмыстық-құқықтық, іс жүргізу проблемаларын өз деңгейінде шешу мүмкін емес», – деді профессор Е.О.Алауханов [9, 75 б.].

Сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмыстылықтың кең етек алуына кеңестік кезеңде мынадай факторлар ықпал етті:

1. құқықтық базасы мен құқықтық мәдениеті нашар жаңа экономикалық жүйеге бірден өтіп кету;
2. Кеңестік кезеңде жөнді құқықтық жүйе мен тиісті мәдени дәстүрдің болмауы;
3. партиялық бақылау жүйесінің ғана емес, барлық бақылау органдары жүйесінің күйреуі;
4. қабылданған нормативтік актілердің орындалуына мемлекеттік бақылаудың әлсіреуі.

Е.І. Қайыржанов қылмыстық әрекеттің зиянды зардаптарының әртүрлілігі материалды және материалды емес сипатта болатынын айта келе, заңда, теория мен тәжірибеде қылмыстық зардапты білдіру үшін көптеген: «нәтиже», «зардап», «зиян», «адамдардың бақытсыз жағдайы», «адамдардың қаза болуы» және т.б. терминдердің қызмет атқаратынын көрсетеді [10, 85б.].

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, мемлекеттік қызметші – мемлекеттік органда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражатынан ақы төленетін мемлекеттік лауазымды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.

Мемлекеттік саяси қызметші – тағайындалуы (сайлануы), босатылуы және қызметі саяси-айқындаушы сипатқа ие, саяси мақсаттармен міндеттердііске асыруға жауаптылықта болатын мемлекеттік қызметші

Мемлекеттік әкімшілік қызметші – Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өз қызметін тұрақты кәсіби негізде жүзеге асыратын мемлекеттік қызметші болып табылады [11].

А.Н. Ағыбаевтың пікірінше, қылмыстық заңды түсіндірудің мәнісі, сол заңды дұрыс қолдану үшін, оның мазмұнын заң шығарушының заң еркіне сайма-сай етіп, ашып көрсету болып табылады. Заңды заң шығарушының еркіне сайма-сай, дәлме-дәл қолдану үшін оның мазмұнын ашып көрсетуді қылмыстық заңды түсіндіру деп білеміз [12, 55 б.] .

Б.В. Волженкиннің ойынша, сыбайлас жемқорлық көбінесе трансұлттық қылмыстармен байланысты екенін атап өткен жөн. Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының кіріспесінде айтылғандай, «Сыбайлас жемқорлық енді жергілікті мәселе емес, барлық елдердің қоғамы мен экономикасына әсер ететін трансұлттық құбылысқа айналды». Трансұлттық сыбайлас жемқорлық қандай да бір мемлекетте экономикалық қызметті жүзеге асыру мүмкіндігін алу немесе қандай да бір артықшылықтарға ие болу мақсатында шет мемлекеттің лауазымды тұлғаларына пара беру түрінде көрінеді [13, 47 б.] .

Н.Е. Крылованың пікірінше, 1994 жылғы Францияның Қылмыстық кодексінде мемлекеттік лауазымды тұлғаның жалпы анықтамасы жоқ. Тиісті қылмыстардың субъектісі ретінде көбінесе: 1) мемлекеттік биліктің өкілі; 2) мемлекеттік аппарат органдарының тапсырмасын орындайтын адам; 3) қоғамдық мандатпен киінген адам деп аталады. Бұдан басқа, жекелеген баптарда: мемлекеттік мекеменің жария лауазымды адамы, өкілі немесе қызметшісі, ұлтандырылған кәсіпорынның қызметкері, мемлекеттік ұйым капиталдың 50% - дан астамын иеленетін аралас үлгідегі экономикалық қоғамның қызметкері туралы айтылады, мемлекеттік кәсіпорынның басқарушысы немесе қызметшісі, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметшісі, мемлекеттік бухгалтер және т.б., болып табылады [14, 90 б.] .

Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасында көзделген сыбайлас жемқорлық белгілері бойынша сұрақты зерттеу барысында, құқықтанушылармен әртүрлі нұсқадағы анықтамалар ұсынылғаны белгілі. Әрбір зерттеулі қадам сайын нақты берілген анықтамалар жетілдіріле түсуде, бірақ олар сыбайлас жемқорлық белгілерінің маңыздылығын ашатын кейбір тұрғыдан толық қамтылмайды. Дегенмен, қылмыстық құқық ғылымындағы және сыбайлас жемқорлық қылмыстылығымен күрес тұрылы заңнамасында берілген анықтамасы ескіріп қалмайды, керісінше, ғылыми талқылаудың пәні ретінде және оның ерекше сипатын айқындау барысында анықтама нұсқасы ретінде ұсынылады.

Қылмыстық заңдағы сыбайлас жемқорлық қылмысының белгілерін анықтап қолдану тәжірибесін зерттеу аясында, сыбайлас жемқорлықты белгілерін түсіндіру бойынша, құқық қолданушылармен жіберілген негізгі қателіктерді табуға ұмтылыс жасалды. Бұл қателіктер сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін жауаптылық көзделген белгілерін түсіндіру тәсілін, түрлерін дұрыс таңдамауда және қылмыс құрамдарын дұрыс сараламауда байқалды.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде кеңес. Нұр-Сұлтан. – 20 мамыр 2019 жыл. www.akorda.kz (жүгіну мерзімі: 14.11.2022).

2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz> (09.01.2018 жағдайымен).

3 Рахметов С.М. Проблемы совершенствования уголовно-правовой борьбы с коррупционными преступлениями и преступлениями в сфере экономической деятельности // 10 лет Уголовному кодексу и Уголовно-исполнительному кодексу Республики Казахстан: достижения и перспективы: мат-лы Междунар.науч.-практ.конф.– Караганда: КарЮИ МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова, 2007. – Т. 2.– 203 с.

4 Сайтбеков А.М. Актуальные вопросы противодействия коррупции в системе государственных органов Республики Казахстан // Ученые труды Алматинской академии МВД Республики Казахстан.– №3(68). – 2021. – С.45-50.

5 Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы. <http://adilet.zan.kz> (жүгіну мерзімі: 14.11.2022).

6 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ. <http://adilet.zan.kz> (жүгіну мерзімі: 14.11.2022).

7 Даулбаев А.К. Официальное нормативное толкование законов в Республике Казахстан (проблемы теории и практики): дис. ... канд.юрид.наук. – Алматы, 2005. – 138 с.

8 Қазақстан Республикасы қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім: дәрістер баяны / з.ғ.д., профессор И.Ш. Борчашвилидің жалпы редакциясымен. – Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2006. – 496 б.

9 Алауханов Е.О. Борьба с хищениями собственности путем подлога документов. – Алматы: Жеті Жарғы, 1995. – 225 б.

10 Каиржанов Е.И. Уголовное право Республики Казахстан (общаячасть): учебник для высш.учебзавед. – Алматы: Арда, 2006. – 248 с.

11 Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ.<http://adilet.zan.kz> (жүгіну мерзімі: 14.11.2022).

12 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім: оқулық / өнд. толықт., 4 бас. – Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 360 б.

13 Волженкин Б.В. Служебные уголовные правонарушения. – М.: Юристъ, 2000. – 368 с.

14 Крылова Н.Е. Ответственность за должностные злоупотребления во Франции // Вестник МГУ. Серия 11. Право. – 1998. – №1. – С. 90-100.

Авторлар туралы мәліметтер

Дүйсенбаева Гульзипа Жұмабайқызы – Каспий қоғамдық университетінің PhD докторанты.

Ахметова Дина Абдикуловна – Алматы гуманитарлы-экономикалық университетінің аға оқытушысы.

Батырбаев Әділхан Көшкенович – Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының қылмыстық құқық, қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының доценті з.ғ.к., доцент.

Дүйсенбаева Гульзипа Жұмабаевна – PhD докторант Каспийского общественного университета.

Ахметова Дина Абдикуловна – старший преподаватель Алматинской гуманитарно-экономического университета, м.ю.н.

Батырбаев Адылхан Кошкенович – доцент кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики Алматинской академии МВД Республики Казахстан имени М. Есбулатова, к.ю.н., доцент.

Duysenbayeva Gulzipa Zhumabayevna – PhD doctoral student of the Caspian Public University.

Akhmetova Dina – Senior Lecturer at Almaty University of Humanities and Economic.

Batyrbayev Adylkhan Koshkenovich – Associate Professor of the Department of Criminal Law, Criminal Procedure Law and Criminalistics of the Almaty Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after M. Esbulatov PhD, Associate Professor.

А.С. Қабылбекова¹

¹Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы,
Алматы, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚСТАН ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ ЭКСТРЕМИЗМ ҰҒЫМДАРЫ

Экстремистік бағыттағы қылмыстарды анықтау және тергеу барған сайын өзекті мәселеге айналуға, өйткені қазіргі жағдайда Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне, сондай-ақ азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына нақты қатер оның көрінуінің әртүрлі нысандарында экстремизмнің күшеюі болып табылады.

Бүгінгі таңда экстремистік сипаттағы акциялар, митингілер ауқымын кеңейту үрдісі айқын көрінеді, экстремизмге қарсы күрес қоғамның қауіпсіздігіне елеулі қатер төндіретін жаһандық халықаралық проблемаға айналуға.

Бұл мақалада «экстремизм» ұғымы және оған қарсы тұрудың негізгі принциптері, экстремизм әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде саяси күрестің әртүрлі экстремалды формаларының жиынтығы және осындай формалардың бірі терроризм деген тұжырым қарастырылады.

Түйінді сөздер: экстремистік қызмет, ұлттық экстремизм, ксенофобия, нәсілшілдік, терроризм.

Понятия экстремизма в казахстанском законодательстве

Выявление и расследование преступлений экстремистской направленности становится все более актуальной проблемой, так как в современных условиях реальную угрозу национальной безопасности Республики Казахстан, а также конституционных прав и свобод граждан представляет усиление экстремизма в различных формах его проявления.

На сегодняшний день отчетливо просматривается тенденция к расширению масштабов акций, митингов экстремистского характера, борьба с экстремизмом становится глобальной международной проблемой, представляющей серьезную угрозу для безопасности общества.

В данной статье рассматриваются понятие «экстремизма» и основные принципы противодействия ему, вывод о том, что экстремизм как социально-политический феномен представляет собой совокупность различных крайних форм политической борьбы, и одной из таких форм является терроризм.

Ключевые слова: экстремистская деятельность, национальный экстремизм, ксенофобия, расизм, терроризм

Concepts of extremism in the Kazakh legislation

The detection and investigation of extremist crimes is becoming an increasingly urgent problem, since in modern conditions the real threat to the national security of the Republic of Kazakhstan, as well as the constitutional rights and freedoms of citizens, is the intensification of extremism in various forms of its manifestation.

To date, there is a clear tendency to expand the scale of actions and rallies of an extremist nature, the fight against extremism is becoming a global international problem that poses a serious threat to the security of society.

This article discusses the concept of "extremism" and the basic principles of countering it, the conclusion that extremism as a socio-political phenomenon is a combination of various extreme forms of political struggle, and one of these forms is terrorism.

Keywords: extremist activity, national extremism, xenophobia, racism, terrorism.

Экстремистік бағыттағы қылмыстарды анықтау және тергеу барған сайын өзекті мәселеге айналуға, өйткені қазіргі жағдайда Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне, сондай-ақ азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына нақты қатер экстремизмнің күшеюі болып табылады. Бүгінгі таңда экстремистік сипаттағы акциялар, митингілер ауқымын кеңейту үрдісі айқын көрінеді, экстремизмге қарсы күрес қоғамның қауіпсіздігіне елеулі қатер төндіретін жаһандық халықаралық проблемаға айналуға.

Құқық қорғау органдарының экстремистік бағыттағы қылмыстарға қарсы тұру күш-жігеріне қарамастан, олардың саны өсуде, бұл біздің еліміздегі тұрақтылық пен қоғамдық қауіпсіздікке елеулі қауіп төндіреді. Қазіргі қоғам жаһандану процестерінің қарқынды дамуымен сипатталады, бұл жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қоғамдық өмірдің барлық салаларына әсер етеді. Ашық телекоммуникациялық желілердің пайда болуы оларды әлеуметтік пайдалану ғана емес, сонымен қатар заңсыз (террористік, экстремистік және т. б.) мақсаттарда пайдалануға серпін береді.

Нәтижесінде бүкіл әлемдік қоғамдастыққа елеулі қауіп төніп тұр, бұл тек ұлттық деңгейде ғана емес, мемлекетаралық деңгейде де шешуші қарсылықты талап етеді. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ресми статистикасына сәйкес, 2016 жылы ғана экстремизм мен терроризмге байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар 554, 2017 жылы 531, ал 2018 жылы 6 айда 319 құрады [1].

Сот шешіміне сәйкес белгілі бір ақпараттық материалдарға (баспа мәтіні, аудио немесе бейнеролик) Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, басып шығаруға және таратуға тыйым салынуы мүмкін. Олар сот сараптамаларының қорытындылары негізінде экстремистік материалдар тізіміне енгізілген. 2018 жылғы мамырдағы жағдай бойынша экстремистік деп танылған және Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, басып шығаруға және таратуға тыйым салынған материалдар 763 материалды құрайды [2].

Экстремизм проблемаларына байланысты зерттеулердің маңыздылығын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 наурыздағы №124 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама көрсетеді [3]. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 28-VI Заңы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» [4].

Бірақ қазіргі уақытта заң шығару деңгейінде жасалып жатқанның бәрі осы санаттағы қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу саласында іске асыру құқық қорғау органдарының жұмысына тиісті түрде әсер етпейді. Бұл қылмыстар үлкен қауіп төндіреді. Әрқашан агрессивті, көп жағдайда бір топ адамдармен немесе қылмыстық ұйымдармен жасайды, бұл оларға үлкен қоғамдық қауіп төндіреді, айтарлықтай зиян келтіруге, зардап шеккендердің санын көбейтуге жағдай жасайды, жеке қылмысты да, бірқатар өзара байланысты қылмыстарды ашуды және тергеуді қиындатады.

Экстремистер мен террористер өз міндеттерін шешу үшін әртүрлі ұлттардың, этникалық топтардың өкілдерін итермелеуге тырысады. Сондықтан, біздің ойымызша, мұндай көріністермен күрес барлық билік құрылымдары мен азаматтық қоғам институттарының қызметінде ерекше орын алуы керек. Соңғы жылдары экстремистік және террористік идеяларды насихаттау, экстремистік және террористік әрекеттерді жүзеге асыруға шақыру, сондай-ақ нақты акциялар үшін «Интернет» желісі ұсынатын мүмкіндіктер белсенді түрде қолданылуға.

Құқық қорғау органдарының қызметкерлері Интернет-ресурстарда экстремистік мазмұндағы ақпараттық материалдарды орналастырудың көптеген фактілерін анықтайды. Бұл жағдайда тек мәтіндік және графикалық материалдар ғана емес, сонымен қатар аудио және бейнематериалдар да орналастырылады, бұл таралатын ақпараттың шектеусіз адамдар

тобына әсер ету дәрежесін едәуір арттырады. Интернетте орналастырылған ақпараттық ресурстар қол жетімділік, анонимдік, бақылаудың шектеулі және т. б. сияқты ерекшеліктермен сипатталады, экстремистерге Интернетті қоғамның қауіпсіздігіне, мемлекеттердің тұтастығына қауіп төндіретін және халықаралық жағдайды тұрақсыздандыратын қылмыстық әрекеттерін жүзеге асыру үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Экстремистік қызметті жүзеге асыратын адамдар интернетті пайдаланушыларға ақпараттық-психологиялық әсер ету үшін пайдаланады, нәтижесінде олардың санасына, содан кейін мінез-құлқына манипуляциялау мүмкіндігін пайдаланады. Сонымен бірге, олар мемлекеттің ақпараттық-телекоммуникациялық инфрақұрылымының жекелеген элементтеріне ақпараттық-техникалық әсер етуге тырысады, бұл тек зиян келтіруге ғана емес, сонымен бірге жұмыс істеуді тоқтатуға немесе қолданыстағы интернет - ресурстардың толық жойылуына әкеледі.

Қазіргі әлемдегі әскери, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлармен қатар, экстремизм және оның экстремалды көрінісі – терроризм – адам мен қоғамға басты қауіп болды. Экстремистік қауымдастықтардың қызметі үлкен саяси және экономикалық зиян келтіреді, халыққа теріс психологиялық әсер етеді. Көп жағдайда терроризм көріністерінің алдында террористердің экстремистік көзқарастары болады. Егер экстремизм әртүрлі бағыттағы аса радикалды көзқарастарды құраса, онда терроризм саяси, идеологиялық сипаттағы аса радикалды әрекеттерге ие [5].

Экстремизм оның барлық түрлерінде терроризмнің идеологиялық көзі болып табылады - ол терроризмге идеялар береді, оны рухани тамақтандырады, террористер мен террористік актілерді ақтайды, мысалға келтірсек, оларды «кек алу» немесе «қасиетті соғыс» деп айтады. Сондықтан терроризм жасаған барлық нәрсе үшін экстремизм де жауапты деп айтуға болады. Экстремизм мен терроризмнің пайда болуы мен дамуының логикалық тізбегі экстремизм идеологиясы террористік әрекетті ұйымдастыруға және нәтижесінде сепаратизмге, яғни мемлекеттің аумақтық тұтастығына қол сұғуға әкелуі мүмкін.

«Экстремизм» жалпы терминінің мағынасы: басқа әлеуметтік топтарға төзбеушілік (ксенофобия); оларға үстемдік орнату (нәсілшілдік); оларды толығымен жоюға ұмтылу (геноцид). Экстремизмнің экстремалды түрі-терроризм. Қазіргі Қазақстандағы экстремизм мен терроризмнің жай-күйі мен даму тенденцияларын талдау, елдегі әлеуметтік-саяси және жедел жағдайдың сипатын дұрыс түсінудің, оның дамуының ықтимал жолдарын білудің маңызды шарты ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік қауіп-қатерлерден Қазақстан Республикасының саяси тұрақтылығын және қоғамдық қауіпсіздігін, елдің конституциялық құрылымның негізін қорғау, демократиялық құқықтық мемлекет, азаматтық қоғамды құру жағына эволюциясын қамтамасыз ету үшін қажетті шұғыл шараларды әзірлеу мен іске асырудың қажетті алғышарттары болып табылады.

Экстремизммен байланысты негізгі ұғымдарды қарастырыңыз.

«Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» 2005 жылғы 18 ақпандағы № 31-III Заңның 1-бабына сәйкес [6] экстремизм деп: жеке және (немесе) заңды тұлға, Жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігі белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдардың атынан іс-әрекеттер жасауды ұйымдастыру және (немесе) жасау түсініледі; жеке және (немесе) заңды тұлға, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігі мынадай экстремистік мақсаттарды көздейтін іс-қимылдарды жүзеге асырады: конституциялық құрылысты күштеп өзгерту, Қазақстан Республикасының егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қол сұғылмаушылығын және бөлінбейтіндігін бұзу, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіру, билікті күштеп басып алу немесе билікті күштеп ұстап қалу, заңсыз әскерлендірілген құрамын құру, басшылық ету және оған қатысу, қарулы бүлікті ұйымдастыру және оған қатысу, әлеуметтік, таптық алауыздықты (саяси экстремизм)қоздыру; нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты (ұлттық экстремизм); діни араздықты немесе алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-

зомбылыққа шақырумен байланысты араздықты қоздыру, сондай-ақ азаматтар қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, адамгершілігіне немесе құқықтар мен бостандықтарына қауіп төндіретін кез келген діни тәжірибені қолдану (діни экстремизм);

Түсініктеме берілген бапта «экстремистік әрекеттерді ұйымдастыру» ұғымы өте ауқымды берілген және мыналарды қамтиды:

- 1) экстремистік әрекеттерді басқару;
- 2) экстремизмді қаржыландыру;
- 3) адамдарды тарту;
- 4) экстремистік мақсаттарда қару-жарақтарды мен құралдарды дайындау және сатып алу;
- 5) сондай-ақ экстремизмді жүзеге асыру үшін жағдай жасауға бағытталған жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестіктерінің басқа да әрекеттері.

«Экстремистік әрекеттер» деп қылмыстық жоспарларын жасау кезінде көрінетін іс-қимыл тактикасын анықтау. «Экстремизмді қаржыландыру» ұғымына түсініктеме Заңның 1-бабының 8 тармақшасында берілген.

«Адамдарды жалдау» деп бір немесе бірнеше адамды белгілі бір жұмыс түрлерін орындаушы немесе қызмет көрсету ретінде пайдалануға келісуге көндіру деп түсіну керек. Бұл террористік немесе экстремистік іс-шараларға қатысуға келісетін адамдарды іздеу, оларды оқыту тізіміне енгізу, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, террористік немесе экстремистік ұйымдарға қатысуға шақыру.

«Экстремистік мақсатта қару-жарақтар мен құралдарды дайындау және сатып алу» туралы мынаны түсіну қажет.

Қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғатын атыс қаруын, оқ-дәрілерді, қару-жарақты немесе жарылғыш заттарды жасау деп оларды жасау немесе жоғалған зақымдайтын қасиеттерін қалпына келтіру. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Атыс қаруын, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен жарылғыш заттарды ұрлау, оларды заңсыз сатып алу, алып жүру, сақтау, дайындау немесе өткізу және атыс қаруын ұқыпсыз сақтау туралы істер бойынша сот практикасы туралы» 1995 жылғы 21 шілдедегі № 4 нормативтік қаулысының 6-тармағы.

Сатып алу деп ұрлықты қоспағанда, кез-келген әрекеттерді, соның ішінде сатып алуды, қару-жарақты сыйлық, сыйақы және т. б. жатқызуға болады.

Қылмыс жасайтын қару-жарақтар мен құралдар - бұл қылмыс тақырыбына қылмыстық ықпал ету үшін қолданылатын материалдық әлем объектілері мен процестері. Қылмыстық құқық теориясында: қылмыс құралы материалдық әлемнің нысандары болып табылатын құралдардың бір түрі ретінде танылады. Қару - жарақ қылмысқа пайдаланылатын заттар, көлік құралдары және т. б., ал құралдар - газ, от, электр, радиоактивті сәулелену және т. б. болып саналады.

Экстремизмнің себептері әртүрлі: олар діни, әлеуметтік, экономикалық, саяси, психологиялық, интеллектуалды болып келеді. Басынан бастап экстремизмнің дамуы мен таралуына жауап беретін бір оқшауланған фактор жоқ екенін мойындау керек.

Экстремизмнің алдын алу - қарастырылып отырған ұғым экстремизмге қарсы іс-қимыл шараларының бірі болып табылады. Экстремизмнің алдын алуға бағытталған құқықтық шаралар жүйесі деп мемлекеттік органдар мен басқа да адамдардың экстремизмнің алдын алу жөніндегі қызметін реттейтін заңдар мен нормативтік құқықтық актілерді уақтылы өзгерту және толықтыру болып саналады.

Экстремистік әрекеттер – бұл экстремистік ұйымдардың рәміздерін жария түрде шақыру, насихаттау, үгіт-насихат жүргізу және көпшілікке көрсету арқылы экстремистік мақсаттарға бағытталған іс-әрекет [7].

Қоғамдық шақырулар деп экстремистік бағыттағы қылмыстарды тікелей жасауға шақыратын көпшілік қауымға ашық үндеулер жатады.

Шақыру (призыв) - бұл адамдардың санасына, ерік-жігеріне және мінез-құлқына оларды тиісті әрекеттерге итермелеу мақсатында әсер ету.

Экстремистік қызметті жүзеге асыруға шақыру көрсетілген мақсатқа жетуге бағытталған ауызша немесе жазбаша түрдегі арандатушылық әрекеттерді білдіреді. Бұл үндеулер жария түрінде болуы керек, яғни.тікелей үшінші тұлғалардың қатысуымен немесе (олардың жазбаша нысаны болған жағдайда) кейіннен олармен танысу есебімен (мысалы, тиісті мазмұндағы плакаттарды немесе ұрандарды жапсыру).

Үгіт-насихат дегеніміз – экстремистік бағытта әрекет ету қажеттілігін негіздейтін немесе ақтайтын идеяларды, көзқарастарды тарату.

Осы анықтамаға сәйкес экстремистік ұйымдарға мыналар жатады:

- 1) заңды тұлға;
- 2) жеке тұлғалар бірлестігі;
- 3) заңды тұлғалар бірлестігі;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың бірлестігі.

Яғни, экстремистік ұйымдар коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар бола алады. Заңды тұлға өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде табыс табуды көздейтін не осындай мақсат ретінде табыс табуды жүзеге асырмайтын және алынған таза табысты қатысушылар (коммерциялық емес ұйым) арасында бөлмейтін ұйым бола алады. Ұйымды экстремистік деп тану үшін екі критерий қажет: ұйым экстремизмді жүзеге асыруы керек және сот оны экстремистік деп тануы керек. Ұйымды экстремистік деп тану тәртібі Заңның 8-бабында айқындалған.

Сонымен, «экстремизм» ұғымын және оған қарсы тұрудың негізгі принциптерін қарастыра отырып, экстремизм әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде саяси күрестің әртүрлі экстремалды түрлерінің жиынтығы болып табылады және осындай формалардың бірі терроризм болып табылады деген қорытынды жасауға болады.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Статистические данные Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан (электронный ресурс) //URL:<https://www.qamqor.kz> (дата обращения: 22.09.2018).

2. Список религиозной литературы и информационных материалов, признанных экстремистскими и запрещенных к возу, изданию и распространению на территории Республики Казахстан (Опубликовано на сайте Комитет по правовой статистике и специальным учетам генеральной прокуратуры Республики Казахстан (<http://pravstat.prokuror.kz>))

3. Государственная программа по противодействию религиозному экстремизму и терроризмом в Республике Казахстан на 2018-2022 годы (электронный ресурс) // <http://adilet.zan.kz/rus/> (время обращения: 24.09.2022).

4. О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия экстремизму и терроризму (электронный ресурс) //URL:<https://online.zakon.kz/> (дата обращения: 24.09.2022).

5. Алдабергенов А.Т. Общая характеристика преступлений, связанных с религиозным экстремизмом» // Ученые труды Академии МВД Республики Казахстан. – Алматы, 2020. – №4. – (65). – с 68.

6. Ломакина А.А. Экстремизм: уголовно-правовой и криминологический аспекты // <http://samlib.ru/> (дата обращения: 12.11.2022).

7. Lain, S. (2016). Strategies for countering terrorism and extremism in Central Asia // Asian Affairs, 47 (3), 386-405.

8. Закон Республики Казахстан от 18 февраля 2005 года №31-III «О противодействии экстремизму» (электронный ресурс) <https://online.zakon.kz/> (дата обращения: 14.11.2022).

Автор туралы мәліметтер

Кабылбекова Арай Серикбаевна – Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы Орта басшы құрамды даярлау факультеті (№2 факультет) Экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша мамандарды даярлау орталығының аға оқытушы-әдіскері полиция подполковнигі

Кабылбекова Арай Серикбаевна – старший преподаватель-методист Центра подготовки специалистов по противодействию экстремизму Факультета подготовки среднего начальствующего состава (Факультет №2) Алматинской академии МВД Республики Казахстан имени Макана Есбулатова подполковник полиции

Kabylbekova Arai Serikbayevna – senior teacher-methodologist of the Center for Training Specialists in Countering Extremism of the Faculty of Training of Middle Commanding Staff (Faculty No. 2) of the Almaty Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after Makan Esbulatov

A.B. Kazbekova¹, D.B. Sanakoiev²

¹Academy of Law Enforcement Agencies under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan

²National Police of Dnepropetrovsk State University of Internal Affairs, Dnepropetrovsk, Ukraine

THE INSTITUTE FOR THE RESOLUTION OF CONFLICTS OF INTEREST IN THE LIGHT OF REFORMING THE PROCUREMENT SYSTEM: LEGAL ANALYSIS

The system of public procurement in the Republic of Kazakhstan is faced with another reform, the main goal of which is to reduce corruption and achieve fair competition. The main reason for committing corruption offenses through procurement remains an unresolved conflict of interest. However, despite the dynamism of the legislation on public procurement, the definition of "conflict of interest" and the legal regulation of the mechanism for its settlement is absent in all legal acts regulating the procurement process. In the light of the new Law on Public Procurement, there is a need at the legislative level to introduce the institution of conflict of interest settlement. In order to take legislative measures to minimize situations that give rise to a conflict of interest, it is important to study the current state of its identification, prevention and settlement. The article reveals the weaknesses of modern legislation to prevent conflicts of interest in the procurement system. Approaches to the introduction of the institution of conflict of interest settlement in procurement and anti-corruption standards are proposed.

The article is intended for employees of authorized and law enforcement agencies in the field of monitoring and audit of procurement, research staff, teachers and a wide range of readers.

Keywords: conflict of interest in the procurement system, personal interest, declaration of interests, integrity, anti-corruption standards.

Сатып алу жүйесін реформалау тұрғысынан мүдделер қақтығысын реттеу институты: құқықтық талдау

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алу жүйесі кезекті реформаға тап болды, оның басты мақсаты сыбайлас жемқорлықты азайту және адал ниетке қол жеткізу болып табылады. Сатып алу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасаудың негізгі себебі реттелмеген мүдделер қақтығысы болып қала береді. Алайда, мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың серпінділігіне қарамастан, «мүдделер қақтығысы» анықтамасы және оны реттеу тетігін құқықтық реттеу сатып алу процесін реттейтін барлық нормативтік құқықтық актілерде жоқ. Мемлекеттік сатып алу туралы жаңа заң аясында мүдделер қақтығысын реттеу институтын заңнамалық деңгейде енгізу қажеттілігі туындайды. Мүдделер қақтығысын тудыратын жағдайларды азайту үшін заңнамалық шараларды қабылдау мақсатында оны анықтаудың, алдын алудың және реттеудің қазіргі жағдайын зерттеу маңызды. Мақалада сатып алу жүйесіндегі мүдделер қақтығысын болдырмау жөніндегі қазіргі заманғы заңнаманың әлсіз жақтары қамтылған. Сатып алудағы мүдделер қақтығысын реттеу институтын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды енгізу бойынша тәсілдер ұсынылды.

Мақала сатып алу мониторингі мен аудиті саласындағы уәкілетті және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, ғылыми қызметкерлерге, оқытушыларға және көптеген оқырмандарға арналған.

Түйінді сөздер: сатып алу жүйесіндегі мүдделер қақтығысы, жеке мүдделілік, мүдделер декларациясы, парасаттылық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар.

Институт урегулирования конфликта интересов в свете реформирования системы закупок: правовой анализ

Система государственных закупок в Республике Казахстан столкнулась с очередным реформированием, главной целью которого является снижение коррупции и достижение добросовестной конкуренции. Основной причиной совершения коррупционных правонарушений посредством закупок остается неурегулированный конфликт интересов. Однако, несмотря на динамичность законодательства о государственных закупках, дефиниция «конфликт интересов» и правовая регламентация механизма его урегулирования отсутствует во всех нормативно-правовых актах, регулирующих процесс закупок. В свете нового Закона о государственных закупках возникает необходимость на законодательном уровне введение института урегулирования конфликта интересов. В целях принятия законодательных мер по минимизации ситуаций, порождающих конфликт интересов важное значение имеет изучение современного состояния его выявления, предотвращения и урегулирования. В статье раскрыты слабые стороны современного законодательства по предотвращению конфликта интересов в системе закупок. Предложены подходы по внедрению института урегулирования конфликта интересов в закупках и антикоррупционных стандартов.

Статья предназначена для сотрудников уполномоченных и правоохранительных органов в сфере мониторинга и аудита закупок, научных сотрудников, преподавателей и широкого круга читателей.

Ключевые слова: конфликт интересов в системе закупок, личная заинтересованность, декларация интересов, добропорядочность, антикоррупционные стандарты.

«Platon is my friend, but the truth is dearer» Introduction.

The procurement system in the Republic of Kazakhstan at the current stage is faced with another reform.

The main key of the new approaches is the reduction of corruption risks that impede the efficient functioning of the procurement system and fair competition.

At the beginning of this year, the Head of the State K.K. Tokayev instructed the Government, together with anti-corruption and financial monitoring agencies, to radically change approaches to regulating procurement by the state and the quasi-public sector, including the system of state control in this area. Since the measures taken have not changed the situation with the problem of corruption. Instead of eradicating corruption, there is a bureaucratization of the procurement process, a lack of quality and integrity [1, 4].

«It is necessary to build a qualitatively new system of public procurement. The priority should be the quality of purchased goods and services, and not the minimum price. Procurement of state and quasi-state organizations must be transferred to a single platform. It will be necessary to adopt a new law on public procurement to implement these approaches » [2, 4].

In this regard, the main approaches of the new Law "On Public Procurement" should be the development of integrity in business and procurement. To do this, it is necessary to provide for the exclusion of opportunities for corruption through the settlement of conflicts of interest in procurement and the introduction of anti-corruption standards.

Main part

During the independence of the Republic of Kazakhstan, the legislation governing relations in the public procurement system are characterized by sufficient dynamism.

7. <https://www.uscourts.gov/services-forms/probation-and-pretrial-services/probation-and-pretrial-services-mission>
8. Сайтбеков А.М. Правовое регулирование оснований освобождения от уголовной ответственности и наказания как средство уголовной политики при обеспечении национальной безопасности // Ученые труды Алматинской академии МВД Республики Казахстан». – №3 (73). – 2022 – 275 с.

Сведения об авторах

Дүзбаева Салтанат Бекболатқызы – доктор PhD, и.о. доцента кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби.

Жанибеков Акынқожа Каленович – доктор PhD, ассоциированный профессор кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби.

Дүзбаева Салтанат Бекболатқызы – PhD докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Заң факультетінің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының доценті м.а.

Жәнібеков Ақынқожа Қаленұлы – PhD докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Заң факультетінің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының қауымдастырылған профессоры.

Duzbayeva Saltanat Bekbolatqyzy – PhD, Acting Associate Professor of the Department of Criminal Law, Criminal Procedure and Criminalistics of the Faculty of Law of the Al-Farabi Kazakh National University;

Zhanibekov Akinkozha Kalenovich – PhD, Associate Professor of the Department of Criminal Law, Criminal Procedure and Criminalistics of the Law Faculty of the Al-Farabi Kazakh National University.

А. Амангелдықызы¹, А.Н. Цой¹

¹Каспий қоғамдық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Мақалада отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау саласындағы құқықтық реттеу мәселелері және Қазақстан Республикасындағы әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы құқықтық шараларды реттеу мәселелері қарастырылған.

Мақалада, тұрмыстық зорлық-зомбылық күш көрсету, психологиялық, сексуалдық және (немесе) экономикалық зорлық-зомбылық түрі зерттелген. Сонымен қатар күш көрсету зорлық-зомбылығы - дене күшін қолданып, денені ауыртып денсаулыққа қасақана зиян келтіру, психологиялық зорлық-зомбылық – адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, бопсалау немесе құқық бұзушылықтарды немесе өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық, дене және жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу (еріксіз көндіру) арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту, сексуалдық зорлық-зомбылық – адамның жыныстың тиіспеушілігіне немесе жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін құқыққа қарсы қасақана іс-әрекет, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы іс-әрекеттер, экономикалық зорлық-зомбылық – адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру мәселелеріне қарсы іс-қимылдың құқықтық реттелуі зерделеніп құқықтық нормалаға өзгерістер ұсынылды.

Түйінді сөздер: отбасылық-тұрмыстық қылмыс, отбасылық-тұрмыстық қатынастар, тұрмыстық зорлық-зомбылық, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу субъектілері.

Правовые меры противодействия бытовому насилию в отношении женщин в Республике Казахстан

В статье рассмотрены проблемы правового регулирования в области защиты потерпевших от семейно-бытового насилия и правовые меры противодействия бытовому насилию в отношении женщин в Республике Казахстан.

В статье рассматривается бытовое насилие как форма насилия психологического, сексуального и (или) экономического насилия. Физическое насилие – это умышленное причинение вреда здоровью путем применения физической силы, причинения физической боли, психологическое насилие – это умышленное воздействие на психику человека, угрозы, оскорбления, вымогательство или совершение правонарушений либо создание опасности для жизни или здоровья, а равно психическое, унижение личности, чести и достоинства путем принуждения (невольного убеждения) к совершению действий, приводящих к физическим и личностным расстройствам, сексуальному насилию - умышленному деянию против права человека, угрожающему неприкосновенности пола или половой свободе, а также сексуальным домогательствам в отношении несовершеннолетних действия характера, хозяйственное насилие - умышленное лишение лица жилища, пищи, одежды, имущества, средств, на которые он имеет предусмотренное законом право, проанализирована правовая регламентация деяния и предложены изменения в правовую норму.

Ключевые слова: семейно-бытовая преступность, семейно-бытовые отношения, бытовое насилие, профилактика бытового насилия, субъекты профилактики бытового насилия.

Legal measures to counter domestic violence against women in the Republic of Kazakhstan

The article discusses the problems of legal regulation in the field of protection of victims of domestic violence and legal measures to counter domestic violence against women in the Republic of Kazakhstan.

The article considers domestic violence as a form of psychological, sexual and (or) economic violence. Physical violence is the intentional infliction of harm to health by the use of physical force, causing physical pain, psychological violence is the deliberate impact on the human psyche, threats, insults, extortion or the commission of offenses or the creation of a danger to life or health, as well as mental, humiliation of the individual. honor and dignity by coercion (involuntary persuasion) to commit acts that lead to physical and personal disorders, sexual violence - a deliberate act against human rights that threatens the inviolability of sex or sexual freedom, as well as sexual harassment of minors acts of character, economic violence - intentional depriving a person of housing, food, clothing, property, funds to which he has the right provided by law, the legal regulation of the act is analyzed and changes to the legal norm are proposed.

Keywords: family and domestic crime, family and domestic relations, domestic violence, prevention of domestic violence, subjects of prevention of domestic violence.

Әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылыққа бүгінде кезкелген қоғам мен мемлекет алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 17 бабына сәйкес, Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды деп көрсетілген [1]. Бұл конституциялық нормалар жеке адамның отбасындағы қол сұғушылықтан қауіпсіздігіне де қатысты.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық дегеніміз – отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға (басқаларға) қатысты дене зардабын және (немесе) психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті (іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі).

Тұрмыстық зорлық-зомбылық күш көрсету, психологиялық, сексуалдық және (немесе) экономикалық зорлық-зомбылық түрінде болуы мүмкін. Күш көрсету зорлық-зомбылығы - дене күшін қолданып, денені ауыртып денсаулыққа қасақана зиян келтіру [2].

Психологиялық зорлық-зомбылық - адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, бопсалау немесе құқық бұзушылықтарды немесе өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық, дене және жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу (еріксіз көндіру) арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту.

Сексуалдық зорлық-зомбылық – адамның жыныстың тиіспеушілігіне немесе жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін құқыққа қарсы қасақана іс-әрекет, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы іс-әрекеттер.

Экономикалық зорлық-зомбылық – адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық тек отбасылық қатынастардың бұзылуымен ғана емес, тұтастай алғанда отбасының негіздері мен моральдық құндылықтарының жоғалуымен тікелей байланысты болып табылады.

Адамдар өледі немесе дене жарақатын алады, мүгедек болады, балалар жетім қалады, отбасылық құндылықтар мен әлеуметтік, туыстық байланыстар бұзылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес, Соңғы 12 ай ішінде жыныстық серіктес болып табылмайтын адамның тарапынан күш көрсету немесе сексуалды зорлық-зомбылыққа душар болған 15-75 жастағы әйелдердің үлесі 413, Серіктес болмаған тулғамен ұшыраған, зорлау – 105, зорлау әрекеті немесе сексуалды зорлық-зомбылық - 170, қайсы болса да сексуалды зорлық-зомбылық – 221 [3].

Қазақстан Республикасында әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық негізі келесіден тұрады: Қазақстан Республикасының Конституциясы

[1], Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ [4]. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ [5]. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ [6]. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 04 қаңтар күнгі № 214 V Заңы [2]. Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 114-IV Заңы [7]. Құқық бұзушылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңы [8]. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 21 желтоқсандағы № 1079 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 20 қаңтарда № 14701 болып тіркелді [9]. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі [10].

Қазақстан Республикасы бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 2022 жылы қаңтар – қазан айлары аралығында адамның өліміне әкеп соққан қасақана қылмыстардың саны туралы мәліметтерге сәйкес, осы уақытта 1058 адам құрбан болған, оның ішінде әйел адамы 148. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің келесі баптары бойынша әйел адамдары құрбан болған: 99-бап. Адам өлтіру - 97, 100-бап. Жаңа туған баланы анасының өлтіруі – 1, 106-баптың 3 бөлігі бойынша. Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру – 50, 104-бап. Абайсызда қазаға ұшырату – 7, 105-бап. Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу – 59. 126-баптың 3 бөлігі 3 тармақшасы бойынша Бас бостандығынан заңсыз айыру – 1, 128-баптың 4 бөлігінің 2 тармақшасы бойынша Адам саудасы -1 оқиға орын алған [11].

Қазақстан Республикасы бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 2022 жылы қаңтар – қазан айлары аралығында суицид туралы мәліметіне сәйкес, осы жылы жалпы саны 3107 оқиға орын алған, оның ішінде әел адамдарының саны 1137 [11].

Қазақстан ТМД-да бірінші болып тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы құқықтық актіні қабылдады. Осы Заңда тұрмыстық зорлық-зомбылық «бір адамның отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы басқа адамға (басқаларға) қатысты қасақана құқыққа қарсы әрекеті (әрекеті немесе әрекетсіздігі), физикалық және (немесе) психикалық азап шегу қаупін тудыратын немесе қамтитын әрекет» ретінде айқындалған.

Осылайша, заң отбасылық-тұрмыстық қатынастардағы зорлық-зомбылықтың алдын алуды реттейді, яғни неке-отбасылық қатынастардағы адамдар, жеке тұрғын үй, пәтер немесе басқа тұрғын үй шегінде бірге тұратын адамдар, сондай-ақ бұрынғы ерлі-зайыптылар арасындағы қатынастар.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық физикалық, жыныстық, психологиялық және экономикалық зорлық-зомбылыққа бөлінеді. Ол көбінесе қылмыстық заңда қылмыстық жаза қарастырылған қылмыстар санатына жататын тиісті әрекетке айналады.

Р.Е. Джансараева, С.Б. Дүзбаева, А.Ж. Жақыш пікірлерінше, Қылмыстық кодекске тұрмыстық зорлық-зомбылықтан бөлек «зорлық-зомбылық» ұғымын енгізу тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әйелдерге ғана емес, балалар мен қарт ата-аналарға да уақтылы көмек көрсетуге мүмкіндік береді деп есептейді.

Сонымен қатар, олардың пікірлерінше зорлық-зомбылық-бұл пандемия бүкіл елде қамтылған және отбасы институтын бірлесіп сақтау және адамзаттың құқығы мен бостандығын сақтау үшін шешім қабылдауды талап етеді деп есептейді [12, 55 б].

Ал, ҚР Балабиев өзінің еңбегінде келесіні тұжырымдады, сексуалдық зорлық-зомбылық түрлерін көрген балалар мен жасөспірімдерге арналған оңалту орталықтарын құру мәселесі де өзекті мәселелердің қатарында. Бұл орталықтар медициналық орталықтардың базасында құрылуы мүмкін, олардың қызметі халықты олардың бар екендігі, олар жүзеге асыратын қызмет бағыттары туралы хабардар етумен ұштасып, мемлекеттік бюджеттен

қаржыландырылуы тиіс. Сондай-ақ кәмелетке толмағандар өмірлік қиын жағдайларда көмекке және қолдауға жүгіне алатын, құқықтары бұзылған жағдайда, оның ішінде жыныстық және өзге де қылмыстық қол сұғушылық жағдайларында қажетті құқықтық, психологиялық көмек ала алатын балаларға арналған бірыңғай сенім телефонын құру өзекті болып табылады. Мұндай телефон желілері Қазақстанның барлық аймақтарында пайда болуы және кәмелетке толмағандар үшін қолжетімді болуы керек [13, 121 б].

П.В. Шмарион ойынша, отбасылық зорлық-зомбылықтың түрлері, пайда болу негіздері, салдары сияқты бірқатар сипаттамалары бар. Отбасында жасалатын зорлық-зомбылық қылмыстарының санын азайту үшін құқық қорғау органдары қылмыстың осы түріне профилактикалық Ұқпал етудің белсенді шараларын әзірлеуі керек, ал жәбірленушілер өздерін және жақындарын қорғау мақсатында өз отбасында жасалған зорлық-зомбылық туралы үндемеуі керек [14, 42 б.].

Н.В. Платонова пікірінше, отбасының бір мүшесінің отбасының басқа мүшесіне қатысты зорлық-зомбылық жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікті күшейту, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне тиісті қылмыстық-құқықтық және әкімшілік-құқықтық санкцияларды қолдана отырып, осындай зорлық-зомбылықтың жүйелі көріністеріне неғұрлым белсенді және пәрменді ден қоюға мүмкіндік береді деп есептейді [15, 62 б.].

Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы шараларын қолдану кезінде туындайтын қатынастарды реттеу тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық негіздерінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы шаралары тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамның құқықтық санасына және мінез-құлқына жүйелі түрде мақсатты ұқпал ету үшін, оның тарапынан жаңа құқық бұзушылықтар жасалуының алдын алу және жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қолданылуы тиіс.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы шаралары: профилактикалық әңгімелесу; әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы жасау не қорғау нұсқамасын шығару үшін тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамды ішкі істер органдарына жеткізу; қорғау нұсқамасы; әкімшілік ұстау; медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары; құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу; әкімшілік жаза қолдану; ата-ана құқығынан айыру не оны шектеу, бала (ұл, қыз) асырап алудың күшін жою, қорғаншыларды және қамқоршыларды өз міндеттерін орындауынан босату және одан шеттету, баланы патронаттық тәрбиешінің тәрбиесіне беру туралы шартты мерзімінен бұрын бұзу; іс жүргізудің мәжбүрлеу шаралары және қылмыстық процесте жәбірленушілердің қауіпсіздік шаралары қамтамасыз ету болып табылады.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасында әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимылды құқықтық реттелуіне келесіні ұсынуға болады ұсыныстар жасағым келеді: отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі өңірлік мақсатты бағдарламаларды, оның ішінде ведомстваралық тәсілді, тұрақты статистикалық есептерді және Мемлекеттік дағдарыс орталықтарын міндетті мемлекеттік қаржыландыруды әзірлеу және бекіту; әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін ерлер мен әйелдердің гендерлік теңдігін көтермелеу; Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық жасағаны жеке жеке баптың диспозициясына енгізе отырып, жеке қылмыстық-құқықтық норма түріндегі қылмыстың дербес құрамын дайындау және қылмыстық жауаптылықты күшейту.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.
2. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-IV Заңы.
3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. www.stat.gov.kz (жүктеу мерзімі: 14.11.2022).

4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.
5. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ.
6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ.
7. Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 114-IV Заңы.
8. Құқық бұзушылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңы.
9. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 21 желтоқсандағы № 1079 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 20 қаңтарда № 14701 болып тіркелді.
10. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі.
11. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметі. – Астана. – 2022 жыл. – gamgor.kz
12. Джансараева Р.Е., Дүзбаева С.Б., Жақыш А.Ж. Основные аспекты насилия в уголовном праве // Ученые труды Алматинской академии МВД Республики Казахстан. – №3(72). – 2022. – С.51-56.
13. Балабиев Қ.Р. Жыныстық қылмыстардың құрбандары – жас балалар мен кәмелетке толмағандарды әлеуметтік бейімдеу, көмек көрсету мәселелері // Қазақстан Республикасы ПМ М. Есболатов ат. Алматы академиясының ғылыми еңбектері. – №3(72). – 2022. – 115-121 бб.
14. Шмарион П.В. Насильственные преступления против жизни и здоровья, совершаемые в семье в отношении несовершеннолетних: криминологический аспект // Российский следователь. – 2017. – № 9. – С. 41-45.
15. Платонова Н.В. Проблемы сексуального насилия в детском возрасте // Психиатрия: научно-практический журнал. – 2007. – № 2(26). – С.60-66.

Авторлар туралы мәліметтер

Амангелдықызы Анар – Каспий қоғамдық университетінің PhD докторанты.

Цой Анжелика Никифоровна – Каспий қоғамдық университеті «Әділет» Жоғары құқық мектебінің қауымдастырылған профессоры, доцент, заң ғылымдарының кандидаты.

Амангелдықызы Анара – PhD докторант Каспийского общественного университета.

Цой Анжелика Никифоровна – Ассоциированный профессор Высшей школы права «Әділет» Каспийского университета, кандидат юридических наук, доцент.

Amangeldykyzy Anara – PhD doctoral student of the Caspian Public University.

Tsoy Anzhelika – Associate Professor at the Higher Law School "Adilet" of the Caspian University, PhD in Law, Associate Professor Almaty.

М.Ш. Құрманғали^{1,2}, М.К. Бисенова¹

¹әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

²Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

БҰҰ ЖҮЙЕСІНІҢ АДАМДЫ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУҒА ҚАТЫСТЫ ОРТАҚ ҰСТАНЫМЫНДАҒЫ (2021) ЖАҒАНДЫҚ ТҮРМЕ СЫН-ҚАТЕРЛЕРІ

Зерттелетін тақырыптың өзектілігі көптеген елдердегі пенитенциарлық жүйенің сотталғандарды түзеу мен әлеуметтік оңалтуға бағытталмағанымен, қылмыс жасаған адамды бас бостандығынан айыру арқылы жазалауға бағытталғандығымен түсіндіріледі. Түрмедегі қамалу жағдайларының халықаралық стандарттарға сәйкес келмеуі көптеген қылмыстық сот төрелігі жүйелерінің ресурстарының жетіспеушілігі мен жазалау тәсіліне байланысты. Түрмелерде туындайтын мәселелердің көпшілігі әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктер мен қылмыстық сот төрелігі жүйелеріндегі жүйелік кемшіліктердің нәтижесі болып табылады. Ғылыми зерттеудің негізгі мақсаты – Қазақстанның заңгерлердің кең қауымдастығын БҰҰ жүйесінің адамды бас бостандығынан айыруға қатысты ортақ Ұстанымында (2021) көрсетілген жаһандық түрме проблемаларымен таныстыру. Зерттеу әдістері: жалпы ғылыми әдістер (логикалық, құрылымдық және жүйелік талдау, синтез, салыстыру, индукция және дедукция), сондай-ақ құбылыстар мен процестерді зерттеудің арнайы әдістері мен тәсілдері, формальды-логикалық, құрылымдық функционалдық, салыстырмалы құқықтану әдісі.

Түйінді сөздер: қамауға алынғандар, пенитенциарлық жүйелер, жаһандық түрме сын-қатерлері, БҰҰ жүйесінің адамды бас бостандығынан айыруға қатысты ортақ Ұстанымы.

Глобальные тюремные вызовы согласно Общей позиции системы ООН в отношении лишения свободы (2021)

Актуальность исследуемой темы обусловлена тем, что пенитенциарная система в большинстве стран не нацелена на исправление и социальную реабилитацию осужденных, а просто направлена на наказание путем заключения преступников под стражу. Несоблюдение международных стандартов в отношении условий содержания под стражей вызвано нехваткой ресурсов и карательным подходом большинства систем уголовного правосудия». Многие проблемы, возникающие в тюрьмах, являются результатом социально-экономического неравенства и системных недостатков систем уголовного правосудия. Основной целью статьи является ознакомление широкой юридической общественности Казахстана с глобальными тюремными вызовами, изложенными в Общей позиции системы ООН в отношении лишения свободы (2021). Методы исследования: общенаучные методы (логический, структурный и системный анализ, синтез, сравнение, индукция и дедукция), а также специальные методы и приемы исследования явлений и формально-логический, структурно-функциональный, метод сравнительного правоведения.

Ключевые слова: заключенные; пенитенциарные системы; глобальные тюремные вызовы; Общая позиция системы ООН в отношении лишения свободы

Global Prison Challenges as outlined in the UN System Common Position on Incarceration (2021)

The relevance of the topic under study is due to the fact that the penitentiary system in most countries is not aimed at the correction and social rehabilitation of convicts, but is simply aimed at punishment by taking criminals into custody. Failure to meet international standards regarding conditions of detention is due to the lack of resources and the punitive approach of most criminal justice systems.” Many of the problems that arise in prisons are the result of socioeconomic inequalities and systemic weaknesses in criminal justice systems. The main purpose of the article is to familiarize the communities of lawyers of Kazakhstan with the global prison challenges set out in the UN System Common Position on Incarceration (2021). Research

methods: general scientific methods (logical, structural and system analysis, synthesis, comparison, induction and deduction), as well as special methods and techniques for studying phenomena and the formal-logical, structural-functional, method of comparative law.

Keywords: prisoners; prison systems; global prison challenges; UN System Common Position on Incarceration

Кіріспе

Дүние жүзіндегі сот және түрме жүйелері жаза ретінде бас бостандығынан айырудың түпкілікті мақсатына нұқсан келтіретін, атап айтқанда, қоғамды қылмыстан қорғау және сотталғандарды бостандыққа шыққаннан кейін олардың әлеуметтік реинтеграциясына оңалтуға және дайындауға қолдау көрсету арқылы қылмыстың қайталануының алдын алу сияқты түбегейлі қиындықтарға тап болуда. Қамауды шамадан тыс пайдалану, түрменің толып кетуі, ол жердегі нашар тұрмыстық жағдайлар және түрме қызметтеріне жұмысына немқұрайлы қарау, түрмелердің қылмыстық сот төрелігі жүйесінің әлсіз буыны болып табылатынын және реформалық күш-жігердің басымды бағыты болмай тұрғанын білдіреді. Қоғамдық қауіпсіздікке, денсаулыққа және адам құқығына тигізетін салдары, сондай-ақ осы кемшіліктерге байланысты қаржылық және әлеуметтік-экономикалық шығындар өте үлкен. Кейбір елдерде, соның ішінде қақтығыс, жанжалдан кейінгі және басқа да дағдарыстық жағдайларда түрмелердегі елеулі кемшіліктер бейбітшілікке, қауіпсіздік пен тұрақтылыққа кері әсерін тигізеді. Коронавирустық аурудың (COVID-19) түрме жағдайына пропорционалды емес әсері нашар жабдықталған түрмелер дағдарысқа тап болған кезде не болатынын көрсетті. Бас бостандығынан айырумен байланысты проблемаларды шешу, оның ішінде оны теріс пайдалану «жақсы сауығу» күш-жігерінің негізгі бөлігі болуы керек.

Түрмелерде туындайтын мәселелердің көпшілігі әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктер мен қылмыстық сот төрелігі жүйелеріндегі жүйелік кемшіліктердің нәтижесі болып табылады. Әлеуметтік, нәсілдік және басқа кемсітушілік нысандары қылмыстық сот төрелігі саясаты мен тәжірибесінде бірдей көрініс табуы мүмкін. Осылайша, тиімді және тұрақты реформалау қызметі шамадан тыс бас бостандығынан айырудың және түрмедегі сотталғандардың саны өсіп кетудің негізгі себептерін қарастыратын және саясатты бас бостандығынан айырудың алдын алу мен балама түрлеріне ауыстыратын реформаға тұтас көзқарасты талап етеді. БҰҰ-ның «ешкімді артта қалдырмау» міндеттемесі сотталғандарды кемсітуге және шеттетуге ұшырайтын ерекше осал және маргиналды топ ретінде таниды. Жеткілікті ресурспен қамтамасыз етілген, жақсы басқарылатын түрме қызметтері және бас бостандығынан айырудан тыс шараларды қолдайтын мемлекеттік саясат Тұрақты дамудың 2030 күн тәртібіне қол жеткізудің маңызды факторлары болып табылады.

БҰҰ жүйесінің адамды бас бостандығынан айыруға қатысты ортақ Ұстанымы осы ұйымға мүше мемлекеттерге қамауда ұстауға шектен тыс тәуелділікті азайту және түрме тұрғындарын қысқарту, түрмедегі басқаруды күшейту және түрме жағдайларын жақсарту, сондай-ақ сотталғандарды оңалту мен әлеуметтік реинтеграциялауға жәрдемдесу үшін ортақ негізді қамтамасыз етеді. Ол зерттеулерге негізделген және халықаралық адам құқықтары құжаттарына, сондай-ақ БҰҰ-ның қылмыстың алдын алу және қылмыстық сот төрелігі саласындағы стандарттары мен нормаларына берік негізделген. Осылайша, ол БҰҰ-ның мүше мемлекеттердің түрме реформаларын жүзеге асыру жөніндегі күш-жігерін қолдау үшін дәйекті ақпараттық-түсіндіру мен көмек беру нұсқаулығы болып табылады.

БҰҰ жүйесінің адамды бас бостандығынан айыруға қатысты ортақ Ұстанымы

БҰҰ жүйесінің 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму күн тәртібінің бөлігі ретінде түрмелерден туындаған жаһандық мәселелерді шешуде мүше мемлекеттерге көмектесуге дайын. Түрмедегі жаһандық мәселелерді шешуге бағытталған барлық күш-жігер халықаралық адам құқықтары заңнамасына және БҰҰ-ның қылмыстың алдын алу және қылмыстық сот төрелігі саласындағы стандарттары мен нормаларына, соның ішінде БҰҰ-ның қамауға алынған адамдармен қарым-қатынас жасаудың минималды стандартты ережелеріне (Нельсон Мандела ережелері) негізделеді. Бұл сотталғандардың адамдық қадір-қасиетін қамтамасыз ету үшін

ғана емес, сонымен қатар қоғамдық қауіпсіздік пен жалпы қоғамның әлеуметтік біртұтастығын қамтамасыз етеді. БҰҰ жүйесі үлкен жұмыс атқару керектігін мойындайды және 3 тақырыптық бағытта жүйелі және кешенді түрде өз қызметін белсенді жүргізуді шешті:

- (a) саясатты қамаудың алдын алуға және қамаудан баламала жазаларға қарай жылжу;
- (b) түрмедегі басқаруды күшейту және түрмедегі жағдайды жақсарту;
- (c) қылмыскерлерді реабилитациялауға және әлеуметтік реинтеграциялауға жәрдемдесу².

Ол жаһандық, аймақтық және ұлттық деңгейлердегі түрмеге қатысты мәселелер мен қиындықтарды қарастырады және бас бостандығынан айыру мәселесі бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының мүше мемлекеттерге қолдау көрсетуінің ортақ негізін ұсынады. Бұл құжат түрмеге және оны жүзеге асыруға, оның ішінде үйлестіруді жақсарту және біріктірілген күш-жігер арқылы ағымдағы шектен тыс тәуелділікті қайта қарастыру бойынша күш-жігерді қолдауға арналған «Бір БҰҰ» тәсілін көрсетеді. БҰҰ жүйесінің бас бостандығынан айыруға қатысты ортақ ұстанымы ешкімді негізсіз қамауға алуға немесе қамауға алуға болмайтынын түсінуге негізделген³ және қылмыстық айыптау немесе құқық бұзушылыққа байланысты бас бостандығынан айыру, ең алдымен, бас бостандығынан айырумен байланысты емес санкцияларды немесе шараларды ескере отырып, соңғы инстанция шарасы болуы керек. Ол сондай-ақ құқық бұзушыларға қылмыстық сот төрелігінің жекеленген, теңгерілген және пропорционалды жауап беруінің бөлігі ретінде жақсы басқарылатын түрмелер сот төрелігі тізбегінің маңызды аспектісі болып табылатынын мойындайды. Адам қадір-қасиетін құрметтейтін және халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкес жұмыс істейтін түрме қызметтері бейбітшілік пен қауіпсіздікті, қоғамдық қауіпсіздікті және адам құқықтарын құрметтеуді қолдау күштерінің негізгі элементі болып табылады.

Сондықтан түрме реформасы мен қамауға алынған адамдармен қарым-қатынас жасау 2030 жылға дейінгі тұрақты даму күн тәртібінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылуы керек, атап айтқанда бейбітшілік, әділеттілік және күшті институттар бойынша Тұрақты дамудың 16-мақсаты және денсаулық пен әл-ауқаттың жақсаруы жөніндегі 3-мақсатқа қатысты. Гендерлік теңдік бойынша 5-мақсат және теңсіздікті азайту бойынша 10-мақсатқа қатысты. Бұл мақалада негізгі назар қылмыстық сот төрелігі жүйесіндегі пенитенциарлық мекемелердегі бас бостандығынан айыруға бағытталған. Осылайша, бас бостандығынан айырудың басқа формаларын, мысалы әкімшілік сипаттағы қамау сияқты қарастырылмайды⁴. Бас бостандығынан айырылған балалардың нақты жағдайы егжей-тегжейлі талқыланбайды, өйткені ол қосымша құқықтық құралдармен, халықаралық міндеттемелердің жиынтығымен реттеледі⁵. Балалар деп бұл жерде – 18 жасқа толмаған барлық адамдар айтылады⁶.

Жаһандық түрме сын-қатерлері

Қылмыстық сот төрелігінің қылмыспен күресу шараларын, оның ішінде бас бостандығынан айыруды мемлекеттер әділеттік орнату үшін жүзеге асырады. Осылайша, бас бостандығынан айыру және құқықбұзушылармен қарым-қатынас мемлекеттің қолданыстағы адам құқықтарын толық сақтай отырып, сот төрелігін қамтамасыз ету, қоғамдық қауіпсіздікті қорғау және құқық бұзушыларды жауапкершілікке тарту міндетін көрсетуі тиіс. Келесі негізгі жаһандық түрме сын-қатерлерін бөлек қарастырайық: сотқа дейінгі қамауда ұстауды

² The United Nations system common position on incarceration was developed by a working group of relevant United Nations entities under the coleadership of the United Nations Office on Drugs and Crime (UNODC), the Department for Peace Operations and the Office of the United Nations High Commissioner for Human Rights (OHCHR), within the framework of the Secretary-General's Executive Committee.

³ See Human Rights Committee, general comment No. 35 (2014) on liberty and security of person (CCPR/C/GC/35).

⁴ For relevant standards in this regard, see the guidance developed by the Human Rights Committee, the Working Group on Arbitrary Detention, the Committee on the Protection of the Rights of All Migrant Workers and Members of Their Families, and the Committee on the Rights of the Child (CCPR/C/GC/35; A/HRC/39/45, annex; CMW/C/GC/3-CRC/C/GC/22; CMW/C/GC/4-CRC/C/GC/23).

⁵ Including the Convention on the Rights of the Child and relevant United Nations standards and norms in crime prevention and criminal justice, such as the United Nations Rules for the Protection of Juveniles Deprived of their Liberty (General Assembly resolution 45/113, annex), the United Nations Standard Minimum Rules for the Administration of Juvenile Justice (the Beijing Rules) (General Assembly resolution 40/33, annex) and the United Nations Model Strategies and Practical Measures on the Elimination of Violence against Children in the Field of Crime Prevention and Criminal Justice (General Assembly resolution 69/194, annex).

⁶ Art. 1 of the Convention on the Rights of the Child.

және бас бостандығынан айыруды теріс пайдалану; кемсітушілік пен теңсіздіктің артуы; түрменің толып кетуі; түрме әкімшілігімен қызметкерлерінің жұмысына немқұрайлылы мен билікті теріс пайдалануы.

1) Сотқа дейінгі қамауда ұстауды және бас бостандығынан айыруды теріс пайдалану

2019 жылы дүние жүзінде түрмелерде 11 миллионнан астам адам, оның ішінде 410 мың бала қамауда болды, бұл 2000 жылмен салыстырғанда 25%-ға көп. Дүние жүзіндегі түрмедегі әйелдердің саны көптеген елдердегі азшылықты құраса да, олардың саны сол кезеңде 50 пайызға өсіп, 714 000-нан астам әйелге жетті⁷. Мемлекеттер түрмені қолдануға өте әртүрлі дәрежеде жүгінеді. Дүниежүзі бойынша адамды түрмеде ұстаудың орташа деңгейі 100 000 жалпы ұлттық халыққа шаққанда 150-ден аз қамауға алынған адамдарды құраса да, 25-тен астам БҰҰ мүше мемлекеттерде 100 000 жалпы ұлттық халыққа шаққанда 300-650 қамауға алынған адамдарға жетті⁸. Жүргізілген зерттеулер қылмыстың жалпы тенденциялары бас бостандығынан айырудың жалпы қолданылуын түсіндірмейтінін көрсетті. Сотталғандардың санына тіркелген қылмыстар да, виктимизация да қалай әсер еткені туралы жүйелі түрде көрсетілмейді⁹. Осы жағдайларға қарамастан, түрмеде ұстау қылмыстық мінез-құлыққа жалғыз жауап болмаса да, әдепкі таңдау болып қала беріп тұр. Бас бостандығынан айырумен байланысты емес шаралардың болуына, сапасына және қолданылуына инвестициялар назардан тыс қалуда. Бас бостандығынан айыру соңғы шара емес, ал қылмысқа автоматты түрде жасалатын жауап болып тұр. Бұл жазаларды қатаңдатуынан және пропорционалды емес жазалаудан, сотқа дейінгі тергеуде қамауда ұстауды шектен тыс қолданудан, түрмеде жазасын өтеудің ұзартылған мерзімінен және бас бостандығынан айыруға байланысты емес баламаларды аз қолданудан көрінеді.

Сонымен қатар, көптеген елдердегі пенитенциарлық жүйе сотталғандарды түзеу мен әлеуметтік оңалтуға емес, тек ғана қылмыскерлерді қамауға алу арқылы жазалауға бағытталған. Қамауға алу жағдайларына қатысты халықаралық стандарттарды сақтамау көптеген қылмыстық сот төрелігі жүйелерінің ресурстарының жетіспеушілігінен және осы жүйенің жазалаушылық сипатынан туындайды¹⁰. Халықаралық құқықтың тиісті ережелеріне қарамастан¹¹, сотқа дейінгі қамауда ұстаудың шамадан тыс қолданылуы мен шамадан тыс ұзақтығы жаһандық проблема болып қала береді.

Қылмыстық құқықбұзушылық жасады деп айыпталған көптеген адамдар қоғамдық қауіпсіздікке немесе сот төрелігін жүзеге асыруға қауіп төндірмейтініне қарамастан, олардың қамауға алынғандардың арасындағы саны 2000 жылдан бері 30%-ға өсіп, 3 миллионнан астам адамды құрады. Сотқа дейінгі қамауда ұсталғандардың саны БҰҰ 45 мүше-мемлекеттегі сотталғандардың санынан асып түседі; осы мемлекеттердің 14-інде сотқа дейінгі қамаудағылар 70 пайыздан астамын құрайды¹². Кейбір елдерде сотқа дейінгі қамауға алынғандар әдетте болжанған қылмысқа кінәлі деп танылған адамдарға қолданылатын жазадан ұзағырақ мерзімге қамауда қалады. Басқалары бұл мақсатқа арналмаған және бұл мақсатта пайдаланылмауы керек полицейлік изоляторларды ұзақ мерзімге қамауға алынады.

⁷ See the United Nations Surveys on Crime Trends and the Operations of Criminal Justice Systems, complemented by data from the “World prison population list” and the “World female imprisonment list”, compiled by the World Prison Brief, Institute for Criminal Policy Research, and Birkbeck, University of London; see also the report of the Independent Expert for the United Nations global study on children deprived of liberty (A/74/136). The 2019 estimate of the global prison population refers to the total numbers of prisoners

⁸ Ibid.

⁹ Tapio Lappi-Seppälä, “Causes of prison overcrowding”, paper submitted to the workshop on strategies to reduce prison overcrowding in correctional facilities; Twelfth United Nations Congress on Crime Prevention and Criminal Justice (Salvador, Brazil, 12–19 April 2010); Oliver Roeder, Lauren-Brooke Eisen and Julia Bowling, What Caused the Crime Decline? (New York, Brennan Center for Justice, York University School of Law, 2015).

¹⁰ A/68/295, para. 85.

¹¹ International Covenant on Civil and Political Rights, art. 9, para. 3, and art. 14, para. 2. With regard to corresponding provisions in the United Nations standards and norms in crime prevention and criminal justice, see the United Nations Standards Minimum Rules for Non-Custodial Measures (the Tokyo Rules), rule 6.1.

¹² See the United Nations Surveys on Crime Trends and the Operations of Criminal Justice Systems, complemented by data from the “World pretrial/remand imprisonment list”, compiled by the World Prison Brief; see also Catherine Heard and Helen Fair, Pre-trial Detention and Its Over-use: Evidence from Ten Countries (London, Institute for Crime and Policy Research, Birkbeck, University of London, 2019).

Осы себептерге байланысты бейбітшілік, әділеттілік және күшті институттарға қатысты Тұрақты дамудың 16-мақсаты сот төрелігі жүйелерінің тиімділігі мен қолжетімділігін өлшеу үшін индикатор ретінде сотталғандар арасындағы сотқа дейінгі қамаудағылардың пайызын белгілейді¹³.

Занда көзделген бас бостандығынан айыруға баламалардың шектеулі шеңберінің нәтижесінде соттарда шығарылған үкімдердің қылмыстың ауырлығына, сипатына және мәнжайларына сәйкес келуін қамтамасыз етудің қажетті нұсқалары болмауы мүмкін. Алайда, көбінесе мәселе ұлттық заңнамада бекітілген бас бостандығынан айырудан тыс шараларды соттың қолданбауында. Бұл олардың тиімділігін білмеу немесе сенімсіздікпен қарау, мемлекеттік қолдаудың жоқтығы, және де денсаулық сақтау, тұрғын үй және әлеуметтік қызметтердің жеткіліксіздігімен байланысты болуы мүмкін. Бас бостандығынан айыруға баламаларды, соның ішінде қалпына келтіретін сот төрелігі тәсілдерін¹⁴ іске асыру үшін қажетті институттар мен инфрақұрылымның болмауы немесе жеткіліксіздігі мәселені одан әрі ушықтырады. Түрмеде ұстауды шамадан тыс пайдалану көбінесе «нөлдік төзімділік» саясаты¹⁵ және заңды қатаң сақтау мен үкім шығаруды күшейтуге шақыратын популистік риторикамен қоздырады¹⁶. Бұл зерттеу нәтижелеріне қарамастан орын алады. Зерттеулерге сәйкес, қылмыстың алдын алатын фактор – түрмеге қамалу мүмкіндігі немесе қамалу жағдайларының ауырлығы емес, ал ұсталу ықтималдығы болып табылады екен¹⁷.

Мысалы, 149 елде ең ауыр қылмыстық жаза ретінде өлім жазасын алмастырған өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын қолдану 2000 жылдан 2015 жылға дейін 84 пайызға өсті. Сол жылғы статистика бойынша 479 000 тұтқын ресми түрде өмір бойына бас бостандығынан айырылды. Өлім жазасын бірте-бірте алып тастау бұл ұлғайтудың жалғыз себебі болмаған сияқты. Зерттеу¹⁸ сонымен қатар өмір бойына бас бостандығынан айырудың қылмыстардың кең ауқымына және ұзақ немесе белгісіз мерзімге, оның ішінде шартты түрде мерзімінен бұрын босатусыз өмір бойына бас бостандығынан айыруды қолдануды көрсетеді¹⁹.

2) Кемсітушілік пен теңсіздіктің күшеюі

Теңсіздік пен төмен әлеуметтік-экономикалық жағдай қылмыстың таралуына байланысты екені анықталды²⁰. Осылайша, бас бостандығынан айыру қоғамның кедейшілікте өмір сүретін немесе маргинализацияланған сегменттеріне пропорционалды түрде әсер етеді. Кейбір елдерде адамдар баспанасыз қалу немесе айыппұлдарды төлемеу сияқты кедейлікке тікелей байланысты факторлардың салдарынан бас бостандығынан айырылады. Кедейлік пен әлеуметтік аз қамтылғандар үшін әлеуметтік, медициналық және заңгерлік қызметтерге жеткіліксіз қолжетімділік «қылмысқа қарсы қатаң күреске» бағытталған саясатпен және кемсідудің жүйелі түрлерімен үйлескенде (мысалы, нәсіліне, этникалық тегіне немесе жы-

¹³ Indicator 16.3.2 (Unsentenced detainees as a proportion of the overall prison population) of target 16.3 (Promote the rule of law at the national and international levels and ensure access to justice for all) under Sustainable Development Goal 16 (Promote peaceful and inclusive societies for sustainable development, provide access to justice for all and build effective, accountable and inclusive institutions at all levels).

¹⁴ Any process in which the victim and the offender, and, where appropriate, any other individuals or community members affected by a crime, participate together actively in the resolution of matters arising from the crime, generally with the help of a facilitator (Economic and Social Council resolution 2002/12, annex, para. 2).

¹⁵ 14 Including, inter alia, mandatory minimum sentencing laws, an increase in longer sentences and changes in the eligibility for early release.

¹⁶ This concern also represents a challenge in the context of immigration detention in countries that rely on criminal law to enforce immigration statutes – a problem in itself that risks leading to arbitrary detention (International Organization for Migration (IOM), World Migration Report 2020 (Geneva, 2019)).

¹⁷ 16 Daniel S. Nagin, “Deterrence in the twenty-first century”, *Crime and Justice*, vol. 42, No. 1 (August 2013).

¹⁸ Dirk van Zyl Smit and Catherine Appleton, *Life Imprisonment: A Global Human Rights Analysis* (Cambridge, Massachusetts, Harvard University Press, 2019).

¹⁹ Life without parole is a criminal sentence that requires the serving of a lifelong sentence in prison without the possibility of parole. Life without parole means that the sentenced person will spend the rest of his or her life in prison, where he or she will eventually die.

²⁰ Tim Newburn, “Social disadvantage, crime, and punishment”, in *Social Advantage and Disadvantage*, Hartley Dean and Lucinda Platt (Oxford, Oxford University Press, 2016); Pablo Fajnzylber, Daniel Ledermann and Norman Loayza, “Inequality and violent crime”, *Journal of Law and Economics*, vol. 45, No. 1 (April 2002).

нысына негізделген), оның нәтижесі азшылықтар мен қамаудағылар арасында маргиналды топтардың көбеюіне әкеп соғады. Олардың көпшілігі жеңіл және зорлықсыз қылмыстар үшін айыпталған да болуы мүмкін. Түрмеде өткізілетін уақыт жұмыссыздықты, баспанасыздықты және кедейлікті күшейтеді, осылайша адамның қиыншылықтар мен азап өмір жағдайынан шыға алмауын күшейтеді.

«Құқық қорғау органдарының қызметкерлері қылмыстылықтың индикаторлары ретінде «кедейшілік», «үйсіздік» немесе «жағдайы төмен» дегенді жиі қолданатындықтан, кедейшілікте өмір сүретін адамдар қылмыстық сот төрелігі жүйесімен басқаларға қарағанда жиі қатынасқа түседі. Сондай-ақ олар осы жүйеге кіру немесе шығу кезінде айтарлықтай кедергілерге тап болады. Нәтижесінде, ең кедей және маргиналдардың пропорционалды емес саны қамаққа алынады, ұсталады және түрмеге жабылады²¹. Адамдар сонымен қатар, қоғамдық моральға қарсы немесе «имандылыққа қарсы қылмыстар» үшін түрмеге жабылуы мүмкін, олардың көпшілігі гейлер, бисексуалдар, трансгендерлер немесе интерсексуалдар²².

Балалар тек адамның бала ретіндегі мәртебесі негізінде («мәртебелік құқық бұзушылықтар» деп аталатын) немесе балаларды күту және қорғау қызметтеріне жүгінудің орнына заңмен тыйым салынған қылмыстық емес әрекеттер үшін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Көптеген елдерде қауымдастықтың және денсаулық сақтау мекемелерінің қолдауының болмауына байланысты психикалық ауруы немесе психоәлеуметтік бұзылыстары бар адамдар ешқандай құқық бұзушылық жасамаса да немесе қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін сотталмаса да, жиі қамауға алынады. Жоғарыда аталған себептер бойынша бас бостандығынан айыру халықаралық нормалар мен стандарттарды бұза отырып, негізсіз ұстау болып табылады²³. Есірткімен байланысты қылмыстар үшін сотталғандардың саны әлемдегі қамауға алынғандардың жалпы санының 18 пайызын құрайды деген мәлімет бар²⁴.

Әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктерді көрсете отырып²⁵, есірткі қылмысы үшін қамауға алынғандар көбінесе есірткіні пайдаланатын немесе есірткіге байланысты денсаулығында бұзылулары бар адамдар, есірткі курьерлері²⁶ немесе ұсақ саудагерлер сияқты төмен деңгейдегі қылмыскерлер болып табылады. Есірткі қылмыстары үшін бас бостандығынан айырылған әйелдердің үлесі (35 пайыз) ерлерге қарағанда (19 пайыз) жоғары²⁷, бұл гендерлік кемсітушіліктің, теңсіздіктің және зорлық-зомбылықтың қиылысатын нысандарын шешу қажеттігін көрсетеді²⁸. Көптеген елдерде есірткіге қатысты ұлттық заңдарда кішігірім құқықбұзушылық жасағандар үшін де бас бостандығынан айыру жазасының балама түрі қарастырылмаған, немесе олар өте шектелген. Сонымен қатар, қолда бар дәлелдемелер есірткіні қолдану бұзылыстарын емдеу және түрмелерде есірткіні қолданудың денсаулыққа теріс салдарын азайту үшін дәлелді бағдарламалардың жоқтығын көрсетеді²⁹. Дәлелдер сонымен қатар есірткіні қайта пайдалану қаупінің жоғарылауын және қамаудан босатылған кезде адамдар есірткімен артық дозалануын көрсетеді³⁰. Есірткі пайдаланумен байланысты денсаулық бұзылулары бар сотталғандарды емдеуге дәлелді араласулар болған кезде, олардың ауыруларының рецидиві мен рецидивизм қаупін азайтатыны көрсетілген³¹.

²¹ A/66/265, para. 65.

²² Such as adultery, homosexuality or the mere act of accessing sexual or reproductive health care.

²³ International Covenant on Civil and Political Rights, arts. 9, 11, 17, para. 1, and 18, para. 1; United Nations Standard Minimum Rules for the Treatment of Prisoners (the Nelson Mandela Rules), rule 109.

²⁴ World Drug Report 2016 (United Nations publication, 2016), pp. 101–102.

²⁵ World Drug Report 2020, booklet 5, Socioeconomic Characteristics and Drug Use Disorders (United Nations publication, 2020).

²⁶ Often referred to as “drug mules”; this term refers to people, often women, who agree to transport drugs within the borders of a country or from one country to another for small amounts of money.

²⁷ World Drug Report 2019, booklet 2, Global Overview of Drug Demand and Supply (United Nations publication, 2019).

²⁸ World Drug Report 2018, booklet 5, Women and Drugs: Drug Use, Drug Supply and Their Consequences (United Nations publication, 2018).

²⁹ World Drug Report 2019, booklet 2.

³⁰ Elizabeth L.C. Merrall and others, “Meta-analysis of drug-related deaths soon after release from prison”, *Addiction*, vol. 105, No. 9 (September 2010).

³¹ Amanda E. Perry and others, “Interventions for drugusing offenders with co-occurring mental health problems”, *Cochrane Database of Systematic Reviews*, No. 10, art. No. CD010901 (2019); Dominique de Andrade and others, “Substance use and recidivism outcomes for prison-based drug and alcohol interventions”, *Epidemiological Reviews*, vol. 40, No. 1 (May 2018).

Қамауға алынған әйелдер мен қыздардың ерекше табиғаты, мінезі және ерекше қажеттіліктері, әдетте елеусіз қалдырылады және түрмеде ұстаудың ерлерге арналған моделіне кіреді³². Бас бостандығынан айыру әйелдерге және олардың асырауындағы адамдарға қауіпсіздік, гендерлік зорлық-зомбылыққа, психикалық денсаулыққа және стигматизацияға ұшырау тұрғысынан әсіресе теріс әсер етеді. Осындай теріс әсер ішінара гендерлік аспектілерді ескермейтін түрмелерді басқару тәжірибесі мен реабилитациялау бағдарламалары салдарынан туындайды.

Қамаудың әсері сотталғандардың жеке бастарымен шектелмейді. Теңсіздік, кемсітушілік және қоғамнан оқшаулатуды үздіксіз жалғастыратын экономикалық жағдайы, бұзылған отбасылық байланыстары және стигматизация тұрғысынан мұны олардың отбасылары қатты сезінеді. Әсіресе, түрмеде отырған ата-аналардың балалары³³, соның ішінде бір ата-анасымен түрмеде уақытша тұруға рұқсат берілген балалар зардап шегеді. Зерттеулерге сүйенсек, қамаудағы қамқоршылардың балалары мінез-құлық, эмоционалдық және когнитивті проблемалардан зардап шегеді екен. Олардың ұрпақтан ұрпаққа қауіпті жүріс-тұрыспен қылмыстық сот төрелігі жүйесімен байланысты болудың қатыгез цикліне түсу ықтималдығы жоғары³⁴.

3) Түрмелерге адамдардың шектен тыс толуы

Түрмелерге адамдардың шектен тыс толуы адам құқықтарының, денсаулық пен қауіпсіздіктің жаһандық өткір дағдарысы болып табылады және түрмелердегі халықаралық минималды стандарттарды бұзудың негізгі себебі болып табылады. Бұл құбылыс дүние жүзіндегі мүше мемлекеттердің көпшілігіне (110 мүше мемлекет) әсер етуді жалғастыруда, 50-ден астам мүше мемлекеттер өздерінің ресми мүмкіндіктерінің 150 пайызынан астамын түрме қызметтерін пайдаланады³⁵. Көптеген түрмелерде адамдардың шектен тыс толып кеткені сонша, сотталушылар төсектерін бөлісуге, ауысыммен немесе бірінің үстіне бірі ұйықтауға немесе түнді тік тұрып өткізуге мәжбүр.

Дүние жүзінде түрмеге адам шектен тыс толуының басты себебі ретінде сотқа дейінгі қамауды шамадан тыс пайдалану аталды. Қамаудағылардың кінәсі сотпен дәлелденгенге дейін кінәсіз деп танылуы тиіс болса да, сотқа дейінгі қамауда ұстау жағдайлары көбінесе сотталғандардың жағдайларына қарағанда нашар. Атап айтқанда, олар нашар инфрақұрылыммен, нашар қызмет көрсетумен, түзеу бағдарламаларын нашар іске асырумен сипатталады. Түрмелердегі жоспарланған адам сыйымдылығының айтарлықтай асып кетуі тек орын жетіспеушілігінен ғана емес. Сондай-ақ тамақтану сапасына, санитария мен гигиенаға, медициналық көмекке, жұқпалы аурулардың таралу қарқынына, халықтың осал топтарына көмек көрсетуге, сотталғандардың физикалық және психикалық денсаулығына, олардың мазмұнды шаралар мен бағдарламаларға қол жеткізуіне айтарлықтай әсер етеді. Түрмеге адамдардың шектен тыс толуының жанжалды тудырады, зорлық-зомбылықты арттырады, түрме инфрақұрылымын бұзады және қауіпсіздік пен басқаруда үлкен проблемаларды тудырады. Адамдар шектен тыс толы түрмелердегі сотталғандарды қадағалау, қауіпсіздік және жіктеу схемаларының болмауы сотталғандарды қауіптілігі жоғары сотталғандардан немесе түрме бандыларынан қорғауға әрекет жасау қажеттілігіне әкелуі мүмкін, сонымен қатар радикализация мен зорлықтың қауіпті көзіне айналуы мүмкін. Бір сотталғанға шаққандағы түрмедегі қызметкерлер санының қысқаруы және қолайсыз еңбек жағдайлары қызметкерлердің жұмысына, көзқарасына және әл-ауқатына кері әсерін тигізді. Мұндай жағдайларда түрме қызметкерлері авторитарлы немесе теріс рөлге ие болуы мүмкін. Осылайша, түрмеге адамдардың шектен тыс толуы: түрмелерді адал басқару; сотталғандардың денсаулығын,

³² Prevention of torture and ill-treatment of women deprived of their liberty (CAT/OP/27/1).

³³ See A/74/136, chap. 10.

³⁴ Eric Martin, "Hidden consequences: the impact of incarceration on dependent children", National Institute of Justice Journal, No. 278 (2017); Adele D. Jones and Agnieszka E. Wainaina-Woźna, eds., Children of Prisoners: Interventions and Mitigations to Strengthen Mental Health (Huddersfield, United Kingdom, University of Huddersfield, 2013); Peter Scharff-Smith and Lucy Gampell, eds., Children of Imprisoned Parents (Copenhagen, Danish Institute for Human Rights, European Network for Children of Imprisoned Parents, University of Ulster and Bambinisenzasbarre, 2011).

³⁵ See footnote 6.

қауіпсіздігін және әл-ауқатын қамтамасыз ету; түрмелерде реабилитациялау режимін жүргізу; түрме қауіпсіздігін сақтаумен байланысты пенитенциарлық қызмет бетпе-бет кездесетін қиындықтарды еселейді.

4) Түрме әкімшілігі мен қызметкерлерінің жұмысына немқұрайлылығы мен билікті теріс пайдалануы

Бас бостандығынан айыру жазасы сотталғандардың барлық күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыруды түрме қызметтеріне тәуелді қылатын жағдайды тудырады. Осылайша, БҰҰ мүше мемлекеттер қамауға алынғандардың адам құқықтарын құрметтеуге, қорғауға және қолдауға жоғары жауапкершілікке және ерекше жауаптылыққа ие болып табылады³⁶. Түрмелердің жабық болуына байланысты қоғамдық бақылаудың маңызы зор. Көптеген мүше мемлекеттерде осы факторларға қарамастан, түрмелерді басқару және құқықбұзушылармен айналысу басымдыққа ие болмай тұр. Түрмелер әдетте ресурстарға мұқтаж және қамауға алынғандардың ең қарапайым өмірлік қажеттіліктерін қиыншылықпен қанағаттандырады. Сенімді түрме инфрақұрылымына техникалық қызмет көрсетуге, жөндеуге және салуға арналған бюджеттер жеткіліксіз немесе олар қауіпсіз, лайықты және сау түрме ортасын қалыптастыратын нақты деректерге негізделген жобаларды есепке алмайды.

Бұл жағдай, қабылдау кезінде сотталғандардың денсаулығының жалпы нашарлауымен және денсаулық сақтау мекемелерімен нашар байланысымен салдарынан ушығып, жиі өлім-жітім мен түрмедегі жұқпалы³⁷ және жұқпалы емес³⁸ аурулардың таралуына әкеледі. Бұл аурулар сотталғандарға, олардың отбасыларына, келушілерге және түрме қызметкерлеріне ғана әсер етіп қоймайды, сонымен қатар жалпы қоғамның денсаулығына қосымша салмақ түсіреді. Түрмелер әсіресе коронавирустық аурудан (COVID-19) қатты зардап шеккені және қазірде олардың таралуы мен індеттің жоғарылау қаупі бар екені таңқаларлық жайт емес. 2021 жылдың сәуір айындағы жағдай бойынша, 122 елде 538,000-нан астам қамауға алынғандардың коронавирусқа оң сынақтан өтті, олардың 3,900-і COVID-19-дан қайтыс болды³⁹. Сонымен қатар, кейбір елдердегі зерттеулер жалпы халықпен салыстырғанда қамауға алынғандардың коронавирусты жұқтыруы және COVID-19-дан өлуі жиірек екенін көрсетеді. Қамау орындарына салақтықпен қарау – басқару, қадағалау және есеп беру тетіктерінің сәйкессіздігі тәуекелдерін арттырады. Тіпті еркектерді әйелдерден, ересектерді балалардан, сотталғандарды сотқа дейінгі қамаудағылардан⁴⁰ бөліп ұстау сияқты базалық және негізгі талаптар да көптеген елдерде әрдайым сақтала бермейді.

Сонымен қатар, сотталғандардың заңгерлік кеңес алуына, сондай-ақ тәуелсіз тексеруші органдардың өкілдеріне қол жеткізуіне айтарлықтай кедергі болуы немесе қиындықтар болуы мүмкін. Қылмыстық сот төрелігі жүйесінде жұмыс істейтін басқа мемлекеттік қызметкерлерге қарағанда түрме қызметкерлері⁴¹ әдетте аз құрметке ие. Әдетте олардың жалақысы төмен, кәсіби дайындық пен мансаптық өсу мүмкіндіктері аз болып келеді. Бұл билікті кадрларды іріктеуде қиындықтар туғызып қана қоймай, олардың моральдық және еңбек өнімділігіне кері әсерін тигізеді. Жоғарыда аталған факторлардың барлығы түрмелерде азаптау, қатыгездік және басқа да адам құқықтарын бұзу қаупін арттырады. Кең таралған сыбайлас жемқорлық⁴² және қауіпсіздікті бұзу, оның ішінде қамауда жалғасып жатқан қылмыстық әрекеттер де түрменің сыртындағы қоғамға да тұрақсыздандыратын әсер етуі мүмкін.

³⁶ Reports of the United Nations High Commissioner for Human Rights on human rights in the administration of justice (A/HRC/42/20) and on human rights implications of overincarceration and overcrowding (A/HRC/30/19).

³⁷ Such as tuberculosis, hepatitis C, sexually transmitted infections and blood-borne diseases, including HIV.

³⁸ Including mental health and substance use disorders.

³⁹ Justice Project Pakistan, COVID-19 and Prisoners, “COVID-19: infected prisoners and deaths across the world”. Available at www.jpp.org.pk/covid19-prisoners/.

⁴⁰ International Covenant on Civil and Political Rights, art. 10; the Nelson Mandela Rules, rule 11.

⁴¹ Alison Liebling, David Price and Guy Shefer, *The Prison Officer*, 2nd ed. (London, Routledge, 2012).

⁴² United Nations Office on Drugs and Crime (UNODC), *Handbook on Anti-Corruption Measures in Prisons*, Criminal Justice Handbook Series (Vienna, 2017).

Қорытынды

Жеке мемлекеттерде мақтауға тұрарлық бастамалар мен прогреске қарамастан, дүние жүзіндегі түрме жүйелері әлі де түбегейлі проблемаларға тап болуда. Бұл проблемалар бас бостандығынан айырудың түпкілікті мақсатына, яғни қоғамды қылмыстан қорғау және сотталғандарды бостандыққа шыққаннан кейін оларды әлеуметтік реинтеграциялауға дайындау және оңалтуды қолдау арқылы қылмыстың қайталануының алдын алуға нұқсан келтіреді. Түрмеге адамдардың шектен тыс толуына, қамалғандарды ұстаудың нашар жағдайларға және түрме қызметіне мемлекет тарапынан немқұрайлылық танытуға байланысты түрмелер қылмыстық сот төрелігі жүйесінің әлсіз буыны болып табылады. Тиісті реформалар кезінде түрмелерге басымдық берілмейді.

Қоғамдық қауіпсіздікке, денсаулыққа және адам құқықтарына тигізетін салдары және осы көптен бері жиналған проблемаларға байланысты қаржылық және әлеуметтік-экономикалық шығындар да орасан зор. Түрмелерді басқару және құқықбұзушылармен айналысу Тұрақты дамудың әртүрлі мақсаттары⁴³ және олармен байланысты міндеттер мен көрсеткіштерге қол жеткізуге ықпал етеді⁴⁴. Жеткілікті ресурспен қамтамасыз етілген және жақсы басқарылатын түрме қызметі мен бас бостандығынан айырумен байланысты емес шараларға жауапты ұйымдар 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму күн тәртібін жүзеге асырудың маңызды факторы болып табылады. БҰҰ-ның «ешкімді артта қалдырмау» міндеттемесі қамауға алынғандарды кемсітуге және шеттетуге ұшырайтын ерекше осал және маргиналданған топ ретінде таниды⁴⁵.

Түрмелердің жабық сипатын және олардың тән қатыгездік пен зорлық қаупін ескере отырып, бір жағынан түрме қызметі, екінші жағынан сыртқы тәуелсіз органдардан тұратын, түрме қызметінің тұрақты мониторингі мен тексеруінің дуальды жүйесі азаптау мен қатыгездіктің алдын алу үшін қажет. Түрмелерде көрініс табатын көптеген проблемалар қылмыстық сот төрелігі жүйесіндегі, соның ішінде нәсілдік және гендерлік әділеттілік пен балаларға әділеттілікке қатысты жүйелі кемшіліктердің нәтижесі болып табылады. Реформалаудың тиімді және тұрақты әрекеттері – заңнамалық кемшіліктерді, процедуралық кемшіліктерді және заң үстемділігін қамтамасыз етудің физикалық инфрақұрылымындағы кемшіліктерді таба алатын; қамауға алумен байланысты емес шараларды қолдануға және сапалы заң көмегіне қол жеткізуге инвестиция жасайтын тұтас көзқарасты талап етеді. Қылмыстық сот төрелігі жүйесіндегі расизм пен нәсілдік кемсітушіліктің алдын алу және адам құқықтары туралы нормаларға⁴⁶ сәй олармен күресу стратегиялары түрмелерді басқарудың және құқықбұзушылармен айналысудың арнайы шараларын қамтуы керек.

COVID-19 пропорционалды емес әсері шамадан тыс жүктелген және нашар жабдықталған түрмелер дағдарысты жағдайға тап болғанда қандай күйге түсетінін көрсетті. Адамды бас бостандығынан айырумен байланысты проблемаларды шешу, сот төрелігі мен денсаулық сақтау секторлары арасындағы үйлестірудің жоқтығын ескеріп, түрмелердегі жағдайды «жақсы қалпына келтіру» әрекеттерінің негізгі бөлігі болуы керек. COVID-19-дан кейінгі өмірдің қалпына келуі қылмыстық сот төрелігі жүйелеріне өздерінің созылмалы кемшіліктерін жойып, пенитенциарлық жүйенің тұтас реформасын өткізуге маңызды мүмкіндік береді. Төтенше жағдай туралы бастамаларына сүйене отырып дүние жүзі

⁴³ In addition to Goal 16 (peace, justice and strong institutions) and Goal 10 (Reducing inequalities), these include Goal 1 (Ending poverty), Goal 2 (Ending hunger), Goal 3 (Good health and well-being), Goal 4 (Quality education), Goal 5 (Gender equality), Goal 6 (Clean water and sanitation) and Goal 8 (Decent work and economic growth).

⁴⁴ Including, in particular, target 16.3 (Promote the rule of law at the national and international levels and ensure equal access to justice for all) and its indicator 16.3.2. (Unsentenced detainees as a proportion of the overall prison population), as well as target 10.3 (Ensure equal opportunity and reduce inequalities of outcome, including by eliminating discriminatory laws, policies and practices and promoting appropriate legislation, policies and action in this regard) and its indicator 10.3.1 (Proportion of population reporting having personally felt discriminated against on the basis of a ground of discrimination prohibited under international human rights law).

⁴⁵ United Nations System Chief Executive Board for Coordination, *Leaving No One Behind: Equality and Non-discrimination at the Heart of Sustainable Development* (New York, 2017).

⁴⁶ António Guterres, Secretary-General, “The highest aspiration: a call to action for human rights” (February 2020).

бойынша кемінде 700,000 сотталғандарды босатқан мүше мемлекеттер⁴⁷, осы нәтижелерді тұрақты түрде толық жүзеге асыру үшін және түрмеде ұстауды шамадан тыс пайдалануды шұғыл түрде қайта қарастыру үшін бірлескен әрекеттер қажет.

Көп жағдайда қылмыскер әйелдер қоғамдық қауіпсіздікке айтарлықтай қауіп төндірмейді. Жүктілік немесе күтім жасау міндеттері сияқты олардың нақты жағдайларын ескере отырып, түрмеде ұстаудың гендерлі-сезімтал баламаларын ілгерілету үшін көбірек күш салу қажет. Түрмедегі сотталған және қамауға алынған әйелдердің ерекше жағдайлары мен қажеттіліктеріне жауап беруді, соның ішінде олар бетпе-бет кездесетін негізгі әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге бағытталған әлеуметтік реинтеграциялау стратегиялары арқылы күшейту керек. Түрмеде болуына қарамастан, қамауға алынғандар қоғамның мүшелері болып қала береді. Тиісінше, азаматтық қоғамды құрайтын ұйымдар қоғамда және түрмеде құқықбұзушылармен айналысуды қолдауда, қосымша көмек беру, мониторинг және реабилитациялау мен әлеуметтік реинтеграцияға бағытталған қызмет көрсету арқылы маңызды рөл атқаруы тиіс.

Саясаткерлердің қылмыстылыққа қатысты көзғарастарына қоғамдық пікір үлкен әсер етеді. Қылмыстық сот төрелігінің жазалаушылық саясатын негіздеу үшін қылмыскерлерге неғұрлым қатаң жазалар қолдануды талап ететін қоғамдық пікірлер жиі пайдаланылады. Алайда, ақпарат алмасуды және хабардарлықты арттыру арқылы бұл мәселелерді дұрыс түсінуге болады. Мұқият зерттеулер, деректер, бұқаралық ақпарат құралдары және қауымдастықтармен тығыз ынтымақтастық пенитенциарлық реформаға қоғамдық қолдаумен саяси ерікті қалыптастырудың кілті болып табылады. Түрмедегі проблемалар әсіресе қақтығыстарда, қақтығыстардан кейінгі және басқа дағдарыстық жағдайларда өткір болуы мүмкін; олар адам құқықтарының өрескел бұзылуына ғана емес, сонымен қатар түрмедегі тәртіпсіздіктерге, жаппай қашуға және зорлық экстремистік идеологияның таралу ықтималдығының артуына әкеледі. Қақтығыстардың қозғаушы күші бола тұра және қоғамның заң үстемдігі институттарына деген сеніміне нұқсан келтіріп, мұндай оқиғалар БҰҰ-ның бітімгершілік миссияларының бейбітшілікті тұрақтандыру және сақтау бойынша әрекеттеріне елеулі түрде нұқсан келтіреді. Сонымен қатар, қарулы топтарға қарсы тұру, конфликтілермен байланысты ауыр қылмыстардың алдын алу, мемлекеттік және мемлекеттік емес субъектілердің қылмыстық жауаптылығын қамтамасыз ету бойынша әрекеттер пенитенциарлық жүйелердің қалыпты жұмыс істеуін талап етеді.

Авторлар туралы мәліметтер

Құрманғали М.Ш. – заң ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Нархоз университеті.

Бисенова М.К. – заң ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті.

Құрманғали М.Ш. – кандидат юридических наук, Казахский Национальный университет им. аль-Фараби, университет Нархоз.

Бисенова М.К. – кандидат юридических наук, доцент, Казахский Национальный университет им. аль-Фараби.

Kurmangali M.Sh. – PhD in Law, al-Farabi Kazakh National University and Narхоз University.

Bissenova M.K. – PhD in Law, al-Farabi Kazakh National University.

⁴⁷ 46 United Nations Office on Drugs and Crime, COVID-19 Guidance Note: Emergency release mechanisms for detainees and prisoners during COVID-19: Findings and recommendations (Vienna, 2021).

Г.М. Атаханова¹, К.Ж. Агибаева¹, Ш.Д. Советхан²

¹әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы
²Қ.А. Яссауи атындағы университет, Түркістан, Қазақстан Республикасы

ЖАНУАРЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚАТЫГЕЗДІКТІҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада қылмыстық құқық пен криминалистиканың отандық теориясы тұрғысынан «жануарларға қатыгездікпен қарау» ұғымы қарастырылған. Мақалада авторлар Сот практикасын зерделеу негізінде жануарларға қатыгездік қылмысты дайындалмай және жасырмай жасалу мүмкіндігіне назар аударады. Сот практикасын жалпылау қолданылған құралдарға байланысты жануарларға қатыгездік жасау тәсілдерінің жіктелуін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: жануарларға қатыгездікпен қарау, жануарларға қатыгездікпен қарау әдісі, садизм, садистік әдістер, аса қатыгездік әдістер, қылмыс жасау тәсілі, қылмысқа дайындалу, жануарларға қарсы қатыгездікті алдын алу.

Вопросы профилактики жестокого обращения с животными

В статье рассматривается понятие «жестокое обращение с животными» с точки зрения отечественной теории уголовного права и криминалистики. В статье автор обращает внимание на возможность совершения жестокого обращения с животными без подготовки и сокрытия преступления на основе изучения судебной практики. Обобщение судебной практики позволяет сформировать классификацию способов жестокого обращения с животными в зависимости от используемых средств.

Ключевые слова: жестокое обращение с животными, метод жестокого обращения с животными, садизм, садистские методы, методы особой жестокости, способ совершения преступлений, подготовка к преступлению, профилактика жестокого обращения с животными.

Issues of prevention of cruelty to animals

The article examines the concept of «animal cruelty» from the point of view of the kazakh theory of criminal law and criminalistics. In the article, the author draws attention to the possibility of committing cruelty to animals without preparation and concealment of the crime based on the study of judicial practice. Generalization of judicial practice allows us to form a classification of methods of cruelty to animals depending on the means used.

Keywords: cruelty to animals, method of cruelty to animals, sadism, sadistic methods, methods of special cruelty, method of committing crimes, preparation for a crime, prevention of cruelty to animals.

Жануарларға деген қатыгездіктің сезімі азаматтардың, әсіресе жасөспірімдер мен жастардың бойында тіршілік иелерінің қиналуына, немқұрайлықпен қарау, тіпті одан лязаттану, қоршаған ортаны, мәдени материалдық құндылықтарды тағылықпен бүлдіру, адамдарға үстемдік жүргізуге құмарлық тәрізді сезімдердің қалыптасуына ықпал етеді. Мұндай сезімдерден қоғамға қауіпті әрекеттер туындағанда қылмысқа айналатыны белгілі. Осылайша қылмысқа ұласатын әрекеттерге қарсы тұру мемлекеттік маңызды мәселесі болып табылады.

ҚР ҚК-нің 316-бабы диспозициясында жануарға оның мертігуімен алып келген қатыгездікпен қарау үшін жауапкершілікті белгілейді, алайда қолданыстағы Қылмыстық

Кодекстің түсінігінде жануарларға қатыгездікпен қарау қылмысы сипаттамасында жете анықтамасы қарастырылмаған. Ғылыми еңбектерде талдау көрсеткендей, көптеген зерттеушілер «жануарларға қатыгездік» ұғымын қылмыстық- құқықтық мағынада субъект жасаған белгілі бір әрекеттерді және субъект жүзеге асырудан бас тартқан әрекеттерді тізімдеу әдісімен сипаттайды. Кейбір зерттеушілер бұл ұғымның анықтамасын біздің ойымызша оның мәнін көрсетпестен береді [1, 31]. Мысалы, С.Т. Иксатова мынадай анықтамасын келтіреді: «Жануарларға қатыгездікпен қарау деп – оларды сусыз, тамақ бермей, ерекше суық немесе ыстық жерлерге ұстау, ұрып соғу, олармен ғылымға негізделмеген тәжірибелер жасау, оларды азаптап өлтіру және т.б.» [2, 36].

«Жануарларға қатыгездік» ұғымын қылмыстық-құқықтық мағынада келесідей тұжырымдауға болады: жануарларға қатыгездікпен қарау дегеніміз – бұл бұзақылық немесе пайдакүнемдік ниетпен немесе аса қатыгездікпен әдістерді қолдана отырып, кәметке толмағандардың көзінше жасалған және олардың өліміне, жарақаттануына әкеп соқтырған объективті түрде мәжбүр етілмеген ауырсыну, физикалық азап».

ҚР ҚК-нің 316-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін қылмыс жасау тәсілін белгілеудің маңызы зор. ҚР Қылмыстық Кодексінде «қылмыстық іс жасау тәсілі» ұғымының анықтамасы жоқ, ал қылмыстық құқық ғылымында бұл мәселе бойынша көзқарастардың плюрализмі бар. Қарама-қайшылыққа бой алдырмай, ғылыми әдебиеттерде ұсынылған тұжырымдаманың заманауи анықтамаларының біріне тоқталайық. Қылмыстық іс-әрекетті жасау тәсілі – бұл іс-әрекет нысаны мен кінәлілік нысанына қарамастан, әрбір қылмысқа тән қылмыстық іс-әрекет құрамының бейтарап жағының факультативті белгісі, ол белгілі бір ретпен орындалатын нәтижеге қол жеткізуге бағытталған іс-қимыл немесе әдістер жүйесі болып табылады [3, 10].

ҚР ҚК-нің 316-бабын зерделеуге сүйене отырып, жануарларға қатыгездікпен қарау әдісі заңда аса қатыгездік әдістерді қолдана отырып, жануарларға қатыгездік жасауды қарастырғанына байланысты қылмыстық іс-әрекет құрамының факультативті белгісі ретінде әрекет етеді. Қатыгездікпен қарау белсенді әрекет түрінде, сондай-ақ, әрекетсіздік арқылы да жасалуы мүмкін. Арнайы әдебиеттерді зерттеу іс-әрекет түріндегі қатыгездіктің көрінісі әртүрлі әдістер мен формаларға ие екенін көрсетеді. Бұл жағдайда (жануарды ұрып-соғу; жануарды әртүрлі сайыстарға қолдану (иттерді төбелестіру сайысы мен әтештерді өзара төбелестіру сайысы) оған қатысушының өлуіне, не мертігуіне әкеліп соқтыру) әдістерге қарағанда (жарақат келтіру, дене мүшесін зақымдау, азаппен ұштасатын жаттығулар мен үйретулер, ғылымға негізделмеген тәжірибелер жасау, жаралы қарулар мен құралдарды пайдаланып адамгершілікке жатпайтын тәсілдермен аң аулау) формалар жиі аталады.

Арнайы әдебиеттерде «аса қатыгездік әдістер» ұғымын қалай түсіндіруге болатындығы туралы мәселе екі жақты шешіледі. Кейбір авторлар аса қатыгездік әдістерді жануарларды қорлаудың моральдық тұрғыдан қолайсыз әдістерін (от, химиялық заттар және т.б.) қолдану ретінде анықтайды. Басқа авторлардың пікірлерінше, аса қатыгездік әдістер ерекше, күрделі қатыгездікпен ерекшеленеді (мысалы, жануарды азаптап өлтіру, тірі жануардың терісін жырту, тірі жануарға от қою, жүйелі ұрып-соғу, от немесе газды әсер ету және т.б.). Үшінші авторлар жануарларға қатыгездік жасаудың аса қатыгездік әдістерін жануарларға зиян келтірудің ерекше қорлау әдісі ретінде қарастырады. Зерттеушілердің төртінші тобы жануарларға қатыгездікпен қараудың аса қатыгездік әдістері жануарларға ерекше азап әкелетін ауыр емдеу әдістерін білдіреді (ауыр өлтіру немесе өзін-өзі зақымдау, азаптау, тірі жану, тұншығу және т.б.). Авторлардың бесінші тобы жауыздық күнделікті тұжырымдамасына сілтеме жасай отырып қатыгездікке патологиялық жебе, басқа адамдардың қайғы қасіретінен ләззат алу, садистік әдістер арқылы жануарға ерекше ауыр, ұзаққа созылған ауырсынуды (тірі жануардың терісін жырту, оны тірідей отқа жағу, аяқ-қолдарын немесе дененің басқа бөліктерін кесу және азаптаудың ұқсас әдістері) камтиды деп санайды [4, 462].

ҚР ҚК-нің 54-бабының 1-бөлігінің 9-тармақшасына сәйкес, ауырлататын мән-жайлар ретінде садизмді көздейтінін атап өткен жөн. Кейбір заңгерлер мен сот психиатрлары бұл

жаңалықты даулы деп санайды, өйткені бұл терминнің бірнеше мағынасы бар. И.А. Кудрявцев пен Н.А. Ратинова атап өткендей, «садизм» термині екі мағынада қолданылады: арнайы, медициналық және күнделікті. Бірінші мағынада, бұл ұғым «жыныстық қатынас түрі – физикалық ауырсыну немесе жыныстық сезімді қанағаттандыру үшін басқа адамды өлтіру» ретінде анықталады [5, 40].

Сот психиатриясында садизм өз құрбанын азаптап, азаптап жатқан адамның жыныстық тәжірибесімен байланысты тәуелсіз психикалық бұзылыс ретінде қарастырылады. Жануарларға қатыгездіктің садизм әдістері тірі жануардың терісін сылу, оны тірідей отқа жағу, аяқ-қолдарын немесе дененің басқа бөліктерін кесу немесе ағзаның функцияларын жоғалту, химиялық заттардың әсерінен, жүйелі түрде ұрып-соғу, көптеген ұсақ жарақаттар келтіру, іліп қою, күйдіру, тұншықтыру, бөлшектеу және т.б. Осылайша, жануарларға қатыгездіктің садистік әдістері екі фактормен сипатталады объективті – жануарға әсіресе ұзақ және ауыр ауырсыну тудыру және субъективті – кінәлі жануардың азабын көруге ляззат алады.

Сот практикасын зерттеу көрсеткендей, 30% жағдайда жануарларға қатыгездік жасау кезінде садистік әдістер қолданылған. Айтылғандарды нақыт мысалдармен суреттейік:

«19.02.2010 ж. Сағат 08.00 шамасында М. Горький көшесіндегі Республика алаңының ауданына А.Г. Торопкин көшеге итімен бірге серуендеуге шықты. Сол ауданда азаматша Т.А. Бежелева иттерін серуендеп жүрді, жол бойында Т.А. Бежелеваның итін көріп, Торопкин «Даша-Джесси» есімді итіне қатысты бұзақылық әрекеттер жасауға бағытталған қылмыстық ниетін білдірді. Қоғамдық орында тұрғанын түсініп, қоғамдық тәртіпті бұза отырып, бұзақылық ниетпен А.Г. Торопкин иттің асқазанына себепсіз соққы беріп, содан кейін ол газ құтысынан оның бетіне сеуіп, осылайша, «Даша-Джесси» есімді итіне қарсы қатыгездік жасады. Торопкиннің қылмыстық әрекеттерінің нәтижесінде лабрадор ретривері: көздің қан тамыры қабығы мен құлақ қалқаны химиялық күйігін алды» [6, 1].

«Алдын ала тергеу органы Д.А. Рекк 2012 жылдың шілдесінде үйден өтіп бара жатып, «алабай» тұқымды итті көріп, жануарға қатыгездікпен қарауға бағытталған қылмыстық ниет білдірді деп айыпталды. Осы мақсатта Д.А. Рекк итті шақырып, қақпаны ашып, оны босатып, жағасын ұстап алып, «Интернациональный» ауылына алып кетіп, онда ол иттің өліміне әкеліп соқтырды. Содан кейін, Д.А. Рекк жануардың терісін сылып, тамаққа тұтынды. Өз әрекеттерімен Д.А. Рекк садистік әдістерді қолдана отырып, оның өліміне әкеп соқтырған жануарға қатыгездік жасады» [7, 1].

«Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласының № 2 соты ашық сот отырысында Р.Е. Құдобаевтың айыптауы бойынша қылмыстық істі қарады. Сонымен, Кривая көшесіндегі орналасқан № 54 үйдің жанынан өтіп бара жатып, Р.Е. Құдобаев Кривая көшесінде орналасқан № 54 үйдің аумағына барды, онда ол О.А. Мальцеваға тиесілі «Макс», «Линда» атты иттерді ұрып-соғуға бағытталған қылмыстық ниетін білдірді. Үйдің аумағында литовканы алып, садистік әдістерді қолдана отырып, Құдобаев үшін қауіп төндірмеген «Макс» және «Линда» атты иттерді ұрып-соғуға мәжбүр болды. Р.Е. Құдобаевтың қылмыстық әрекеттері, «Макс» атты итке бүкіл денеде кең гематомалар, бас сүйегі мен аяқ-қол сүйектерінің сынуы, көмей аймағында кесілген жаралар, жақтың бірнеше сынуы, көздері қағылды. «Макс» есімді ит бас сүйегінің кең сынуымен сол жерде қайтыс болды. «Линда» атты итке бастың, кеуде қуысының, арқа аймағының, жамбастың кең гематомалары келтірілді. Екі көз де сынған, екі жерде төменгі жақ сүйегі сынған, маңдай сүйегі сынған, кеуде қабырғасының сынуы, бас, кеуде, мойын аймағында кесілген жараларды алды. Келтірілген жарақаттар өмірге сәйкес келмеді» [8, 1].

«23.09.2012 жылы Зеренді ауылында Ансабаев Т.Ж. және Бурабаев алдын ала қылмыстық сөз байласып, Л.А. Алимоваға тиесілі күшікке қарсы жануарлардың өліміне әкеп соқтырған қатыгездікке бағытталған кенеттен пайда болған қылмыстық ниетті жүзеге асыра отырып, Л.А. Алимова мен оның жас қызы Алимованың көзінше күшіктің басын кесіп тастады. Бұл ретте Т.Ж. Ансабаев балтамен мойына соққы беріп, ал Ш.Р. Бурабаев күшікті ұстап тұрды» [9, 1].

Жануарлардың өліміне әкелетін қатыгездіктің кең таралған тәсілі – бұл жануардың әртүрлі беттерге (қабырғаларға, жерге, еденге және т.б.) қатты соғуы болып табылады.

Қазақстан Республикасында кейбір субъектілерінде жануарды өлтірудің мұндай тәсілі садистік деп саналса, ал басқаларында олай емес.

«2021 жылдың 30 мамырында Қарағандыда бұрын сотталған П мас күйінде, тұрғын үйдің кіреберісінде мысықты ұстап алып, оны темір есікке аса қатыгездікпен ұра бастады. Қылмыстық әрекеттердің нәтижесінде жануар сол жерде қайтыс болды».

Көрсетілген мысалда қылмыс жасау тәсілі садистік деп танылады. Алайда, келесі мысалда осындай әрекетті жасаудың әдісі садистік деп түсіндірілмейді:

«Қазақстан ПМ деректері бойынша 4 қазан күні сағат 22:00 шамасында Ақтауда 35 жастағы Д Ордабаев мас күйінде жануарға қатыгездікпен қарауға бағытталған қылмыстық ниет білдірді. Осы мақсатта Д Ордабаев аулада адамдардың көзінше мысықтың басына бірнеше рет секіре бастады. Д Ордабаев өзінің қылмыстық әрекеттерінің нәтижесінде садистік әдістерді қолдана отырып, ауыр жарақат алған жануарға қатыгездік жасады. Осындай қылмысты жасаған Д Ордабаевқа қатысты Ақтау қалалық соты 60 тәулікке дейін қоғамдық жұмыстарға тартты» [10, 1].

Тәжірибені зерттеу «садистік әдістер» терминің анықтау органдары екіұшты түсіндіретінін көрсетті. Ұқсас жағдайларда қылмыс жасаудың бірдей тәсілдері садистік деп бағалануы немесе танылмауы мүмкін.

Криминалистикада, қылмыстық құқықтық заңнамасына сәйкес, қылмыс жасау тәсілі туралы көптеген әртүрлі көзқарастар бар.

Бірқатар авторлардың пікірінше, бұл тұжырымдама қылмыстық жоспардың барлық кезеңдерін жүзеге асыру тәсілдерін, қылмыс жасаудың толық құрылымдық әдісі деп атайды (Р.С. Белкин, Э.Д. Куранова, Г.Г. Зуйков және т.б.). Басқа авторлар тергеу әдістемесінде қылмысты дайындау, жасау және жасыру тәсілдерін ажырату қажеттілігін негіздейді, себебі бұл әрекеттерді әр түрлі адамдар жасай алады және әртүрлі қылмыстық-құқықтық маңызы бар екенін атап көрсетеді (А.Н. Колесниченко). Үшінші көзқарасқа сәйкес, қылмысқа дайындалудың дербес тәсілдерін, қылмысты жасау тәсілі мен жасыру тәсілін «қылмыс тәсілі» интегралды тұжырымдамасының құрамдас бөлігі ретінде қарастыру қажет деп көрсетеді (Б.Н. Коврижных, А.Л. Дудников).

Бұл мәселеде терминологиялық түсініксіздіктен құтылу үшін «қылмыс тәсілі» терминің криминалистикалық мақсатта қолдану туралы ұсынысты қолдау қажет. Бұл мәселені шешудің практикалық маңызы бар, өйткені қылмыстың белгілі бір әдісінің құрылымын құру тергеуге оның іздерін, олардың арасындағы қатынастарды неғұрлым толық анықтауға, қатысы бар адамдарды анықтауға, олардың жауапкершілігін саралауға мүмкіндік береді, сондай-ақ, бұл қылмысты толық және объективті түрде ашуға мүмкіндік береді [11, 36].

Криминалистердің көпшілігі қылмыс жасау тәсілі туралы криминалистикалық тұжырымдаманың мазмұнына оны анықтайтын объективті және субъективті факторларды қосады. Қылмыс жасау тәсілінің ең толық анықтамаларының бірі келесідей: «жеке тұлғаның объективті факторлары мен психофизикалық қасиеттерімен анықталған, құралдарды факультативті қолданумен және қылмыстық әрекеттің интегралды құрылымын анықтайтын орын, уақыт және басқа жағдайларын қолданумен байланысты мақсатты әрекеттердің сайлау кешені» [12, 15].

Криминалистикада алдын-ала қарау әдісі болашақ дәлелдердің пайда болуының табиғи мүмкіндіктерінің бірі болып табылады. Қылмыс туралы ақпаратты оның нақты тәсілінің объективті арқылы қарастыру қажет, бұл дәлелдемелерді анықтау, бекіту, алу, пайдалану құралдары, әдістері мен тәсілдерін, тергеуге қатысты нақты ұсыныстарды әзірлеуге мүмкіндік береді [13, 45].

Криминалистикадағы қылмыс тәсілінің құрылымы құбылмалы категория болып табылады [14, 39]. М.С. Уткиннің қылмыс жасаудың барлық тәсілдерін: 1) қылмыстарды дайындауды, жасауды және жасыруды қамтитын толық құрылымды (неғұрлым білікті); 2) біліктілігі төмен (бірінші типтегі келте): қылмыстар жасау және жасыру; 3) біліктілігі төмен

(екінші типтегі келте): қылмыстар жасау және жасыру; 4) тек қана қылмыс жасау жөніндегі ц тұратын біліктілігі жоқ (оңайлатылған) деп қарастырды [15, 213].

А.Л. Дудниковтың бұл классификацияның толық остігі туралы ескертуі әділетті, өйткені онда тек қылмыс жасауға дайындық әрекеттерін қамтитын әдістер тобы жоқ [11, 36].

Осы жіктеуге сүйене отырып, жануарларға қатыгездік жасау әдісіне қатысты жоғарыда айтылған ескертулерді ескере отырып, мыналарды атап өтуге болады: 98% жағдайда қылмыстың біліктілігі жоқ әдісі бар, яғни қылмыс жасау әрекеттерінен тұрады; 2% жағдайда бесіншіден басқа қылмыс тәсілдерінің барлық басқа түрлері, жануарларға қатыгездікпен қарауға оған дайындық әрекеттер кіреді.

ҚР ҚК-нің 24-бабының 2-тармағына сәйкес, жануарларға қатыгездікпен қарауға дайындалған үшін қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырмайды [16, 1].

Сондай-ақ, қылмыс тәсілінің ерекше криминалистикалық маңыздылығы қылмыстың әр түрі үшін қылмыс тәсілдерінің өзіндік жүйелі жиынтығы бар екенін атап өткен жөн [14, 39].

Қолданыстағы қылмыс жасау құралына байланысты жануарларға қатыгездік жасау тәсілдері келесідей бөлінеді:

1. Механикалық:

- жануардың өмірлік маңызды мүшелеріне доғал, шаншыпкесетін, кескіш, шапқыш, кесі құралдарымен механикалық зақым келтіру;
- атыс қаруынан;
- жануардың әртүрлі беттерге күшпен соғуы;
- биіктіктен түсіру;
- басқа жануарларды пайдалану.

2. Асфиксия:

- жануардың жоғарғы тыныс жолдарының қолымен, қабығымен, ілмегімен жабылуы;
- суға бату;
- тірідей көму;
- өкпенің механикалық қысылуы.

3. Химиялық;

4. Электр тогын қолдану;

5. Отты қолдану;

6. Жануарды физикалық кернеуге дейін жеткізу;

7. Аралас:

- жануарды тұншықтыру және механикалық зақым келтіру;
- жануарды тұншықтыру және электр тогын пайдалану;
- жануарға электр тогымен зақым келтіру және оны суға батыру.

Жоғарыда аталған жағдайларда жануарлардың өлімі орын алады.

Криминалистикада қылмыс жасау тәсілі қылмыстардың сериясын анықтау мәселесін шешуде маңызды рөл атқарады.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасы ҚК-тің 316-бабының жай диспозициясын сипаттамалы диспозицияға ауыстыру қажеттілігі туындап отыр. Атап айтқанда, қылмыстың белгілерін, объективтік жағын, субъектісін, субъективтік жағын сипаттайтын мәтінді айқындай түсіп, мазмұнын ашу керек. Жоғарыда айтылғандардан жануарларға қатыгездік жасау әдісі туралы ақпарат қылмысты дұрыс анықтау үшін де, жануарларға қатыгездікті ашу және тергеу бойынша нұсқаулық әзірлеу үшін де маңызды деп қорытынды жасауға болады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Лобов И. Ответственность за жестокое обращение с животными / И. Лобов // Уголовное право. – 2000.- №.2. – С. 31-32.
2. Иксатова С.Т. Адамгершілікке қарсы жасалатын қылмыстардың түрлері: оқу құралы / Павлодар, 2007. – 135 б.

3. Якубович О.Р. Способ совершения преступления и его уголовно-правовое значение: автореф.... дис. канд. юрид. наук: 12.00.08 / О.Р. Якубович. – М., 2004. – 33б.
4. Шергина К.Ф. Гл. 12. Преступления против здоровья населения и общественной нравственности / К.Ф. Шергина // Уголовное право. Особенная часть : учебник / под ред. Н.И. Ветрова, Ю.И. Ляпунова. – М: Новый Юрист, 1988. – 768 б.
5. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / отв. ред. И.И. Рогов, Г.И. Баймурзин. – М: Жеті Жарғы, 2000. – 816 б.
6. Приговор по делу №1-1036/2010 от 28.07.2010 года Восточно-Казахстанский областной суд. 7 б.
7. Приговор по делу №1А-32/2013 от 29.12.2012 года Суд города Астаны. 6 б.
8. Приговор по делу №1-732/2010 от 24.05.2010 года Восточно-Казахстанский областной суд. 15 б.
9. Приговор по делу №1А-119/2012 от 13.02.2012 года Северо-Казахстанский областной суд. 5 б.
10. Приговор по делу в отношении Д., от 07.10.2022 года Актауский городской суд. 8 б.
11. Дудников А.Л. Криминалистическое понятие «способ преступления» / А.Л. Дудников // Проблемы законности. – 2012. - №120. – С. 232-242.
12. Великородный П.Г. Идентификационное исследование способа совершения преступления в целях поиска преступника / П.Г. Великородный. – Астархань: Астрах. гос. техн. ун-т, 2001.- 142 с.
13. Крестовников О.А. Механизм и способ преступления в составе расследуемого события / О.А. Крестовников // Юридические записки. – 2013. - №2. – С. 106-112.
14. Князьков А.С. Криминалистическая характеристика преступления в контексте его способа и механизма / А.С. Князьков // Вестник Томского государственного университета. 2011. - №1. – С. 51-64.
15. Белкин Р.С. Криминалистика: проблемы, тенденции, перспективы. От теории к практике. – М.: Юрид. лит., 1988. – 304 б.
16. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ. <https://online.zakon.kz/m/amp/lawyer> (жүктеу мерзімі: 14.12.2022).

Авторлар туралы мәліметтер

Атаханова Г.М. – з.ғ.к., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.
Агибаева К.Ж. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің магистранты.
Советхан Ш.Д. – Қ.А. Яссауи атындағы университеттің оқытушысы.

Атаханова Г.М. – к.ю.н., профессор КазНУ имени аль-Фараби.
Агибаева К.Ж. – магистрант КазНУ имени аль-Фараби.
Советхан Ш.Д. – преподаватель университета им. К.А.Яссави.

Atakhanova G.M. – Candidate of Law, Professor of Al-Farabi Kazakh National University.
Agibayeva K.Zh. – Master's student of Al-Farabi Kazakh National University.
Sovetkhan Sh.D. – is a lecturer at the K.A. Yassavi University.

О.Н. Тлепбергенов¹, Т.А. Рахметова¹

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

ҰЛТТЫҚ САНАНЫ САУЫҚТЫРУ МЕН ҚЫЛМЫСТАН САҚТАНДЫРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЙЛАНЫСЫ

Ұсынылып отырған мақалада Қазақстан Республикасындағы қазіргі заманғы қылмыстық-құқықтық жағдайға талдау жасалады және қылмыстық-құқықтық саясаттың тиімділігін арттыру мәселелері қарастырылады. Қоғам мен мемлекет дамуының қазіргі кезеңінде қылмыстық-құқықтық саясат мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады, оны іске асырудың тиімділігіне халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасы тәуелді болады; қылмыстық-құқықтық саясаттағы гуманизм қағидаты қылмыстық заңнаманың репрессивтілігін төмендетуді көздейді; соңғы жылдары Қазақстанда қылмыстық заңнаманы жетілдіру және оның репрессивтілігін төмендету, сондай-ақ құқық қолдану практикасын жетілдіру жөнінде бірқатар шаралар қабылданды; құқық қолдану практикасының табыстылығына кедергі келтіретін факторлардың бірі заңнаманың тұрақсыздығы болып табылады; қылмыстық саясаттың тиімділігіне оң әсер ететін қағидаттарына ғылыми және жоспарлы қағидаттар жатқыза аламыз.

Соңғы жылдардағы статистика материалдарының негізінде жүзеге асырылып жатқан қылмыстық саясаттың белгілі бір реформалары қылмыстың тұрақты қысқаруына әкелмегені көрсетілген. Автор асырылып жатқан қылмыстық саясаттың тиімділігін арттыру жолдарын қылмыстық саясаттың ғылыми қағидаттарын сақтауда, құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын басым қолдануда; жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылықтың бұлтартпастығы қағидатын сақтау және профилактикалық қызметті мөлшерлес қаржыландыру арқылы алдын алу шараларының тиімділігін арттыруда; қылмыстық істерді сотқа дейінгі тергеп-тексерудің сапасын жоғарлату, тұрақсыздықты жою жөнінде шаралар қабылдауда көреді.

Түйінді сөздер: қылмыстық-құқықтық сана, ұлттық психология, тұлға, қазақ билері, қылмыстылықпен күрес.

Правовая связь между оздоровлением национального сознания и предупреждения преступности

Уголовно-правовое сознание – означает наш взгляд на уголовно-правовые отношения и субъекты правовой политики, необходимые мнения, соображения по отношению к преступлению и борьбе с ним, положительно влияющие необходимости и данная профессиональная и общественная оценка совершенному преступлению через правовое сознание. Основа правовой политики, пути ее формирования берет истоки с бытия человека, истоков идеологии, социологии, философии. Личность и личностные качества независимого человека в формировании правовой политики, правового общества и правовой ситуации создают его единый человеческий облик, таким образом, человек адаптируется понятие общество. производственных отношений. Правовая политика Казахстана в качестве правового государства – комплексная совокупность привычных методов и противоречий ведущих европейских дореволюционных и советских правовых политик, учитывавших важные особенности, взаимные противоречия, охвативших особенности свойственные ей способы и особенности двух конкурентных систем (социализм и капитализм), государственно заинтересованных действий непрерывного развития.

Политика страхования от преступности – это выражение социальных отношений, приобретших политическое значение. Поэтому социальная сущность действий и деятельности специальных субъектов в системе уголовной политики нуждается в полномасштабном обсуждении. Социальная сущность уголовной политики-это многогранный характер деятельности, осуществляемой на основе прав

и обязанностей, интересов и целей государства и общества. Любое социально-правовое отношение не составляет предмет уголовной политики – если оно составляет: в основе этих отношений должны лежать политико-правовые связи. Правовая природа отношений в сфере уголовной политики находит отражение только в нормах права.

Ключевые слова: уголовно-правовое сознание, национальная психология, личность, казахские биы, борьба с преступностью.

The legal link between the rehabilitation of the national consciousness and crime prevention

The proposed article analyzes the current criminal law situation in the Republic of Kazakhstan and raises the problems of improving the effectiveness of Criminal Law Policy. At the current stage of development of society and the state, criminal law policy is one of the main directions of state policy, the effectiveness of which depends on the well-being and quality of life of the population; the principle of humanism in criminal law policy provides for reducing the repressiveness of criminal legislation; in recent years, Kazakhstan has taken several measures to improve criminal legislation and reduce its repressiveness, as well as improve law enforcement practice; one of the factors hindering the success of law enforcement practice is the instability of legislation; the principles of which have a positive impact on the effectiveness of Criminal Policy include scientific and planned principles.

Based on the statistical materials of recent years, it is shown that certain reforms of Criminal Policy carried out did not lead to a steady reduction in crime. The author considers ways to improve the effectiveness of the ongoing criminal policy in compliance with the scientific principles of Criminal Policy, Priority Application of measures to prevent offenses; compliance with the principle of inevitability of responsibility for the committed criminal offense and increasing the effectiveness of preventive measures through proportionate financing of preventive activities; he sees criminal cases in taking measures to improve the quality of pre-trial investigation, eliminate instability.

Keywords: criminal-legal consciousness, national psychology, person, Kazakh biys, fight against crime.

Бұл мақала қылмыстық саясаттың негізіне, оның жасалу жолдары – философиясының, әлеуметтануы мен идеологиясына негізделген. Қылмыстық құқықтық қатынас пен қылмыстық саясат қатысушыларының қылмысқа және қылмыспен күреске деген қажетті пайымдалуларды, тұжырымдарды, позитивті мұқтаждықтары және орын алған қылмысқа құқықтық таным арқылы берілгер кәсіби де қоғамдық баға деп түсінеміз. Еліміздің қылмыстық саясаттың дамуының негізгі бағыттары – қоғам мүшелерінің негізгі құқықтары және бостандықтарын, мүдделерін қорғау жолынды қызметтің үрдісінен көрініс табады. Осы жерде теория және практиканың қарама-қайшы тұстары прогресстің үрдісінің бағыттарын тежеп отырғандығы белгілі.

Қылмыстан сақтандыру саясаты – қоғамдық қатынастардың саяси сипатқа ия көрінісі болып табылады. Сол себептенде қылмыстық саясат жүйесінде арнайы субъектілердің әрекетін және қызметінің қоғамдық мағынасын толықтай қарастыруды қажетті. Қылмыстық саясаттың қоғамдық мәні ретінде мемлекет пен социумның құқықтары және міндеттері, мүдделері және мақсаттары негізінде жүзеге асырылатын қылмыстың сипаты қарастырылады. Қылмыстық саясат пәнін кез келген қоғамдық-құқықтық қатынас құрай алмайды, егерде құрай алатын болса: - бұл қатынастардың фундаментінде саяси-құқықтар байланыстар болуы тиіс. Заң нормалары арқылы ғана қылмыстық саясаты қатынастарының құқықтық табиғаты айқын түрде көрініс табады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті өзінің 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына «қазақстандықтардың әл-ауқатының жоғары қарай өсуі: табыс және тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында «қауіпсіздік өмір сапасының ажырамас бөлігі болып табылатынын» атап көрсеткен болатын [1].

Қылмысқа қарсы іс-қимылға бағытталған қылмыстық саясат біздің қоғамдағы өмір қауіпсіздігін арттырады, халықтың өмір сүру сапасын жақсартады және сол арқылы мемлекеттің әлеуметтік саясатының бір бөлігі болады.

Мемлекеттік қылмыстық заңнама мен аталмыш заңнаманы қолданудың практикасын жетілдіре түсу жолымен қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы тұруға бағытталған әрекеттерді жоспарлау, сондай-ақ оны іске асыра білу қылмыстық саясат бағыттарының бірі болып табылады.

Қылмыстық-құқықтық саясаттың сәттілігі көбінесе оны қалыптастыратын принциптерге байланысты, олардың бірі гуманизм принципі болып табылады.

Соңғы сегіз жыл ішінде қылмыстық заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды талдау олардың көпшілігі қылмыстық заңнаманың репрессивтілігін төмендетуге және жазаларды жеңілдетуге бағытталғанын көрсетеді.

Біз қылмыстық-құқықтық санаға деген көзқарасымызды – қылмыстық-құқықтық қатынастар мен қылмыстық саясат субъектілерін кәсіби және қоғамдық бағалау, құқықтық сана арқылы қылмысқа және оған қарсы күреске қатысты қажетті пікірлермен, пайымдаулармен, оң қажеттіліктермен көрініс тапқан деп табамыз. Қылмыстық-құқықтық санаға деген көзқарасымызды – қылмыстық-құқықтық қатынастар мен қылмыстық саясат субъектілерінің құқықтық санасында қылмысқа және осы қылмысқа қарсы күреске қатысты көрсетілген кәсіби, сондай-ақ қоғамдық бағалауды деп көрсетеміз. Бұл тұжырымымыз бізге қылмыстан сақтандыруға байланысты келесідей тұжырым жасауымызға негіз болды:

- құқықтық қатынастарға қатысушылардың, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің жеке қасиеттері, сондай-ақ олардың біліктілігі, патриотизмі, мемлекеттік қызметті және оған жүктелген міндеттердің жауапкершілігін сезінуі-тек мемлекеттік міндет қана емес, сонымен қатар құқықтық қажеттілік;

- адам және азамат, сондай-ақ тұлға қылмыстан сақтандыру қызметіндегі қылмыстық саясаттың маңызды субъективтік факторы болып табылады. Индивид социумның аса өзекті мәселесіне сауапты да кәсіби көзқарас білдіре алатын, тынымсыз ізденумен қайтпас талпыныстың еңбегінің арқасында қоғамдық ортада өзіне тән ерекше рөлді иеленген жаратылыс.

- құқықтық идеологияны, құқықтық психологияны қоғамдық сананың құрамдас элементтері ретінде қалыптастыру және қарастыру тәртібі, сондай-ақ қылмыстық саясатқа қатысушылардың саяси шешімдері мен іс-әрекеттері қылмыстық саясаттың субъективтік факторларының және жеке тұлғаның рухани бейнесінің негізгі ерекшеліктерін көрсетеді [2].

Еліміздің қылмыстық саясаты тарихында қазақ билері қылмыстық саясаттың өзіне тән негізінің авторлары екендігі айдан анық. Мал ұрлығы және жесір дауы, сондай-ақ жер дауы секілді өзгеде мәселелер билердің қатысуымен және бастамашылығымен өз шешімдерін тұрақты да сауатты тауып отырған. Халқымыздың ерекше тұлғалар қатарына ұлы дана билеріміз және шешендеріміз өздерінің ерекше қасиеттерінің арқасында жатқандығын білеміз. Осы ерекше қасиет көптеген елдерде сирек кездеседі, ол ерекше қасиет - елді өзінің сөзіне құлақ астыра біліп, шұғыл мәселеге жедел шешімдер қабылдай білуі. Дәл осы қасиет тән қазақ билері көп екендігін білеміз, мысалыға Мәнді би, Оңқай би, Елсау би, Майқы би тәрізді ғұлама билердің құқықтық ойларының мұралары бүгінге дейін келіп жетті [3].

Құқықтық нормалардың мәніне ұлттық психология және ұлттық құқықтық сананың дағдылары мен әдеп-ғұрыптары ерекше серпін беріп отырғаны жасырын емес. Қазақ билері сотының тамаша прецеденттері және ұлы дала заңының өркениеттіліктің талаптарынан алыс еместігін, есесіне мәндес және мазмұндас екендігін негіздеуде қазақ заңгерлерінің еңбектері мен мұраларының құндылығы мәңгілік болып табылды. Құқықтық қатынастар және қылмыстық саясат қатысушыларының қажеттегілік деңгейі мен қажеттіліктері және мүддесі адамның құқықтық санасына бағынышты. Құқықтық сана – бұл Қазақстан Республикасының азаматтарының жалпы құқықтық мәртебесіне қатысты азаматтық және идеологиялық, сондай-ақ құқықтық пайымдаулар, көпвекторлы көзқарастар, тұжырымдар, ішкі бағалау жүйесі санасының бір түрі. Қоғамдағы демократиялық құндылықтарды түсінуді және барлық жариялылыққа негізделген бағыттағы үдерістерді жеделдетуді, жалпы барлық қоғамды демократияландыруды қоғамдық әділеттілік қағидасының негізінде жүргізуді құқықтық сананың жоғары болуы қамтамасыз етеді.

Ендігіде зерттеудің көрсетілген аспектілерінен қылмыстық саясаттың мазмұнын бекітетін объективтік фактор мен субъективтік фактордың негіздеріне тоқталып өтейік.

Қазіргі таңда қылмыстық саясаттың объективтік және субъективтік факторы болып адам мәселесі, оның дамуы мен мінез-құлқы және әлеуметтену білуі мен дүниетанымы қарастырылады. Адам болмысынан қылмыстық саясаттың негізі мен оның жасалу жолдарынан философия, әлеуметтану мен идеология негізі бастау алады. Адамның болмысы мен адамгершілігі тұлғаның келбетін қалыптастырады, сонан соң адам әлеуметтену бастайды. Адамның дінге көзқарасы мемлекеттің зайырлы немесе зайырлы болмауына қарамастан үлкен роль атқарады. Құқықтық экономика мен саясаттың нысанын қоғамдық өмірдің субъективтік және объективтік факторлардың ұғымы мен қолданыла білуі үлгілейді. Дәлел келтіретін болсақ, англо-саксондық құқықтық семьяның сот прецеденттері, романо-германдық семьяның классикалық құқықтық нормалары Еуропа елдерінің құқықтық жүйесінің, әлі күнге құрамдас элементтері екендігі айқын екендігі белгілі. Еліміз құқықтық мемлекет тұрғысынан қалыптасу процесінде қылмыстық саясатымыз жеке-дара тәуелсіз ұғымға және көптеген аспектілерге ие болды. Еліміздің мемлекеттігінің дамуы құқықтық қалыптасуымен тұстас, себебі әлеуметтік-экономикалық формациялар мен өндірістің дамуының табиғи сатылары мемлекет және құқықтық табиғи сатыларына сәйкес келеді. Қазірге таңда еліміз Ата Заң бойынша зайырлы мемлекет, сондықтан да еліміздің қылмыстық саясаты Еуропаның мемлекеттерінің революцияға дейінгі және КСРО-ның қылмыстық саясатының әдістерінің негативті жақтарын ескере отырып, жетістіктері мен жаңашылдықтарын сіңіре білген, жалпылама айтқанда еліміз либералдық және коммунистік тәжірибе ескерілген күрделі де кешенді жиын деп атасақ болады. Қазіргі таңда мемлекетіміздің қылмыстық саясатының объективтік сипатын осылайша ұсынамыз:

- Қылмыстық саясаттың прогресі - қоғамдағы сенімділікке, нақтырақ айтатын болсақ экономика мен саясаттың, өндіріс пен саяси қатынастардың дамуына тікелей бағынышты болып келеді;

- Қазақстан Республикасының әлеуметтік жүйесіндегі қылмыстық саясаты әртүрлі сатысында қылмыстық саясаттың жалғасы болғанымен де, қоғам дамуының жаңа заңдылықтарымен қайта қаралған және толықтырылған қылмыстық саясаттың жаңа түрі болып есептеледі;

- Қазақстандағы қылмыстық саясатты дамытудағы негізгі үрдістер қоғам мүшелерінің негізгі құқықтары мен бостандықтары мен мүдделерін қорғау процесі болып табылады. Теория мен практиканың қайшылықтары даму тенденцияларын бәсеңдететіні ешкімге құпия емес;

- Ұлы дала заңының дәстүрлі нұсқалары және дана билердің әділ шешімдері және шетелдік нұсқалардың позитивті тәжірибелері Қазақстандық қылмыстық саясаттың ұлттық және өркениетті негіздері.

